



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

# «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының 2025 жылы

## АТҚАРҒАН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Әр балаға - құзыретті шабыттандырушы педагог

Компетентный вдохновляющий педагог - каждому ребенку

A competent and inspiring teacher for every child



Астана, 2025



# МАЗМҰНЫ

<b>ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ - 2025</b> .....	8
<b>I. НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР</b> .....	14
1.1. Орталықтың деректемелік бағдары .....	16
1.2. Ұйымдық құрылым .....	17
1.3. Оқытушылардың/тренерлердің кәсіби дамуы .....	21
<b>II. «ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ</b> .....	24
2.1. Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету .....	26
2.2. Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру .....	27
2.3. Жаңа құзыреттерді енгізу кезеңінде педагогтерге кәсіби қолдау көрсету .....	44
2.4. Әдістемелік басылымдар – педагогтерге кәсіби қолдау көрсететін ресурс көзі .....	48
<b>III. «ҰСТАЗ» ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУ ҰЛТТЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ</b> .....	50
3.1. Педагогтерді аттестаттау жүйесіндегі цифрлық платформа .....	52
3.2. Цифрлық платформа арқылы педагогтерді аттестаттау рәсімін ұйымдастыру .....	53
<b>IV. ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҮЗДІКСІЗ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ</b> .....	60
4.1. DIGITAL ORLEU цифрлық экожүйесі .....	62
4.2. IT-инфрақұрылымның ақпараттық қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ету .....	64
4.3. Зияткерлік экожүйені дамыту және жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді енгізу .....	66
<b>V. ЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ - ПЕДАГОГТЕРГЕ САРАЛАНҒАН ҚОЛДАУ</b> .....	68
5.1. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы .....	70
5.2. «943 - елдің нысаналы мектептерін дамыту» жобасы .....	74
5.3. «Ауылдық және шағын жинақты мектептерге қолдау көрсету» жобасы .....	79
5.4. «Шетелдегі мектептерде қазақ тілінде білім беруді жүзеге асыратын педагогтерге кәсіби қолдау көрсету» жобасы .....	83
5.5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Қаржылық сауаттылық негіздері» жобасы .....	84
<b>VI. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ</b> .....	90
6.1. Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясындағы жобалар .....	92
6.2. Жарияланымдық және ғылыми-әдістемелік әрекеттер .....	94
6.3. Халықаралық/республикалық ғылыми-тәжірибелік және білім беру-әдістемелік іс-шараларды ұйымдастыру .....	95
6.4. Филиалдар мен өкілдіктердің зерттеу қызметі: өңірлік контекст .....	97
<b>VII. ПЕДАГОГТІҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТЫ</b> .....	98
7.1. Педагогтердің көшбасшылық институтын дамыту .....	100
7.2. Педагогтердің әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту .....	101
7.3. Педагогтердің ментальды денсаулығы мен әл-ауқатын жақсарту .....	103
<b>VIII. Педагогтердің кәсіби қауымдастығын дамыту</b> .....	106
8.1. «Білім келешегі: Адал азамат, кәсіби маман» педагогтердің Республикалық Тамыз конференциясы .....	108
8.2. «Педагогикалық идеялар панорамасы - 2025» Республикалық конкурсы .....	110
8.3. «Orleu ThinkSpace» сараптамалық алаңы .....	113
<b>IX. ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ</b> .....	114
<b>Қосымшалар</b> .....	118



## ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.К.Тоқаевтың сөйлеген сөздерінен

- «Білім сапасын көтеру үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Бұл, алдымен, мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты мәселелер» (ҚР педагогтерінің Тамыз конференциясы, 2019).
- «Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс» (Қазақстан халқына Жолдау, 2021).
- «Білім берудегі прогрестің қозғаушы күші - өз ісіне берілген педагогтер. Сондықтан балабақшаларды емес, тәрбиешілерді аттестаттау керек» (Қазақстан халқына Жолдау, 2022).
- «Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыра беруіміз керек. Алайда мұғалімдердің, директорлардың және педагогикалық оқу орындары түлектерінің көпшілігі Ұлттық біліктілік емтиханынан өте алмады. Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды. Бәлкім, оны жеңілдету, жетілдіру керек шығар. Бұл салада қатып қалған қатаң ереже болмауы керек. Бірақ негізі, ұстаздарға қойылатын талап жоғары болуға тиіс» (ҚР Парламентінің VIII сайланған бірінші сессиясының ашылуы, 2023).
- «Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық» (Қазақстан халқына Жолдау, 2024).
- «Жоғары оқу орнында алған біліммен шектеліп қалуға болмайтыны түсінікті. Озық ойлы шәкірт тәрбиелеу үшін ұстаздар ұдайы ізденіп, білімін жетілдіріп отыруы керек. Балалардың оқуға зейінін ашатын әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген абзал» (ҚР педагогтерінің Тамыз конференциясы, 2025).
- «... Мұғалім өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай, педагогикалық тәжірибеде жаңа технологияларды да қолдана білуі керек. Сіздер тұтас елімізді технологиялық тұрғыдан жаңғырту ісінде алдыңғы шептен табылып, біздің қоғамды нағыз прогрессивті әрі дамыған ұлтқа айналдыруға ерен үлес қосасыздар деп сенемін (ҚР педагогтерінің Тамыз конференциясы, 2025).
- «Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Алайда жасанды интеллектімен жұмыс істеу күзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс. Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болады» (Қазақстан халқына Жолдау, 2025).

### **Құрметті әріптестер!**

Стратегиялық ресурс және елдің тұрақты дамуының негізгі шарты – тиімді жұмыс істейтін, өзгерістерге бейімделген білім беру жүйесі. Осы тұрғыда жаһандық, технологиялық және әлеуметтік – экономикалық трансформациялардың жедел үдерістері жағдайында адами капиталды дамытудың және білім сапасының заманауи деңгейін қамтамасыз етудің шешуші құралы педагогтердің жүйелі әрі үздіксіз кәсіби дамуы болып табылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында дәйекті және стратегиялық деңгейде педагогтердің кәсібилігін арттырудың тұтас әрі нәтижеге бағдарланған моделін қалыптастыру қажеттігін атап өтеді. Аталған міндеттер білім беруді дамытудың ұзақ мерзімді стратегиялық векторын айқындайды және осы салада мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын ұйымдардан жоғары басқарушылық жауапкершілікті, институционалдық кемелдікті және орнықтылықты талап етеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясы дәстүрлі курстық оқыту моделінен педагогтердің сапаға, деректерге, цифрлық шешімдерге және жеке өсу траекторияларына бағдарланған үздіксіз кәсіби дамудың заманауи экожүйесіне көшуге арналған трансформациялық негізді қалыптастырды.

Ғылыми-педагогикалық қауымдастық пен мүдделі аудитория назарына ұсынылып отырған талдамалық материал есептік формат шеңберінен шығып, педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларының тиімділігін бағалауға ғана емес, жүйелі өзгерістерді тіркеуге, кәсіби дамудың негізгі үрдістерін айқындауға және ел ауқымында білім беру процесінің сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық әрі әдіснамалық шешімдер үшін негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Негізгі стратегиялық басымдықтарды жүзеге асыра отырып, «Өрлеу» БАҰО мақсатты индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз етті және таңдалған даму моделінің тұрақтылығын дәлелдеді. Сапалық көрсеткіштер, цифрландыру, жасанды интеллектіні енгізу, «Ұстаз» ұлттық платформасында дамыту салаларындағы бастамалар, сондай-ақ институционалдық өзгерістер Орталықтың педагогтердің кәсіби дамуы жүйесінің жетекші ұлттық провайдері әрі архитектуралық өзегі ретіндегі рөлін айқындай отырып, Қазақстан Республикасында білім сапасын арттыруға тікелей үлес қосып отырғанын растайды.

Осы талдамалық құжат қол жеткізген нәтижелерді пайымдау құралы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтары мен ел дамуының ұзақ мерзімді мақсаттарына сәйкес педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы жүйесін одан әрі жаңғыртуға арналған практикалық бағдар болатынына сенімдімін.

**Александр Подвалов,**  
«Өрлеу» БАҰО Директорлар Кеңесінің төрағасы

## **БАСШЫНЫҢ СӨЗІ**

### **Құрметті әріптестер!**

2025 жыл біз үшін сабақтастық қағидатына және цифрлық шешімдерге негізделген педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық парадигмасын ілгерілетудегі көшбасшылықты нығайту кезеңі болды.

Педагогтердің пәндік білімін тереңдету және кәсіби құзыреттерін дамыту мақсатында білім беру бағдарламаларын өзектендіруге айрықша назар аударылды. Ұлттық және халықаралық сарапшыларды тарта отырып, ұсынылатын білім беру өнімдерінің сапасын ішкі бағалау жүйесі күшейтілді – Академиялық және Консультативтік кеңестер құрылды.

Мемлекеттік білім беру саясатының негізгі жүзеге асырушысы ретінде біз «Өрлеу» институционалдық инфрақұрылымын дамыту мен нығайтуды жалғастырып, Түркістан облысында филиал аштық. Қызметтің жеделдетілген бағыттарының бірі педагогтердің кәсібилігін арттыру жүйесінің ресурстық әлеуеті ретінде Digital ORLEU цифрлық экожүйесін дамыту болды. Біздің бастамаларымыздың қатарында – «Beles» LMS жүйесі, Orleu ID, тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу платформалары, «Педагогикалық идеялар панорамасы» Республикалық конкурсы, сондай-ақ «Оқу үдерісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері» жаппай онлайн курсын іске қосу бар.

Маңызды бағыттардың бірі педагогтердің кәсіби өсуін үздіксіз бақылау мен жеке даму траекторияларын құруға арналған бірыңғай цифрлық алаңы ретінде «Ұстаз» үздіксіз кәсіби даму Ұлттық платформасын дамыту болды. Ұсынылатын сервистерге педагогтердің сұранысымен сенімі біздің цифрлық ресурстарымыздың 250 мыңнан астам белсенді пайдаланушысы бар екенін айғақтайды.

«Өрлеу» БАҰО ғылыми-зерттеу әлеуетін дамытады және халықаралық әріптестікті нығайтады. 2025 жылы біз 15 зерттеу жобасын жүзеге асырдық, ұлттық және халықаралық рецензияланатын басылымдарда 300-ден астам ғылыми мақала жарияладық. «Өрлеу» бастамаларын UNESCO, British Council, ISTE, IPDA сияқты халықаралық ұйымдар, жетекші университеттер және әлемдік кәсіби қауымдастықта танылған сарапшылар қолдады.

Тұрақты институционалдық желі мен оқытушылардың жоғары сараптамалық деңгейі еліміздің әрбір өңіріндегі барлық педагогтер үшін икемді оқыту форматтарымен сұранысқа ие білім беру бағдарламаларын іске асыруға мүмкіндік береді. «Өрлеудің» әлеуметтік жауапкершілік, кәсібилік пен сараптама жасауға ұмтылу, педагогикалық икемділік, ашықтық пен ынтымақтастық, зерттеу мен инновациялар, инклюзивтілік сияқты негізгі құндылықтары біздің алдағы уақытта алға қарай жылжуымызды айқындайды.

Педагогтерді кәсіби қызметінде жүйелі қолдау, оқыту сапасының жоғары стандарттарына ұмтылу және бастамаларды деректерді талдау мен ғылыми негіздемеге сүйене отырып іске асыру арқылы біз Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатына – әрбір бала үшін сапалы білімнің теңдігі мен қолжетімділігі қағидаттарына адал болып қала береміз.

**Айдана Шилибекова,**  
«Өрлеу» БАҰО Басқарма төрағасы

# ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ - 2025

## Қаңтар

«Өрлеу» БАҰО оқытушылары интерактивті оқыту әдістерінің технологиялары бойынша оқудан өтті/«Оқушылардың онлайн қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бағдарламасы, халықаралық сарапшы Дженифер Агбаир (Ұлыбритания) /ЮНИСЕФ

«Ұрпақтар арасындағы әңгімелер» жобасы.

«943 - нысаналы мектептер» жобасы шеңберінде **6 671 педагог** оқуды аяқтады/Базалық деңгей/онлайн.

## Ақпан

«Ұстаз» Ұлттық платформасында педагогтердің аттестаттаудан өтуі бойынша кең түсіндіру жұмысы басталды:

Өңірлік білім басқару органдарының мобильді топтары мен білім беру ұйымдарының аттестаттау комиссиялары үшін **718 онлайн-кездесу** өткізілді. Онлайн қосылғандардың жалпы саны - **86 307**.

Білім беру ұйымдары мен өңірлік әдістемелік кабинеттерде/орталықтарда 266 кездесу өткізілді. Қатысушылардың жалпы саны - 2025 жылғы аттестаттау сессиясына қатысуға ұсыныс білдірген **79 762 педагог**.

Instagram және YouTube әлеуметтік желілерінде 40-тан астам тікелей эфир. Жалпы қаралым саны - 190 000.

«Өрлеу» БАҰО-ның **70 оқытушысы** «Тренерлер үшін құзыретке

бағытталған бағалау құралдарын әзірлеу және қолдану» 2 кезеңдік курсына оқуды бастады/Сараптама және сертификаттау зерттеу орталығы (RCEC, Нидерланд)/офлайн-онлайн, 2025 жылдың маусым айында халықаралық сертификаттаумен табысты аяқтады.

«Өрлеу» БАҰО-ның **50 оқытушысы** «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту» тренингіне қатысты/офлайн-онлайн/Бейлор атындағы медицина колледжі (АҚШ), Хьюстон және Йель университеттері (АҚШ), Мәскеу мемлекеттік психологиялық-педагогикалық университеті (Ресей), Б.Өтемұратов қоры (Қазақстан), 2025 жылдың мамырында сертификаттаумен ойдағыдай аяқтады.

**5 өңірдің 4 648 педагогі** «943 - нысаналы мектептер» жобасы шеңберінде оқуды бастады/Негізгі деңгей/офлайн/аяқталуы - 2025 жылдың мамыры.

## Наурыз

9 өңірдің 9 163 педагогі «943 - нысаналы мектептер» жобасы шеңберінде оқуды бастады/жоғары деңгей/офлайн/аяқталуы - 2025 жылдың тамыз айы. PISA-2025 халықаралық зерттеуіне қатысушы оқушылардың педагогтері үшін «Өзіне сенімділік - жетістік кілті» се-

минар-тренингі ұйымдастырылды. Мақсаты: білім алушылардың қобалжуын азайтуға, позитивті ынталандыруға және сенімділік, өзін-өзі реттеу мен стресске төзімділігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық қолдау.

## Сәуір

Педагогтердің «Ұстаз» Ұлттық платформасында аттестаттаудан өтуге өтініш беруі және материалдарды жүктеуі аяқталды.

«Педагог-модератор» және «педагог-эксперт» санаттарын беру немесе растау үшін 93 107 өтініш түсті.

Бес педагогикалық жоғары оқу орнының 917 түлегінің кәсіби қызметке дайындығын диагностикалық бағалау жұмысы жүргізілді. Тестілеуге қатысушылардың электрондық портфолиосына (тестілеу нәти-

желері және мансаптық қалаулар) [career.orleu.edu.kz](http://career.orleu.edu.kz) платформасында жалпы орта білім беру ұйымдарының басшыларына қолжетімділік қамтамасыз етілді.

«Өрлеу» БАҰО оқытушылары «Білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды интеграциялаудың заманауи тәсілдерін қолдану» тренинг-сессиясына қатысты/БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ), Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Akelius қоры.

## Мамыр

«Өрлеу» БАҰО-ның барлық оқытушылары мен қызметкерлері үшін InTrend корпоративтік оқыту басталды /9 тақырыптық бағыт ұйымдастырылды (білім берудегі мемлекеттік жоспар-

лау жүйесі, тәлімгерлік, зерттеулер, комплаенс, киберқауіпсіздік және ЖИ пайдалану және т.б.)/офлайн-онлайн. Мақсаты: кәсіби және басқарушылық құзыреттерді дамыту,

қызметкерлердің белсенділігін арттыру, тиімді тәжірибелермен алмасу, ішкі корпоративтік

кәсіби қауымдастықты институционалдық нығайту.

## Маусым

«Педагогикалық идеялар панорамасы» Республикалық конкурсының цифрлық платформасы жаңартылды: қатысушылардың жұмыстарын сарапшылар арасында бөлу автоматтандырылды, материалдарды жүктеу және қорытынды хаттамаларды қалыптастыру

интерфейсі, аналитикалық панельдер мен деректерді шығару механизмдері жетілдірілді.

«Педагогикалық идеялар панорамасы» Республикалық конкурсының өңірлік кезеңіне қатысуға 16 мыңнан астам өтініш өңделді және қабылданды.

## Шілде

«Ұстаз» Ұлттық платформасында педагогтерді аттестаттау басталды/ҚР БҒМ 2016 жылғы 27.01. № 83 бұйрығы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 02.04.2024 ж. № 72 бұйрығы жаңа редакцияда.

«Өрлеу» БАҰО аттестаттау комиссиялары жұмысының ашықтығын қамтамасыз етті (сабақтарды қашықтан бақылау, конструктивті кері байланыс, 2 миллионнан астам материалды онлайн қарау және т.б.)

«Өрлеу» БАҰО Ақпараттық технологиялар Кеңесі құрылды. Мақсаты: білім беруді цифрлық трансформациялауды сүйемелдеу, педагогтің үздіксіз дамуы жүйесін автоматтандыру, АТ-инфрақұрылым мен ақпараттық қауіпсіздікті дамыту, «Ұстаз» Ұлттық платформасын дамыту және т.б.

«Өрлеу» БАҰО Академиялық Кеңесі құрылды. Мақсаты: білім беру қызметінің сапасын арттыру, білім беру бағдарламаларын қайта жобалау және жаңарту, педагогтердің курстық оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи тәсілдерін енгізу, тыңдаушылардың менталдық денсаулығын қолдауға бағытталған бастамаларды іске асыру және т.б.

«Өрлеу» БАҰО дамыту бойынша Консультативтік Кеңес құрылды. Мақсаты: University of Illinois Urbana-Champaign (АҚШ), Simon Fraser University (Канада), Hacettepe University (Түркия), Nazarbayev University (Қазақстан) және Ifield Community College College (Ұлыбритания) жетекші шетелдік профессорларынан академиялық саясат пен ғылыми-зерттеу қызметін сараптамалық талдау және тәуелсіз бағалау.

Оқушыларға арналған «Jas Leader» факультативтік курсына іске асыру үшін 60 тренер арнайы оқу бағдарламасынан өтіп, сәтті сертификаттал-

ды (курстың құрылымы мен мазмұны, интерактивті сабақтар өткізу әдістері, қатысу және өзара әрекеттесу арқылы оқыту).

## Тамыз

Түркістан облысы бойынша «Өрлеу» БАҰО филиалының ашылуы. Мақсаты: өңір педагогтерінің үздіксіз дамуының институционалдық жүйесін нығайту.

Педагогтер мен білім беру ұйымдары басшылары қызметінің тиімділігін рейтингілеу әдістемесін пилоттау басталды/ ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 29.08.2025 ж. № 197 бұйрығы. Апробацияға «Келешек мектептері» Ұлттық жобасының 90 мектептен 1 186 педагог қатысты.

«British Council Kazakhstan» ұйымымен Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды/AELLCA II (Accelerating English Language Learning in Central Asia) халықаралық жобасы шеңберінде біліктілікті арттыру бағдарламасы жүзеге асырылды. Мақсаты: педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының тұрақты механизмдерін құру және мектептерде ағылшын тілін оқытудың сапасын арттыру.

International Society for Technology in Education (ISTE) ұйымымен Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Мақсаты: оқытушылар мен қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін арттыру.

Астана қаласының мемлекеттік жалпы білім беру мектептерінің 100 педагогі «Аутизмі бар балаларды оқытуды дербестендіру: заманауи тәсілдер мен технологиялар» тренингіне қатысты/Болат Өтемұратов қорымен серіктестік/офлайн.

«Өрлеу» БАҰО International Professional Development Association (IPDA) (Ұлыбритания) халықаралық кәсіби қауымдастығының ресми мүшелігін алды.

«Оқу үдерісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері» ашық онлайн-курсы іске қосылды/ ЮНЕСКО Білім берудегі АКТ институты және Халықаралық инновациялар орталығымен серіктестік. Оқуға 250 мыңнан

астам педагог қатысты.

Global Education and Training, University of Illinois at Urbana-Champaign (АҚШ) Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Мақсаты: тиімді білім беру тәжірибелерімен алмасу және халықаралық стандарттар негізінде педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамыту.

8 450 педагог ЖИ көмегімен педагогтерді дербестендірілген онлайн-оқытудың орталық алаңы - «LMS Beles» модульдік платформасын тестілеуге қатысты.

«Өрлеу» БАҰО-ның 20 оқытушысы «Google Workspace құралдарымен педагогтің АКТ-дағдыларын дамыту» 3 мо-

дильдік оқыту бағдарламасына қатысты/Білім берудегі тұрақты даму қоры және Қазақстандағы Google for Education бастамасы құрамындағы STEM Solutions компаниясымен серіктестікте/2025 жылдың қазан айында Google халықаралық сертификация/ онлайн формат.

«Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы фасилитаторларының кәсіби желісі» веб-жүйесі әзірленді (<https://fc.orleu.edu.kz>). Мақсаты: өнімді коммуникацияны қамтамасыз ету, күнделікті тәжірибе алмасу, педагогтердің кәсіби траекторияларын мониторингілеу және сүйемелдеу

## Қыркүйек

«EduContinuum 2025» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына 265-тен астам отандық және шетелдік ғалымдар, университет оқытушылары, білім беру ұйымдарының педагогтері, мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты/офлайн-онлайн.

5 627 педагог «Қаржылық сауаттылық негіздері» бағдарламасы бойынша оқудан өтті/Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен

серіктестікте ұйымдастырылды/офлайн.

«Өрлеу» БАҰО оқытушылары мен мамандарына арналған Еуропалық білім беру қорының 3 күндік интерактивті тренингі басталды. Мақсаты: педагогтердің негізгі құзыреттерін, оның ішінде EntreComp, LifeComp, GreenComp және DigComp құзыреттерін дамыту үшін SCAFFOLD құралын практикалық тұрғыда қолдану.

## Қазан

«Өрлеу» БАҰО мамандары «Scaffold: Bringing key competences into the classroom» 4 апталық бағдарламасы шеңберінде халықаралық сертификациядан өтті/ Мақсаты:

SCAFFOLD құралын пайдаланып педагогикалық жобалау, бақылау және рефлексия әдістері, практикалық оқыту құралдарын әзірлеу дағдылары/онлайн.

## Қараша

UNESCO International Centre for Higher Education Innovation (UNESCO-ICHEI) Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Мақсаты: БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес білім беру үдерісіне цифрлық және ЖИ-шешімдерді енгізу.

Ресми YouTube-арнасында «Orleu ThinkSpace» жобасы

басталды. 1-іс-шараға ЭЫДҰ сарапшысы Габор Фулоп, педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық қауымдастық өкілдері қатысты. Тақырыбы: «TALIS-2024: Қазақстандағы педагог кадрларды даярлау және кәсіби дамыту нәтижелері».

## Желтоқсан

Моңғолияның Баян-Өлгий аймағындағы қазақ тілінде оқытатын мектептерден 112 педагог «Өрлеу» БАҰО ұйымдастырған біліктілікті арттыру бағдарламасына қатысты/офлайн. Тақырыптары: «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні педагогтерінің әдістемелік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту», «CLIL және ЖИ интеграциясы: пән мен тілді кіріктіріп оқытудың заманауи әдістемесі».

«Өрлеу» БАҰО-ның 35 оқытушысы мен қызметкері үшін 2026 жылдың наурызында кейінгі сертификация аяқталатын «Корпоративтік басқарудағы жүйелік коучинг» курсы басталды/Жоғары санатты халықаралық тренер Кирилл Прищенко.

Мақсаты: трансформациялық коучинг дағдыларын қалыптастыру және дамыту, команда құру, креативті техникалар және стратегиялық басқару негіздері.

«Педагогикалық идеялар панорамасы» Республикалық конкурсының қорытындысы шығарылды. Жеңімпаздар функционалдық сауаттылықтың 7 бағыты бойынша анықталды (оқу, математикалық, жартылыстану-ғылыми, цифрлық, қаржылық, экологиялық және мәдениетаралық). 47 жүлдегерді салтанатты марапаттау рәсімі Астана қаласында өткізілді.





# НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

## 1.1. Орталықтың деректемелік бағдары

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 ақпандағы № 232 қаулысымен құрылды.

**Құрылтайшы** - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасы Үкіметі.

**Акциялардың мемлекеттік пакетін 100% басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган** - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі.

**Орталықтың корпоративтік басқару жүйесі:**

- жоғары орган - Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
- басқару органы - Директорлар кеңесі;
- алқалы атқарушы орган - Басқарма;
- қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

**Миссиясы:** педагогтердің кәсібилігін арттыру, өмір бойы білім алуға ұмтылысын қолдау, сапалы білім беру контентін әзірлеу, инновациялық білім мен тәжірибені кәсіби білім алушылар қауымдастығына трансферлеу арқылы педагогикалық қауымдастықтың дамуына ықпал ету.

**Көзқарас:** «Өрлеу» – ұлттық тарих пен дәстүрлерге сүйене отырып, теңгерімді тәсілдерді ілгерілетуді және инновацияларды енгізуді қамтамасыз

ететін, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы жүйесін іске асыратын жетекші білім беру және ғылыми-зерттеу

ұйымы. Ұйым педагогикалық қызмет стандарттарына негізделген кәсіби даму әдіснамасын жетілдіруге, өңірлік-филиалдар желісі арқылы кәсіби білім алушылар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған.

**Негізгі құндылықтар:**

- **Әлеуметтік жауапкершілік:** адалдықпен және шынайылықпен Қазақстанның білім беру жүйесінің игілігі үшін жұмыс істеу, оның трансформациялық күшін мойындату және осы мамандықтағы педагогтерге қолдау көрсету.
- **Кәсібилік және кемелдікке ұмтылу:** өз шешімдерімізді деректерді талдау мен ғылыми дәлелдерге сүйене отырып, қызметтегі ең жоғары сапа стандарттарына ұмтылу.
- **Ашықтық және ынтымақтастық:** жергілікті деңгейден жаһандық деңгейге дейін дамуды қамтамасыз ете отырып, кәсіби өзара әрекеттесу мен ынтымақтастыққа ашықтық, адалдық және шынайылықты қолдау.
- **Педагогикалық кәсіп:** педагог – мектептің жүрегі екенін түсіне отырып, өз қызметімізде педагогтердің кәсіби қажеттіліктері мен әлеуетін дамытудың басымдығын алдыңғы қатарға қою.
- **Инклюзивтілік:** теңдік мәдениеті мен сапалы білімнің қолжетімділігін нығайтуға ықпал етеміз, педагогикалық қауымдастықты әртүрлі идеялар мен тәжірибелермен байытуға ұмтылу.

- **Зерттеу және инновациялар:** ғылыми негізделген тәсілдерді қолдану, инновациялардың жетістіктері мен әсерлерін бағалай отырып, жаңа жағдайларда нәтижелі бәсекелестік үшін креативті идеялар мен ақылды цифрлық шешімдерді жүзеге асыру.
- **Дамудың тұрақтылығы:** кадрлық әлеуетті дамыту және ұзақ мерзімді өркендеу үшін қаржылық негізді нығайту арқылы даму резиленттілігі мен тұрақтылығын сақтауға міндеттілік.

**Институционалдық желі:** 16 өңірлік филиал және 3 өкілдік. Кадрлық құрам 743 оқытушы және қызметкер. Оқытушылық қызметті педагогика ғылымдарының докторлары мен кандидаттары, философия докторлары (PhD), магистрлер және жаңашыл педагогтер жүргізеді.

**Жариялау белсенділігі:** Scopus және WoS базаларына кіретін журналдарда 12 мақала, ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдарда 11 мақала жарияланды.

## 1.2. Ұйымдық құрылым

Қазақстанның заманауи білім беру экожүйесінде «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы стратегиялық маңызға ие. Өңірлік филиалдың/өкілдіктердің тұрақты институционалдық желісі жыл сайын 100 мыңнан астам педагог үшін кәсіби дамудың 150-ден астам білім беру бағдарламалары бойынша өзекті сұранысқа ие біліктілік-

Педагогтердің зерттеу құзыреттерін дамытуға және кәсіби өсуіне филиалдардың 19 ғылыми-әдістемелік басылымы ықпал етеді.

### Орталықтың заңды мекенжайы және орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 010000, Есіл ауданы, Достық көшесі, 18.

**Ресми сайт:** <https://orleu.edu.kz/>

### Қызметтің ашықтығы, коммуникация арналары, кәсіби қауымдастық және мүдделі аудиториямен кері байланыс:

- **Instagram:** [https://www.instagram.com/orleu\\_official?igsh=MXNkOTg1Zmd4aml5MA==](https://www.instagram.com/orleu_official?igsh=MXNkOTg1Zmd4aml5MA==)
- **Facebook:** <https://www.facebook.com/share/19za1uvXcf/?mibextid=wwXIf>
- **LinkedIn:** <https://www.linkedin.com/company/orleu/>
- **TikTok:** [https://www.tiktok.com/@orleu\\_edu?\\_r=1&\\_t=ZM-935k5y7IEg8](https://www.tiktok.com/@orleu_edu?_r=1&_t=ZM-935k5y7IEg8)

ті арттыру курстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы даму стратегиясын іске асыруда филиалдардың/өкілдіктердің қызметін үйлестіруді және іс-әрекеттерді келісуді орталықтандырылған басқару жүйесі қамтамасыз етеді.

Орталық аппараттың әр құрылымдық бөлімшесі жүйе құрушы функци-

яларды орындайды. Бұл стратегиялық және оперативті жоспарлауды әзірлеу, ғылыми-әдістемелік және әдіснамалық қолдау, орталықтандырылған қаржы-экономикалық басқару, біртұтас кадр саясатын жүзеге асыру, құқықтық сүйемелдеу, бірыңғай ақпараттық және цифрлық кеңістікті дамыту, бірыңғай корпоративтік IT-жүйе және өзара әрекеттесудің цифрлық шешімдері шеңберінде филиалдардың жұмысын үйлестіру.

Қолданыстағы логикалық тұрғыдан құрылған басқару вертикалі аналитикалық және зерттеу әлеуетін нығайтуға, цифрлық трансформацияға, процестердің ашықтығы мен ресурстарды тиімді пайдалануға, өңірлік филиалдар мен өкілдіктердің тұрақты және теңдестірілген дамуына бағытталған.

Негізгі құрылымдық бөлімше болып мемлекеттік білім беру саясаты мен педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының жаһандық үрдістеріне сәйкес даму басымдықтарын қалыптастыратын *Стратегия және халықаралық ынтымақтастық департаменті* табылады.

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын ескере отырып, тұрақтылықты, синергияны және дамудың бірыңғай бағытын қамтамасыз ету мақсатында Департаменттің кәсіби қолдауымен 2025 жылы «Өрлеу» БАҰО филиалдарының/өкілдіктерінің 2029 жылға дейінгі Даму бағдарламалары әзірленіп, іске қосылды.

Департамент сыртқы байланыстарды кеңейтуді және нығайтуды қамтамасыз етеді, педагогтердің білік-

тілігін арттыру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында өзекті тәжірибелер мен серіктестік жобаларды тарту үшін Орталықты халықаралық кәсіби қауымдастықтарға интеграциялауға ықпал етеді.

*Қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттың, балаларды дамыту мен тәрбиелеу, білім берудегі көшбасшылық зертханалары* педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы білім беру бағдарламаларын жобалау мен іске асырудың барлық кезеңдерін ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, оқыту мен оқуды, тәрбиелеу мен оқушыларды дамытудың өзекті әдістемелерін интеграциялайды.

Зертханалық тәсіл қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту сапасына жүйелі мониторинг жүргізуге, педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін талдау негізінде біліктілікті арттыру білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік кешендерін тәжірибелік тұрғыдан әзірлеуге, апробациялауға және түзетуге мүмкіндік береді.

Зертханалар педагогтердің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламаларының халықаралық аккредитация стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, ұлттық ғылыми-зерттеу орталықтарымен, педагогикалық колледждер мен жоғары оқу орындарымен, өңірлік әдістемелік бірлестіктермен, мәдениет, жастар саясаты және азаматтық қоғамды дамыту саласындағы қоғамдық ұйымдармен өзара әре-



кеттестікті дамытады.

Тәрбиелеу мен оқытудың үздік әзірлемелерімен алмасу мақсатында тыңдаушы педагогтерге тақырыптық онлайн-панельдер/ тренингтер/ семинарлар/ шеберлік сыныптары, оқыту мен басқарудың өзекті мәселелері бойынша кеңес беру вебинарлары арқылы қолдау көрсетеді.

*Білім беру үдерісін және оқу-әдістемелік жұмысты басқару департаменттері* бірыңғай оқытуды басқару экожүйесінде филиалдардың/өкілдіктердің педагогтердің біліктілігін арттыру мен курстан кейінгі сүйемелдеудің жыл сайынғы мемлекеттік тапсырмасын сапалы орындауды жүйелі ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Оқу кестелерін әзірлеу мен синхрондаудың корпоративтік стандарттарын сақтау, оқу жүктемесін есепке алу мен бөлудің цифрлық жүйесі, тыңдаушылардың орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыру және жаңарту, «ҰСТАЗ» үздіксіз кәсіби даму Ұлттық платформасында аттестаттаудан өту кезінде педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу және т.б. үйлестіріледі.

*АТ-инфрақұрылымды дамыту, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, ақпараттық жүйелерді әкімшілендіру департаменттері және Жасанды интеллект зертханасы* педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы жүйесінде инновациялық AI-шешімдерді әзірлеудің, енгізудің және сүйе-

мелдеудің сараптамалық орталықтары болып табылады.

Мемлекеттік бастамалар контекстінде педагогтерді оқыту және курстан кейінгі сүйемелдеу процестерін басқаруды қолдаудың технологиялық шешімдері енгізіледі, педагогтерді аттестаттау рәсімі автоматтандырылады (ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. № 83 бұйрығы/02.04.2024 ж. өзгерістер енгізілді), «Ұстаз» Ұлттық платформасы дамытылады және басқа мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланады.

Цифрлық кеңістікте орталықтандырылған түрде өңірлік филиалдардың апробациядан өткен цифрлық сервистері мен AI-инфрақұрылымы басқарылып, сүйемелденеді, нормативтік құжаттар мен әдістемелік материалдар әзірленеді, ғылыми, білім беру және АТ-ұйымдарымен өзара іс-қимыл жүзеге асырылады, сондай-ақ білім беру және басқару практикасында ЖИ құралдарын қолдану бойынша оқытушылардың/тренерлердің/қызметкерлердің цифрлық және жасанды интеллект құзыреттерін арттыруға сараптамалық қолдау көрсетіледі.

**Аналитика және зерттеулер, сапаны бағалау департаменттері** өңірлерде және тұтастай алғанда әрі ел бойынша педагогикалық білім берудің жай-күйі мен даму үрдістері туралы статистикалық деректер мен ақпараттық көздерге жүйелі талдау жүргізеді (мамандыққа тарту, «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша кадрларды даярлау, мамандыққа бейімдеу, педагогтердің сапалық құрамы, маман-

дықтан кету және кадр тапшылығы, білім алушылардың білім сапасы, педагогті сертификаттау/біліктілігін арттыру және т.б.).

Үздіксіз кәсіби білім беру саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді бастамалау мен іске асыруда филиалдар мен өкілдіктердің қызметі үйлестіріледі, бағалау құралдары әзірленіп, біліктілікті арттыру курстарының оқу нәтижелерін, тыңдаушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларының (ӘЭД) дамуын бағалау рәсімдері жүргізіледі, сондай-ақ өңірлік білім берудегі басқару органдарының педагогтер мен білім беру ұйымдары басшылары қызметінің тиімділік рейтингін жүргізуіне консультациялық қолдау көрсетіледі (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 197 бұйрығына сәйкес).

**Орталықтандырылған әкімшілік қызметтер** Орталықтың бүкіл филиалдар желісінің қызметінің тиімділігі мен тұрақтылығына ықпал ететін өндірістік процестер, персоналды іріктеу мен дамыту, құқықтық және қаржылық бақылау мәселелерінде бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз етеді.

«Өрлеу» БАҰО **Баспасөз қызметі** мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және сарапшылық қауымдастықпен сапалы жедел коммуникациялық стратегияны қамтамасыз етеді, қызмет туралы ашық ақпараттандыру мәдениетін ілгерілетеді, Қазақстанның педагог кадрларының үздіксіз кәсіби дамуы жүйесінің құндылықтарын қалыптастырып, дамытады.

### 1.3. Оқытушылардың/тренерлердің кәсіби дамуы

2025 жылы педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы саласындағы танылған халықаралық сарапшылар мен жетекші ғылыми ұйымдарды тарта отырып, филиалдар/өкілдіктердің бүкіл желісінің кадрлық әлеуетінің сапалық құрамы мен кәсібилігін арттыру аспектісі күшейтілді. Бұл институционалдық әлеуетті нығайтуға және «Өрлеу» БАҰО-ны әлемдік кәсіби қауымдастықтарға өнімді интеграциялауға ықпал етеді.

«Өрлеу» БАҰО **3 оқытушы БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) «Ұрпақтар арасындағы әңгімелер» жобасы шеңберінде «Оқушылардың онлайн қауіпсіздігін қамтамасыз ету»** бағдарламасы бойынша интерактивті оқыту әдістерінің технологиялары бойынша оқудан өтті (2025 ж. қаңтар-тамыз, офлайн-онлайн). Халықаралық ақпараттық технологиялар университетімен бірге «Оқушылардың цифрлық қауіпсіздігі: балаларды онлайн ортадағы зорлық-зомбылық пен қанаудан қорғау» оқу-әдістемелік кешенін апробациялаумен онлайн-курс әзірлеу басталды.

*Сараптама және сертификаттау зерттеу орталығының (RCEC, Нидерланд) «Тренерлер үшін құзыретке бағытталған бағалау құралдарын әзірлеу және қолдану»* екі кезеңді курсы **70 оқытушы** ойдағыдай аяқтады және халықаралық сертификациядан өтті (2025 ж. ақпан-маусым, офлайн-онлайн).

Бейлор атындағы медицина колледжі (АҚШ), Хьюстон және Йель университеттері (АҚШ), Мәскеу мемле-



кеттік психологиялық-педагогикалық университеті (Ресей) инклюзивті білім беру саласындағы тәжірибелерді жинақтаған халықаралық сарапшының қатысуымен ұйымдастырылған «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс» бағдарламасы бойынша теориялық және практикаға бағытталған оқу курсынан 50 оқытушы өтті. *Оқу шеңберінде қатысушылар Болат Өтемұратов қорының «Асыл Мирас» орталығы базасында көшпелі сабақтар өткізді.* Курс қорытындысы бойынша бастауыш сынып, жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар педагогтері үшін **3 білім беру бағдарламасы** әзірленді (2025 ж. ақпан-мамыр, офлайн-онлайн).

*Болат Өтемұратов қорының «Jas Leader Akademiiasy» бағдарламасы бойынша оқытушыларды даярлау тренингіне өңірлік филиалдардың 60 өкілі қатысты.* Сертификатталған тренинг қатысушыларына Қазақстанның мектеп білім беру жүйесінде өзекті soft skills дағдыларын таратушы әрі көшбасшылық мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде құзыреттіліктерін арттыруға мүмкіндік берді (2025 жылғы шілде, тәжірибеге бағдарланған формат).

*«Google Workspace құралдарымен педагогтің АКТ-дағдыларын дамыту» 3 модульдік тренерлерді оқыту бағдарламасын халықаралық сертификациямен филиалдардың 20 тренері ойдағыдай аяқтады* (2025 ж. тамыз-қазан, онлайн формат). Бағдарлама Білім берудегі тұрақты даму қоры (FURO) және Қазақстандағы Google

for Education кең ауқымды бастамасы шеңберіндегі STEM Solutions компаниясымен әріптестік шеңберінде іске асырылды. Жобаның мақсаты - ауылдық мектептер педагогтерін оқыту мен білім беру ортасында коммуникациялар орнатуда цифрлық құралдарды тиімді пайдалану дағдыларын арттыру (2025 ж. тамыз-қазан, офлайн).

*Британдық Кеңес пен Норидж тілдік білім беру институтының (NILE) «Accelerating English Language Learning in Central Asia» (AELLCA II) жобасында барлық филиалдардың 82 пән тренерін оқыту басталды.* Жобаны Ұлыбритания Сыртқы істер министрлігі қаржыландырады. Жобаның мақсаты - тренерлерді каскадты даярлаудың тұрақты моделін қалыптастыру және мектеп мұғалімдері үшін кең ауқымды біліктілікті арттыру бағдарламаларын жүргізу (2025 ж. тамыз - 2026 ж. наурыз, офлайн-онлайн).

*«Өрлеу» БАҰО International Professional Development Association халықаралық қауымдастықтың (IPDA, Ұлыбритания) мүшесі аталды.* Бұл шара педагогикалық кәсіпті үздіксіз дамытудың өзекті тақырыптары бойынша халықаралық зерттеулер мен аналитикалық материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

*«International Society for Technology in Education (ISTE, АҚШ) ұйымымен Меморандум жасалды, оның аясында 2026 жылы 20 оқытушыны оқыту көзделген.* Ынтымақтастық педагогтердің цифрлық құзыреттерін дамыту үшін ISTE стандарттарын енгізуге бағдарланған.


Еуропалық білім беру қорының (ЕБҚ) «Scaffold: Bringing key competences into the classroom» интерактивті тренингін **4 оқытушы** сәтті аяқтады және үздіксіз педагогикалық білім беру бағдарламаларының оқу прогресін бағалау әдістерін пайдалана отырып, бақылау мен рефлексияның оқу модульдерін әзірлеу құралдарына қол жеткізді (2025 ж. қыркүйек-қазан, офлайн).

«Корпоративтік басқарудағы жүйелік коучинг» сертификаттау курсына **35 оқытушы мен қызметкер**

оқуды жалғастыруда. Халықаралық кәсіби коучтар қауымдастығы мен «Meta Leader NLP & Coaching Center» оқыту орталығының бағдарламасы тренерлердің педагогтерді оқыту барысында саналылықты, жауапкершілікті, рефлексияға қабілеттілікті және кәсіби ортадағы тиімді өзара әрекеттестікті дамытуға көшуге мүмкіндік беретін құзыреттерді дамытады. Халықаралық сертификациядан сәтті өту коучинг, команда құру дағдыларын, креативтілік техникаларын, кәсіби қызметті стратегиялық жоспарлау негіздерін және т.б. меңгеруге мүмкіндік береді.







II

**«ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН  
АРТТЫРУ» МЕМЛЕКЕТТІК  
ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ**

## 2.1. Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес Қазақстан педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесін трансформациялауға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырды (2-стратегиялық бағыт).

Сапаның жаңа деңгейіне шығу және қызметтің халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында ACQUIN халықаралық агенттігінің сапа критерийлеріне сәйкес кадрлық құрамның біліктілігіне және тренерлерді сертификаттауға қойылатын талаптар күшейтілді. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби қажеттіліктері мұқият талданып, білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендер цифрлық шешімдер тұрғысынан өзектендірілді, тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу тетіктері жетілдірілді.

Халықаралық институционалдық аккредитация педагогтерді үздіксіз дамыту саласындағы академиялық процестер мен ғылыми-зерттеу бағытын жетілдіруде әлемдік білім беру қауымдастығының өнімді сараптамалық қолдау мүмкіндіктерін кеңейтті.

Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің тиімділігін арттырудағы қадам University of Illinois Urbana-Champaign (АҚШ), Simon Fraser University (Канада), Hacettepe University (Түркия), Ifield Community College College (Ұлыбритания) жетекші халықаралық профессорларының және Nazarbayev University (Қазақстан) ұлттық сарапшыларының, «Өрлеу» БАҰО-ның құрылым-

дық бөлімшелерінің қызметкерлерінің қатысуымен Консультативтік кеңесті құру және оның жұмысын ұйымдастыру болды.

Педагогикалық практикада жасанды интеллект шешімдерін пайдалану, деректерді жинау рәсімдерін қайта қарау, білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылардың қанағаттану деңгейін өлшеу нәтижелерін жинау, талдау және басқару, сондай-ақ әрі қарай дамудың негізделген шешімдерін қабылдау үшін статистикалық ақпаратты интерпретациялау мәселелеріне елеулі қолдау көрсетілді.

Есеп беру жылы негізгі алқалық орган - Академиялық кеңестің қызметі түбегейлі қайта қаралды. Кеңестің білім беру бағдарламалары, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және бағалау жөніндегі комитеттері білім беру процесінің сапасын арттыруға бағытталған бірыңғай академиялық саясат аясында ғылыми-әдістемелік тәсілдердің келісімділігін қамтамасыз етеді.

Кеңестің сараптамалық талқылауларының тақырыбында - білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, оқу-әдістемелік кешендер мен оқыту форматтарын өзектендіру, тыңдаушыларды сертификаттау және курстан кейінгі сүйемелдеу, педагогтердің ментальды денсаулығын кәсіби қолдау тәсілдерін енгізу. Кеңес құрамына құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен негізгі мамандары кірді.

## 2.2. Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру

Педагогтердің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламалары «Өрлеу» БАҰО-да педагогтер мен білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби сұраныстарын талдау негізінде әзірленеді және іске асырылады.

2025 жылы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Сараптамалық кеңесінің келісімі бойынша 85 мыңнан астам педагогтерді жалпы қамту бойынша 58 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылды. Оның ішінде мемлекеттік тапсырма шеңберінде 70 146 тыңдаушыны қамту мақсатында өзекті тақырыптық бағыттар бойынша 45 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылды.

Білім беру бағдарламалары білім беруді цифрлық трансформациялау аспектісінде педагогтердің пәндік білімі мен оқыту әдістемелерінің деңгейін арттыруға бағытталған. Білім беру үдерісінде ЖИ-шешімдерін пайдалану, инклюзивті оқыту практикаларын енгізу, білім беру ұйымдарының тәрбиелік әлеуетін дамыту, білім берудегі көшбасшылық және т.б. өзекті тақырыптар күшейтілді.

Білім беру бағдарламалары мазмұнының негізінде мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтары, оқушылардың білім беру сапасын бағалаудың ұлттық және халықаралық зерттеулеріне қатысу қорытындылары, педагогикадағы ғылыми зерттеулер нәтижелері, ғылыми-педагогикалық қауымдастықтың сараптамалық бағалаулары, әлемдік үздік тәжірибені талдау жатыр.

Білім беру бағдарламаларының бағыттары «2023–2029 жылдарға ар-

налған Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасына» (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы), «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына (ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысы), Жасанды интеллектіні дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы) және т.б. сәйкес әзірленді.

Педагогтерді кәсіби дамытуда практикаға бағытталған тәсілді қамтамасыз ету мақсатында барлық білім беру бағдарламалары «4С моделі» әдістемесі бойынша әзірленген оқу-әдістемелік кешендермен сүйемелденді (нақты кәсіби міндеттерді шешу, контекстік тапсырмалар, өзекті әдістемелер, технологиялар мен құралдарды қолдану).

2025 жылы мемлекеттік тапсырма шеңберінде «Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру» және «Орта білім берудің мемлекеттік ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру» бюджеттік бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламалары іске асырылды

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру.

Қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстарынан 197 мектепке дейінгі ұйымның 800 педагогі (175 басшы, 179 әдіскер, 446 тәрбиеші) өтті (1-қосымша).

Қалалық мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері 63,5% құрады (508 адам). Мемлекеттік тілде 82% пе-

дагог (655 адам) оқудан өтті, бұл қазақ тіліндегі білім беру бағдарламаларына сұраныстың жоғары екенін көрсетеді.


Педагогикалық өтілі бойынша тыңдаушылардың ең үлкен тобын 3 жылдан 20 жылға дейін жұмыс тәжірибесі бар педагогтер құрайды - 62,3% (498 адам). Жас педагогтердің үлесі 7,7% құрады. Тыңдаушылардың 30%-дан астамы (240 адам) 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесіне ие болды.

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің ең үлкен үлесін «педагог-модератор» санатындағы мамандар құрады - 45,2% (361 адам). Одан әрі «педагог-сарапшы» - 25,5% (204 адам), «педагог» - 15% (120 адам), «педагог-зерттеуші» - 9,5% (76 адам) және санаты жоқ педагогтер - 4,8% (39 адам).

Өңірлер бөлінісінде тыңдаушылардың ең көп саны Қарағанды және Маңғыстау облыстарында ұсынылған (1-сурет).

Педагогтердің білім беру бағдарламаларына қатысуы осы өңірлердегі тірек мектепке дейінгі ұйымдардың (Құзыреттілік орталықтарының) санымен байланысты. Құзыреттілік орталықтары «тірек мектепке дейінгі ұйым – мектепке дейінгі ұйымдар – бастауыш мектеп» табысты педагогикалық тәжірибелерін енгізу арқылы мектепке дейінгі және бастауыш білім арасындағы тиімді өзара әрекеттестік пен сабақтастықты қамтамасыз етеді.

**1-сурет.** Біліктілікті арттыру курстарынан өткен мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің саны, 2025ж./өңір



Білім беру бағдарламалары мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен басшыларында мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің тиімді сабақтастығын, цифрлық білім беру ортасындағы сапалы қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған (1-кесте).

Біліктілікті арттыру курстары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі ұйымдар, тірек консультациялық пункттер және тірек мектептер арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі Іс-қимыл жоспарын іске асыру аясында, мектепке дейінгі және орта білім беру бағдарламаларын синхрондауға бағытталған өзекті бағыт болып табылады.

Аталған бағдарламаның негізгі аспектілеріне балаларда әрі қарай табысты оқуға қажетті танымдық, реттеушілік және коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту әдістері, мектепалды жастағы баланың жеке даму

картасының деректерін интерпретациялау, мектепке психологиялық-педагогикалық дайындықтың компоненттері және оларды диагностикалау әдістемелері, сондай-ақ «мектепке дейінгі ұйым – мектеп» білім беру траекториясы шеңберінде баланың білім алу жолын мониторингілеу мен бейімдеуге арналған цифрлық құралдарды меңгеру және басқа да бағыттар жатады.

Сонымен қатар «Өрлеу» БАҰО мектепке дейінгі білім беру педагогтері үшін 2 күндік Республикалық семинар өткізді (маусым, 2025 ж.). Қатысушылар: облыс/қала/аудан білім басқармаларының/бөлімдерінің әдістемелік орталықтарының (кабинеттерінің) басшылары мен әдіскерлері, 202 (197 мемлекеттік және 5 жеке) тірек балабақшалар-құзыреттілік орталықтарының басшылары, әдіскерлері, педагогтері және психологтері, осы мектепке дейінгі ұйымдарға бекітілген 196 тірек мектептің бастауыш сынып мұғалімдері.

**1-кесте.** Білім беру бағдарламалары және негізгі көрсеткіштер бөлінісінде біліктілікті арттырудан өткен мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің саны, 2025 ж.

№	Білім беру бағдарламасының атауы	Педагог саны	Өңірлік белгі		Оқыту тілі		Педагогикалық өтіл		
			қала	ауыл	қаз. тіл	орыс. тіл	3 жылға дейін	3-тен 20 жылға дейін	20 жылдан астам
	БАРЛЫҒЫ	800	508	292	655	145	62	498	240
1	Бастауыш мектептермен сабақтастықты және тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту	744	476	268	599	145	56	455	233
2	Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің цифрлық құзыреттілігі	56	32	24	56	0	6	43	7

Білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау келесі критерийлер бойынша жүргізілді: тыңдаушылардың оқу нәтижелері динамикасы («білімнің артуы») және тыңдаушылардың курстардың мазмұны мен ұйымдастырылуына қанағаттануы.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерінің бастапқы деңгейін айқындауға арналған бағалау құралдары оқытуда сараланған және атаулы тәсілдерді қамтамасыз етті. Қорытынды тестілеу тыңдаушылардың алған білімдері мен біліктерін кәсіби қызметте қолдануға дайындық деңгейін бағалауға да мүмкіндік берді.

Білім беру бағдарламалары бойынша оқу нәтижелерінің оң динамикасы тіркелді. «Бастауыш мектептермен сабақтастықты және тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту» бағдарламасы тыңдаушыларының тапсырмаларды орындаудың қорытынды көрсеткіші 80,9% құрады, бұл бастапқы бағалау деңгейінен (47,9%) 33,0 пайыздық деңгейге жоғары. «Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің цифрлық құзыреттілігі» бағдарламасы бойынша қорытынды нәтиже 88,4%, білімнің артуы 28,9 % құрады (2-кесте).

**2-кесте.** Біліктілікті арттырудан өткен мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерін тестілеу нәтижелері/білім беру бағдарламалары, 2025ж.

Білім беру бағдарламасының атауы	Тыңдаушылар саны	Орындау %		Білімнің артуы (%)
		Бастапқы бағалау	Қорытынды бағалау	
Бастауыш мектептермен сабақтастықты және тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту	744	47,9	80,9	33,0
Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің цифрлық құзыреттілігі	56	59,4	88,4	28,9

Барлық өңірлерде оқу нәтижелерінің оң динамикасы байқалады. Қорытынды бағалау бойынша тапсырмаларды орындаудың орташа көрсеткіші 81,4% құрады, бұл бастапқы бағалаудың орташа деңгейінен (48,7%) 32,7 пайыздық деңгейге жоғары.

Ең жоғары білім деңгейінің артуы Маңғыстау облысында (59,5 %), Қарағанды облысында (43,2 %), Астана қаласын-

да (41 %), Батыс Қазақстан облысында (37,8 %) тіркелді, бұл тыңдаушылардың бастапқы дайындық деңгейі салыстырмалы түрде төмен немесе орташа болған жағдайда бағдарламалардың жоғары тиімділігін көрсетеді. Бастапқы білім деңгейі жоғары болған Алматы қаласы мен Қостанай облысының педагогтері де оқу нәтижелерінің тұрақты оң динамикасын көрсетті (3-кесте).

**3-кесте.** Біліктілікті арттырудан өткен мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің тестілеу нәтижелері/өңірлер, 2025 ж.

№	Өңір	Тыңдаушылар саны	Орындау %		Білімнің артуы (%)
			Бастапқы бағалау	Қорытынды бағалау	
1	Ақмола	24	54,8	64,3	9,5
2	Ақтөбе	20	45,7	72,1	26,4
3	Алматы	29	44,7	79,9	35,2
4	Атырау	50	40,4	69,2	28,8
5	Шығыс Қазақстан	40	54,8	80,4	25,6
6	Алматы қ.	60	59,4	79,4	20,0
7	Астана қ.	24	50,8	91,8	41,0
8	Шымкент қ.	30	51,9	74,8	22,9
9	Жамбыл	50	37,0	70,7	33,7
10	Батыс Қазақстан	12	52,7	90,5	37,8
11	Қарағанды	99	43,4	86,6	43,2
12	Қостанай	40	58,9	73,2	14,3
13	Қызылорда	24	50,6	86,3	35,8
14	Маңғыстау	89	38,3	97,8	59,5
15	Абай	55	57,7	82,3	24,5
16	Жетісу	70	55,2	85,0	29,8
17	Ұлытау	30	45,0	80,9	35,9
18	Павлодар	26	48,7	84,6	35,9
19	Солтүстік Қазақстан	12	56,3	80,8	24,5
20	Түркістан	16	51,1	61,8	10,6
<b>Орташа мән/ Барлығы</b>		800	48,7	81,4	32,7

Сауалнама нәтижелері тыңдаушылардың біліктілікті арттыру курстарына қатысуына қанағаттану деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. «Бастауыш мектеппен сабақтастықты және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдар басшылары мен педагогтерінің кәсіби дамуы» бағдарламасының мазмұны мен

ұйымдастырылу сапасына берілген «қанағаттанарлық» бағалардың үлесі 2,4 %-дан аспайды. «Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің цифрлық құзыреттілігі» бағдарламасы бойынша сауалнама қорытындылары өңірлік филиалдардың оқытушылары тарапынан мұқият талданатын болады.

**4-кесте.** Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруға қанағаттануын бағалау, 2025 ж.

№	Аймақ	Қанағаттануды бағалау (тыңдаушылар санынан %)					
		Мазмұны			Ұйымдастыру		
		Өте жақсы	Жақсы	Қан.	Өте жақсы	Жақсы	Қан.
Бастауыш мектептермен сабақтастықты және тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту							
1	Ақмола	100	0	0	92,3	0	7,7
2	Ақтөбе	100	0	0	100	0	0
3	Алматы	82,8	6,9	10,3	86,2	6,9	6,9
4	Атырау	100	0	0	95,8	0	4,2
5	Шығыс Қазақстан	93,9	3	3	90,9	6,1	3
6	Алматы қ.	100	0	0	100	0	0
7	Астана қ.	95,8	4,2	0	87,5	12,5	0
8	Шымкент қ.	93,3	6,7	0	93,3	6,7	0
9	Жамбыл	97,9	2,1	0	97,9	2,1	0
10	Батыс Қазақстан	100	0	0	100	0	0
11	Қарағанды	95	0	5	90	2,5	7,5
12	Қостанай	84,2	10,5	5,3	84,2	10,5	5,3
13	Қызылорда	83,3	11,1	5,6	72,2	5,6	22,2
14	Маңғыстау	98,7	1,3	0	100	0	0
15	Абай	100	0	0	100	0	0
16	Жетісу	100	0	0	100	0	0
17	Ұлытау	92,3	0	7,7	100	0	0
18	Павлодар	96,2	3,8	0	88,5	11,5	0
19	Солтүстік Қазақстан	100	0	0	100	0	0
20	Түркістан	100	0	0	100	0	0
<b>Орташа мән/ Барлығы</b>		<b>95,9</b>	<b>2,4</b>	<b>1,7</b>	<b>94,5</b>	<b>3,1</b>	<b>2,4</b>
Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің цифрлық құзыреттілігі							
1	Абай	96,2	0	3,8	96,2	0	3,8
2	Жетісу	94,4	5,6	0	88,9	0	11,1
<b>Орташа мән/барлығы</b>		<b>95,5</b>	<b>2,3</b>	<b>2,3</b>	<b>93,2</b>	<b>0</b>	<b>6,8</b>

Тыңдаушылар білім беру бағдарламалары тақырыптарының практикалық маңыздылық деңгейін де атап өтті. Бұл білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер мен педагогикалық қауымдастық арасындағы кері байланыс

тұрғысынан өзекті болып табылады. Сауалнама нәтижелері «Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің цифрлық құзыреттілігі» бағдарламасы мазмұнының жоғары практикалық бағдарланғанын көрсетеді (2-сурет).


**2-сурет.** «Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтер цифрлық құзыреттілігі» білім беру бағдарламасының негізгі құзыреттерді меңгерудегі кәсіби маңыздылығын бағалау, %



Педагогтер сондай-ақ «Бастауыш мектептермен сабақтастықты және тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдардың

басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту» білім беру бағдарламасының педагогикалық құндылығын атап өтті (3-сурет).»

**3-сурет.** «Бастауыш мектептермен сабақтастықты және тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту» білім беру бағдарламасының негізгі құзыреттерді меңгерудегі кәсіби маңыздылығын бағалау, %



Білім беру бағдарламалары тақырыптарының өзектілігі тұрғысынан тыңдаушылар «Тәрбиелеу-білім беру жұмысында Google ресурстарын пай-

далану» және «Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді коммуникация құралдары ретінде қолдану» тақырыптарын атап өтті (4-сурет).


#### 4-сурет. «Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің цифрлық құзыреттілігі» білім беру бағдарламасы тақырыбының өзектілігін бағалау, %



Мектепке дейінгі білім беру педагогтеріне «Бастауыш мектептермен сабақтастықты және тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту» тақырыбы перспективалық болып қала береді.

«Тақырып мен үшін өте өзекті» деген жауап бойынша орташа мән 81,1% құрады. Ең өзекті болып «тірек мектепке дейінгі ұйым - мектепке дейінгі ұйым - бастауыш мектеп» ынтымақтастығының тұрақты желілік нысандарын құрумен байланысты тақырыптар анықталды (5-сурет).

#### 5-сурет. «Бастауыш мектептермен сабақтастықты және тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту» білім беру бағдарламасы тақырыбының өзектілігін бағалау, %



Сауалнама нәтижелері мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің бастауыш мектеппен өзара әрекеттестікті күшейтудің кәсіби сұранысын көрсетеді. Бұл аспект «Өрлеу» БАҰО оқытушыларымен біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларын курстан кейінгі сүйемелдеу шеңберінде күшейтілді.

Осылайша, білім беру бағдарламаларын іске асыруды мониторингілеу бастапқы және қорытынды деректердің оң динамикасын көрсетті. Барлық өңірлердегі нәтижелердің тұрақтылығы және 31% деңгейіндегі орташа білім өсімі қол жеткізілген әсерлердің жүйелі сипатын көрсетеді. Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің алған білім мен дағдыларды оқыту мен оқу практикасында қолдануға кәсіби дайындығы қолданылатын білім беру тәсілдерінің тиімділігін растайды.

Орта білім берудің мемлекеттік ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру

2025 жылы біліктілікті арттыру курстарынан 69 346 тыңдаушы өтті, оның ішінде 3 860 басшы және орта білім беру ұйымдарының педагог саны - 65 486. Тыңдаушылардың елеулі бөлігін ауылдық мектептердің педагогтері құрайды - жалпы санның 54,7%-ы (37 950 адам).

Қазақ тілінде оқытатын ұйымдар педагогтер біліктілікті арттыру курстарымен қамту мемлекеттік тілдегі білім беру бағдарламаларына тұрақты сұранысты көрсетеді (74,8% немесе 51 868 педагог).

Тыңдаушылардың ең көп санын «педагог-модератор» біліктілік санаты бар педагогтер құрады - 19 822 адам (28,6%) және «педагог» - 19 788 адам

(28,5%). Ең аз үлес «педагог-шебер» - 0,8% (572 адам).

Педагогикалық өтілі бойынша тыңдаушылардың ең үлкен тобын 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар педагогтер құрайды - 18 284 адам (26,4%). Жас педагогтердің үлесі 15,2% құрады. Тыңдаушылардың 58%-дан астамы (40 491 адам) 3 жылдан 20 жылға дейін кәсіби жұмыс тәжірибесіне ие.

Өңірлер бөлінісінде тыңдаушылардың ең көп саны Түркістан - 11 512 педагог (16,6%) және Алматы облыстарынан - 5983 педагог (8,6%) (2-қосымша).

Мемлекеттік тапсырма шеңберіндегі біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының контингенті өңірдегі олардың жалпы санынан педагог қызметкерлерді пропорционалды қамту қағидаты бойынша қалыптастырылды. Бұл тәсіл педагогтерді біліктілікті арттыру бағдарламаларымен қамту ауқымына негізделген бөлуді қамтамасыз етеді.

Орта білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтерін оқыту «Өрлеу» БАҰО әзірлеген және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Сараптамалық Кеңесі бекіткен 43 білім беру бағдарламасы бойынша іске асырылды.

Білім беру бағдарламалары білім беру жүйесінің басымдықтарын көрсететін алты негізгі бағыт бойынша құрылымдалған: пәндік курстар, пәнаралық курстар, білім берудегі менеджмент, арнайы және инклюзивті білім беру, функционалдық сауаттылықты дамыту және цифрлық құзыреттерді дамыту. Ең көп саны пәндік курстарға тиесілі (5-кесте).

**5-кесте.** Білім беру бағдарламаларын біліктілікті арттыру бағыттары бойынша бөлу, 2025ж.

№	Оқыту бағыттары	Іске асырылған бағдарламалар саны	Тыңдаушылар саны
БАРЛЫҒЫ:		43	69 346
1	Пәндік курстар	26	48 277
2	Пәнаралық курстар	7	6 477
3	Менеджмент	2	3 860
4	Арнайы және инклюзивті білім беру	4	7 259
5	Функционалдық сауаттылықты дамыту	2	2 910
6	Цифрлық құзыреттерді дамыту	2	563

Орта білім беру педагогтерінің білім беру бағдарламалары және негізгі көрсеткіштер бөлінісіндегі бөлінуі 3-қосымшада келтірілген.

Біліктілікті арттыру курстарының тиімділігін бағалау бастапқы және қорытынды тестілеу нәтижелері, сондай-ақ тыңдаушылардың кері байланысын талдау негізінде жүргізілді. Деректерді талдау барлық ұсынылған курстар бойынша оқу нәтижелерінің тұрақты оң динамикасын көрсетеді. Қорытынды тестілеу бойынша тапсырмаларды орындаудың орташа көрсеткіші 83,5% құрады, бұл бастапқы тестілеу

көрсеткішінен (55,7%) 27,4 пайыздық көрсеткішке жоғары.

Ең үлкен білімнің артуы білім беру ұйымын басқару және инклюзивті ортада жұмыс істеу мәселелері бойынша құзыреттерді дамытуға бағытталған бағдарламалар бойынша тіркелді. Өсу 33%-дан 42%-ға дейін. Сонымен бірге тыңдаушыларды даярлаудың бастапқы деңгейі жоғары бағдарламалары бойынша қарқынды өсу байқалады, бұл білім беру нәтижелерін теңестіру және жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуді көрсетеді (6-кесте).

**6-кесте.** Орта білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламалары бойынша тестілеу қорытындылары, 2025ж.

№	Білім беру бағдарламасының атауы	Барлығы, адам	Бастапқы, %	Қорытынды, %	Білімнің артуы, %
1	Арнайы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие және түзету үдерісін ұйымдастыру	662	33,5	75,4	41,9
2	Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу бойынша педагог-ассистенттердің кәсіби құзыреттерін дамыту	605	34,0	67,5	33,5
3	Орыс тілі мен әдебиеті Т2 сабақтарында оқырмандық сауаттылықты қалыптастыру	2294	44,7	81,9	37,2
4	Білім берудегі менеджмент	2344	42,6	85,3	42,7
5	SMART-оқыту: оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары	1820	51,7	86,1	34,4
6	Бастауыш мектеп оқушыларының зерттеу және жобалау қызметі	3623	53,3	80,9	27,6
7	«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	1611	45,2	78,6	33,4
8	«Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»	3392	55,2	86,1	30,9
9	Тәрбие жұмысының менеджменті	1516	45,0	76,0	31,0
10	Дизайн және көркем модельдеу саласында педагогердің кәсіби құзыреттілігін арттыру	2537	50,6	80,3	29,7

11	Биология сабақтарында жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты дамыту	1904	49,7	80,2	30,5
12	Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқырмандық сауаттылықты қалыптастыру	1019	50,0	80,4	30,4
13	Әдеби оқу сабақтарында оқырмандық сауаттылықты қалыптастыру	2634	46,5	78,9	32,4
14	Эмоционалдық интеллект - педагогтің кәсіби міндеттерін шешу құралы	1000	57,4	87,6	30,2
15	Бастауыш білім берудегі CLIL әдістемесі	125	53,7	86,8	33,1
16	«Музыка» пәнінің мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды интеграциялау	1211	51,1	84,3	33,2
17	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оқу сауаттылығы дағдыларын пәнаралық контексте дамыту	1535	49,9	78,5	28,6
18	Өзбек тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту	225	51,8	88,1	36,3
19	Интернаттық білім беру ұйымдарында дамытушы және қолдаушы ортаны құру	538	53,4	87,2	33,8
20	Мектепке дейінгі тәрбие, оқыту және бастауыш білім берудегі педагогтердің сабақтастығы мен өзара әрекеттестігі	1051	65,0	89,6	24,6
21	Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	498	65,1	88,9	23,8
22	Ағылшын тілін оқыту мен үйретуде рецептивті және продуктивті дағдыларды дамыту	2240	60,1	89,0	28,9

23	Алғашқы әскери және технологиялық дайындықты тиімді оқыту стратегиялары	746	53,3	69,9	16,6
24	Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогтердің базалық құзыреттерін қалыптастыру	5494	60,8	82,9	22,1
25	Жаһандық құзыреттер	2094	56,6	83,9	27,3
26	Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық технологиялар	2740	60,2	86,1	25,9
27	Тарих және құқық негіздері пәндерін оқытудың инновациялық әдістері	3120	52,0	80,5	30,5
28	Химияны оқытудағы инновациялар мен заманауи технологиялар	1469	59,3	82,7	23,4
29	Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану	423	63,0	86,2	23,2
30	Бастауыш мектепте құндылыққа бағытталған тәсілді іске асыру	3141	52,8	85,3	32,5
31	Python программалау тілін оқытудың әдістемесі мен практикасы	1661	58,9	86,8	27,9
32	Балалардың жазғы сауықтыру лагері қызметін ұйымдастырудың әдістемелік негіздері	781	57,2	77,0	19,8
33	Функционалдық математикалық сауаттылық: әдістер мен технологиялар	2412	67,3	83,1	15,8
34	«Информатика» оқу пәніндегі жобалау қызметі	1799	68,3	92,3	24,0
35	Пәнаралық интеграция негізінде физиканы практикаға бағытталған оқыту	1759	68,8	84,3	15,5
36	Робототехника және STEM-білім беру	1090	67,2	86,0	18,8
37	Әдістемелік қызметті трансформациялау	529	64,0	81,1	17,1

38	«Ұйғыр тілі» және «Ұйғыр әдебиеті» пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту	25	63,6	84,5	20,9
39	Географияны қоршаған ортаны қорғау аспектілеріне оқытудың тиімді жолдары	1746	77,1	94,0	16,9
40	Математиканы оқыту: заманауи тенденциялар мен әдістер	2258	67,0	87,9	20,9
<b>Барлығы/Орташа</b>		<b>67671</b>	<b>55,7</b>	<b>83,5</b>	<b>27,4</b>

Үш білім беру бағдарламасы бойынша тыңдаушылардың қорытынды (жобалық) жұмыстарын бағалау нәтижелері келесідей: қорытынды жұмыстарды орындау сапасының орташа көрсеткіші 88,5% құрады. Ең жоғары нәтижелер «Мектептің оқушыларды кәсіби бағдарлау қызметін ұйымдастыру» (93,4%) және «Шағын жинақты мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер» (92,8%) бағдарламалары бойынша тіркелді, бұл жобалық бағалау форматының тиімділігін және оның тыңдаушы-

лардың кәсіби міндеттеріне сәйкестігін көрсетеді.

Жалпы жобалық жұмыстарды қорытынды бағалау нысаны ретінде пайдалану теориялық материалды меңгеру деңгейін ғана емес, сонымен қатар педагогтердің алған білімді практикалық қызметте қолдану, білім беру ұйымдарының нақты жағдайларына бағытталған басқарушылық және әдістемелік шешімдерді әзірлеу қабілетін бағалауға мүмкіндік береді (7-кесте).

**7-кесте.** Орта білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды (жобалық) жұмыстарды бағалау нәтижелері, 2025ж.

№	Білім беру бағдарламасының атауы	Барлығы, адам	Қорытынды жұмыс, %
1	Шағын жинақты мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер	140	92,8
2	Жас педагогті кәсіби дамытудағы тәлімгерлік	730	79,2
3	Мектептің оқушыларды кәсіби бағдарлау қызметін ұйымдастыру	805	93,4
<b>Барлығы/Орташа</b>		<b>1675</b>	<b>88,5</b>

Деректерді талдау барлық өңірлерде оқу нәтижелерінің оң динамикасын көрсетеді. Қорытынды бағалау бойынша тапсырмаларды орындаудың орташа көрсеткіші 83,0% құрады, бұл бастапқы бағалаудың орташа мәнінен (55,6%) 27,4 пайыздық көрсеткішке жоғары.

Ең үлкен білімнің артуы Түркістан (36,1%), Маңғыстау (33,0%) және Қызы-

лорда (31,7%) облыстарында, Алматы (31,7%) және Шымкент (31,9%) қалаларында тіркелді. Бастапқы бағалаудың негізгі көрсеткіштері жоғары өңірлер (Абай облысы және Солтүстік Қазақстан облысы) неғұрлым қарқынды өсуді көрсетеді, бұл тыңдаушыларды даярлаудың бастапқы деңгейінің нәтижелер динамикасына әсерін көрсетеді (8-кесте).

**8-кесте.** Өңірлер бөлінісінде біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларын бағалау қорытындылары, 2025ж.

№	Өңір	Тыңдаушылар саны	Орындау %		Білімнің артуы (%)
			Бастапқы бағалау	Қорытынды бағалау	
1	Ақмола	3 156	58,0	78,9	20,4
2	Ақтөбе	3 620	58,9	79,3	20,9
3	Алматы	5 983	57,5	84,4	28,0
4	Атырау	2 350	51,9	79,4	27,2
5	Шығыс Қазақстан	2 202	57,2	80,2	22,6
6	Алматы қ.	3 710	55,1	86,8	31,7
7	Астана қ.	2 686	62,0	83,0	20,9
8	Шымкент қ.	3 233	55,8	88,0	31,9
9	Жамбыл	5 075	53,4	79,6	26,2
10	Батыс Қазақстан	2 905	57,6	81,9	24,4
11	Қарағанды	3 195	52,4	78,3	25,7
12	Қостанай	2 606	58,3	82,0	23,9
13	Қызылорда	4 100	50,3	81,9	31,7
14	Маңғыстау	2 589	53,1	85,6	33,0
15	Абай	2 303	68,8	87,2	16,9
16	Жетісу	2 855	61,8	81,5	21,0
17	Ұлытау	730	52,4	77,6	25,2
18	Павлодар	2 505	51,7	82,5	29,5
19	Солтүстік Қазақстан	2 031	63,3	79,8	16,3
20	Түркістан	11 512	50,9	87,2	36,1
<b>Орташа мән/ Барлығы</b>		<b>69 346</b>	<b>55,6</b>	<b>83,0</b>	<b>27,4</b>

Тыңдаушыларды бастапқы деңгейінде даярлау және оқу қорытындысы бойынша білімнің артуы сияқты екі негізгі көрсеткішке негізделген кластерлік талдау олардың іске асырылу ерекшеліктері мен меңгеру нәтижелерін көрсететін білім беру бағдарламаларының типологиясын анықтауға мүмкіндік берді (6-сурет). Білім беру бағдарламаларының төрт аналитикалық тобы анықталды:

Интенсивті - тыңдаушылардың бастапқы деңгейінің төмендігімен және білім өсудің жоғарылығымен сипатталады, бұл мазмұн мен оқыту әдістерінің жоғары нәтижелілігін көрсетеді. Бұл топқа 4 бағдарлама кірді: «Білім берудегі менеджмент», «Арнайы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие және түзету үдерісін ұйымдастыру», «Орыс тілі мен әдебиеті Т2 сабақтарында оқырмандық сауаттылықты қалыптастыру», «Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүй-


емелдеу бойынша педагог-ассистенттердің кәсіби құзыреттерін дамыту».

Тиімді - тыңдаушыларды даярлаудың орташа деңгейінде тұрақты жоғары білімнің артуын көрсетеді. Бұл санатқа 15 бағдарлама кірді.

Базалық - орташа білімнің артуын қамтамасыз етеді және педагогтердің кәсіби құзыреттерінің базалық деңгейін қолдай отырып, маңызды тұрақтандырушы функцияны орындайды. Бұл санатқа 13 бағдарлама кірді.

Меңгерудің тұрақты динамикасы бар бағдарламалар - негізінен даярлаудың жоғары бастапқы деңгейі бар тыңдаушылар үшін іске асырылады. Өсудің қарқынды динамикасы мазмұнның елеулі бөлігі тыңдаушыларға таныс екендігімен түсіндіріледі, бұл ілгерілеуі бар аудитория үшін бағдарламаларды одан әрі тереңдету және дербестендіру әлеуетін көрсетеді. Бұл санатқа 8 бағдарлама кірді.

**6-сурет.** Біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының бастапқы деңгейі мен білім өсімі бойынша бөлу, 2025 ж.



Педагогтердің курс мазмұны мен ұйымдастырылуына қанағаттану деңгейін бағалау бойынша сауалнама нәти-

желерінің орташа көрсеткіші 10 балдың ішінде 9,8 балды құрады. «Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқырмандық са-


уаттылықты қалыптастыру (Я2)» курсының мазмұны тыңдаушылардың күткен үміттеріне толық сәйкес келеді, бұл қанағаттану деңгейінің ең жоғары көрсеткішімен – 10 баллдың ішінде 10 баллмен көрініс тапты. Ең төменгі көрсеткіш (9,6 балл) «Биология сабақтарында жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты дамыту» курсы бойынша тіркелді.

Сауалнама деректері тыңдаушылардың пікірлерін төрт санат бойынша жалпылауға мүмкіндік береді: 10 балл – «өте жақсы», 9 балл – «жақсы», 5–8 балл – «қанағаттанарлық», 5 балдан төмен – «қанағаттанарлықсыз». Курс мазмұнына қанағаттанудың орташа көрсеткіші – 90,5 %, курсты өткізу деңгейіне қанағаттану – 88,7 % (7 және 8-суреттер).

**7-сурет.** Біліктілікті арттыру курстарының мазмұнына қанағаттану деңгейін бағалау, 2025 ж.




**8-сурет.** Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу сапасына қанағаттану деңгейін бағалау, 2025 ж.



Тыңдаушылардың сауалнамасы қорытындысы бойынша тренерлердің кәсіби шеберлігін бағалау анықталды (9-сурет).

**9-сурет.** Тыңдаушылардың сауалнама деректері бойынша тренерлер жұмысының бағалануы, жауаптардың жалпы санына шаққандағы пайыздық үлесі, 2025 ж.



Тыңдаушылардың едәуір бөлігі тренерлердің жұмысын «өте жақсы» деп бағалайды, бұл біліктілікті арттыруға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасының жоғары екенін көрсетеді. Барлық өңірлерде курс мазмұнын меңгеру бойынша «өте жақсы» бағалардың үлесі 93 %-дан асады, ал Қазақстан Республикасы бойынша орташа көрсеткіш – 96 %.

Осылайша, орта білім беру педагогтеріне арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру нәтижелері біліктілікті арттыру курстарының негізгі параметрлер бойынша жоғары тиімділігін ай-

ғақтайды. Атап айтқанда, білім беру бағдарламаларының мазмұны мен тренерлер жұмысының сапасы курстардың табысты жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Тыңдаушылардың қанағаттану деңгейі, олардың күтілімдері мен оқитудың нақты сапасы арасында тұрақты байланыс бар екені расталады. Бұл курстардың мазмұны мен әдістемелік сүйемелдеуі білім беру бағдарламаларының мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететінін және практикалық маңыздылыққа ие екенін көрсетеді.

### 2.3. Жаңа құзыреттерді енгізу кезеңінде педагогтерге кәсіби қолдау көрсету

Біліктілікті арттыру курстарын аяқтағаннан кейін педагогтерді курстан кейінгі сүйемелдеу бағдарламалары оқу

нәтижелерін нығайту және енгізу үшін, жаңа құзыреттерді кәсіби қызметке бейімдеуге көмектесу үшін жобаланған.

Бұл маңызды бағыт құзыреттілік пен теориялық білім арасындағы айырмашылықты бәсеңдетеді және біліктілікті арттыру бағдарламаларынан максималды нәтижеге жетуге көмектеседі.

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО мектепке дейінгі білім беру педагогтеріне курстан кейінгі сүйемелдеуді іске асырды. Тыңдаушылар 800 мемлекеттік тапсырма бойынша оқыту аяқталғаннан кейін өздерінің оқу траекторияларын жалғастырды.

Педагогтер бастауыш мектеппен сабақтастықтың жаңа тәсілдерін, ойындық және іс-әрекеттік технологиялардың қағидаттарын, мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудың инклюзивті практикасы мен жекелендіруін, мектепке дейінгі ұйымды басқару үдерісін оңтайландыру үшін цифрлық білім беру ресурстары мен платформаларын қолдануды және т.б. өңдеді.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің алуан форматтарының міндетті минимумы педагогтерге оқытудағы сабақтастық қағидатының маңыздылығын кәсіби түсіну мақсатында әзірленді және іске асырылды. Табысты тәжірибелер әдістемелерін апробациялау және педагогикалық қызметке супервизия ҚР Оқу-ағарту министрлігі Мектепке дейінгі білім беру департаменті ұсынған тірек балабақшалар, тірек консультациялық орындар және тірек мектептер базасында жүргізілді.

Жас педагогтер үшін жеке және топтық тәлімгерлік жүйесі құрылды, педагогтің рефлексивті күнделіктерін дайындау бойынша тьюторлық сүйемелдеу

жүзеге асырылды.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш мектеп педагогтерінің үздіксіз және жүйелі бірлескен жұмысы мақсатында кәсіби қауымдастықтар, онлайн форумдар, әдістемелік қолдау чаттары, педагогикалық өнімдердің цифрлық әдістемелік жинақтары қалыптастырылды.

Сондай-ақ педагогикалық тәжірибелер фестивальдері, әдістемелік конференциялар, тақырыптық кәсіби конкурстар кең таралды. Осы іс-шаралар шеңберінде педагогтің үздік педагогикалық портфолиолары мен кәсіби өсуінің жеке кейстері презентацияланды.

Тыңдаушылардың сабақтарына қатысу және кейіннен қолданылатын әдістемелік шешімдерді талқылау мен түсіну бойынша көшбасшылар Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының филиалдары болды. Қарағанды облысы бойынша Ұлытау облысы өкілдігімен филиал педагогтердің алған құзыреттерді практикалық қызметке енгізуге бағытталған семинарлардың ең үлкен көлемін қамтамасыз етті.

2025 жылы орта білім беру педагогтерінің нақты мектеп, сынып және оқушылар ерекшеліктері жағдайында жаңа оқыту әдістемелері мен технологияларын бейімдеуді әдістемелік сүйемелдеу күшейтілді. Курстан кейінгі сүйемелдеуде формальды тәсілді болдырмау мақсатында мектеп педагогтері тренерлер мен әріптестерден уақтылы кәсіби кері байланыс/рефлексия алды.

Кәсіби мүдделер бойынша педа-



III  
one  
gun  
ne

гогикалық қауымдастықтарды нығайту ынтымақтастық және әдістемелік қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті. Білім беру бағдарламаларының тиімділігі оқу-тәрбие үдерісіндегі және оқушылардың білім беру жетістіктеріндегі нақты өзгерістерді мониторингілеу арқылы тіркелді.

Педагогтерді курстан кейінгі сүйемелдеу форматтары тақырыптық кластерлерге сәйкес сараланды. Білім беру бағдарламалары үшін:

- пәндік бағыттылық - сабақтарды әзірлеу практикумдары, өзара байланыс және сабақтардың бейнежазбаларын бірлесіп талдау, әдістемелік шеберханалар, пәндік кәсіби желілік топтар;

- функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша - тапсырмаларды конструкциялау бойынша әдістемелік практикумдар, педагогтердің білім беру ресурстарына сараптама, оқушылардың жобалық жұмыстарын талдау, пән мазмұнына сауаттылықтың әртүрлі бағыттарын интеграциялау бойынша жеке/топтық консультациялар, нәтижелі тәжірибелерді презентациялау және тираждау;

- инклюзивті және арнайы білім беру - сабақтар мен түзету іс-шараларына бару, оқушыларды жеке сүйемелдеу кейстерін талдау, педагог-ассистенттерге супервизия, бағдарламаларды бейімдеуде тәлімгерлік, пәнаралық командалардың кеңестері және т.б.;

- басшылар мен әдіскерлер - басқарушылық сессиялар және ата-аналар қауымдастығымен өзара әрекеттесудің нақты кейстерін талдау, коучинг және

мектепті дамыту бағдарламаларын әзірлеу, тәрбиелік іс-шараларға бару және талдау, құндылықтарды оқу үдерісіне интеграциялау бойынша кеңестер, үздік тәрбие тәжірибелерін презентациялау, кәсіби басқарушылық қауымдастықтар құру;

- білім беру үдерісін цифрлық трансформациялау жағдайындағы цифрлық профиль - педагогикалық практикада цифрлық білім беру өнімдерін пайдалану бойынша zoom-вебинарлар, IT-сала және ЖИ технологиялары мамандарын тарта отырып әдістемелік коучинг, желілік қауымдастықтар және педагогтерді нәтижелі қолдаудың басқа бағыттары.

Курстан кейінгі сүйемелдеу форматтарын білім беру бағдарламаларының тақырыптық санаттары бойынша жіктеу 2025 жылы біліктілікті арттыру курстарымен қамтылған 60 мыңнан астам орта білім беру педагогінің білім базасын/әдістемелік портфолиосын құрылымдауға мүмкіндік берді. Жалпы 3 мыңнан астам түрлі форматты өзекті іс-шара өткізілді.

Нәтижелі ұйымдастырылған іс-шаралар: көшбасшылар Павлодар облысы (сабақтар мен тәрбиелік іс-шараларға қатысу және бақылау), Маңғыстау облысы (әдістемелік конференциялар), Шымкент қ. (шеберлік сыныптары), Солтүстік Қазақстан (практикаға бағытталған семинарлар). Орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің қорытындылары мен ұсыныстарымен өңірлік талдау қорытындылары филиалдармен/өкілдіктермен жұмысқа қабылданды.

## 2.4. Әдістемелік басылымдар – педагогтерге кәсіби қолдау көрсететін ресурс көзі

Ғылыми негізделген, практикаға бағытталған әдістемелік басылымдар білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде әзірленеді және педагогтердің педагогикалық жинағында құнды ресурстар болып табылады. 2025 жылы 22 атаумен әдістемелік әдебиет басып шығарылды, оның ішінде 2-уі жоспардан тыс. Мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, цифрлық және интерактивті білім беру технологияларын енгізу, пәндік оқыту әдістемелері (математика, физика, химия, тілдер, программалау және т.б.), педагогтердің зерттеу практикалары (Lesson Study, Action Research), педагогтердің кәсіби өсуіне тәлімгерлік және сүйемелдеу және т.б. сияқты педагогтерге сұранысқа ие өзекті тақырыптарды қамтиды.

Барлық материалдар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінде (РОӘК) сараптамалық бағалау рәсімінен өтті. Сараптама материалдардың нормативтік талаптарға сәйкестігін және олардың қолданбалы маңыздылығын қамтамасыз етті.

Басылымдардың құрылымы:

Әдістемелік құралдар (12) - теориялық және практикалық мазмұны бар жүйелі әзірлемелер, оқушылардың негізгі дағдыларын дамыту, заманауи әдістемелерді, цифрлық ресурстар мен зерттеу тәсілдерін білім беру үдерісіне енгізу арқылы оқыту сапасын және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.


Әдістемелік ұсыныстар (8) - жүйелі ойлау, цифрлық құралдар, үздіксіз дамудың заманауи моделі, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және өз қызметін рефлексивті талдау арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға және олардың практикасының сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар.

Тапсырмалар жинағы (1) - оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша.


Монография (1) - білім беру теңсіздігін азайту үшін ауылдық мектептер мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына бағытталған білім беру тәсілдері.







# «ҰСТАЗ» ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУ ҰЛТТЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ



### 3.1. Педагогтерді аттестаттау жүйесіндегі цифрлық платформа

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО педагогтердің кәсіби даму үдерістерін автоматтандырудың технологиялық негізі ретінде әзірленген, «Ұстаз» ұлттық платформасының жұмысын сүйемелдеп, оның тұрақты дамуын қамтамасыз етті (2025 жылдың 11 шілдесінде қызметте қолдану үшін енгізілді).

Платформадағы цифрлық шешімдер білім беру жүйесінің өзекті үрдістер мен педагогтер қауымдастығының сұраныстары бойынша әзірленуде. Бұл цифрлық сервистердің практикалық сұранысын және тиімділігін арттырады. Сенімді әдіснамаларға негізделген үдерістерді автоматтандыру бағалаудың негізгі қағидаттары - валидтілік, сенімділік және объективтілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Платформада әзірленген статистика модулі аналитикалық есептілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді, оның ішінде жүктелген материалдардың сапалық көрсеткіштері мен мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігі, аттестаттау комиссияларының шешімдері, сондай-ақ бағалаудағы алшақтық жағдайлары қамтылады. Бұл аттестаттау үдерісінің ашықтығы мен объективтілігін арттыруға ықпал етеді.

2025 жылы жасанды интеллект құралдарын енгізу басталды. ЖИ-ассистент педагогтерге аттестаттау рәсімін түсіндіруден бастап, жеке кәсіби бейінін талдау және әрі қарай кәсіби дамуына арналған ұсыныстарды қалыптастыруға дейінгі дербестендірілген сүйемелдеуді жүзеге асырады.

SuperApp Ustaz мобильді қосымшасын масштабтау жүзеге асырылуда. Біртұтас білім беру экожүйесінің әмбебап құралы Платформаның сервистеріне, цифрлық материалдарға, аналитикаға және дербестендірілген ұсыныстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Платформаны енгізу шеңберінде пайдаланушыларды оқытуға бағытталған кешенді іс-шаралар өткізілді. «Өрлеу» БАҰО филиалдарының қызметкерлеріне оқыту, педагогтер мен білім беру ұйымдарындағы деректерді енгізуге жауапты тұлғаларға арналған онлайн-семинар, кеңес беру және оқыту сессиялары ұйымдастырылды. Толық бейне-нұсқаулықтар дайындалды. Олар қажетті мәліметтерді толтыру сапасын арттыруға, өңірлер деңгейінде тәсілдердің біртектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Платформаны тестілеу қолданушылардың қатысуымен өткізілді. Кеңес беру қызметі «Техникалық қолдау» модулі арқылы Telegram-ботты пайдалану негізінде жүзеге асырылады. Мұндай механизм қолданушылармен жедел өзара қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді: сұраныстарды тез бағыттау, кері байланыс алу, алғашқы өтініштерді автоматтандыру арқылы қолдау қызметінің жұмысын оңтайландырады. Жұмыс барысында жедел әрекет ету Платформаның тұрақты жұмыс істеуіне, қолданушының тәжірибе сапасын арттыруға ықпал етті.

Платформаның жоғары технологиялық цифрлық ортасы Қазақстан-

дағы әр педагогтің кәсіби қызмет сапасын арттыруға ықпал етеді.

### **3.2. Цифрлық платформа арқылы педагогтерді аттестаттау рәсімін ұйымдастыру**

«Ұстаз» ұлттық платформасында педагогтерді аттестаттау рәсімі Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес ұйымдастырылды (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығы редакциясында).

2025 жылы аттестаттау «педагог-модератор» және «педагог-эксперт» біліктілік санаттарын беру немесе растау бойынша жүзеге асырылды.

Педагогтердің портфолиосы Платформада әртүрлі ақпараттық жүйелерден кіріктірілген автоматтандырылған деректерді жинау арқылы қалыптастырылды, одан кейін педагог пен деректерді енгізуге жауапты тұлғалар ақпаратты толықтырды. Бұл ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ахмет Байтұрсынұлы атындағы білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы «Талдау», ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, Ұлттық тестілеу орталығы және ҚР ҒЖБМ «Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы» ақпараттық жүйесі, «Жеке тұлғалар» және «Заңды тұлғалар» мемлекеттік дерекқорлары.

Платформа сабақты бақылаудың электрондық парақтары арқылы оқыту сапасын бағалау мүмкіндігін қамтамасыз етті. Бұл педагогтің күшті жақта-

рын белгілеуге, әрі қарай кәсіби дамуына кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Аттестаттау комиссиялары педагогтердің 2 миллионнан астам материалдарын онлайн-режимде қолайлы уақытта қарау мүмкіндігін алды және бағалау нәтижелерін электрондық цифрлық қолтаңбамен растады. Бұл аттестаттау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етті. Жүктелген материалдарсыз шешім қабылдауды болдырмай, субъективтілік тәуекелдерін азайтты.

Платформаны ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығымен интеграциялау педагогтердің білімін бағалау (ПББ) нәтижелерін қолмен жүктеуді толықтай жойды. Өтініш беру үдерісі жеңілдетілді, деректердің синхрондалуы автоматтандырылды, педагогтердің материалдарын бағалауға арналған электрондық бағалау парақтары енгізілді. Педагог кәсіби қызмет деректерін тексеру үшін Жеке кабинетін көру мүмкіндігіне ие, бірақ деректерді енгізу немесе өзгерту мүмкіндігі жоқ.

«Өрлеу» БАҰО 2025 жылдың ақпан айынан бастап еліміздің барлық өңірлерінде білім беру саласындағы басқару органдарының мобильді топтарымен бірлесіп, кең ауқымды ақпараттық жұмыс жүргізді.

Педагогикалық ұжымдарға Аттестаттау қағидалары, портфолионы

ресімдеу мен бағалауға қойылатын талаптар туралы, аттестаттау комиссияларының шешім қабылдау тәртібі мәселелері бойынша әдістемелік қолдау көрсетілді. Материалдарды жүктеу мен сабақты бағалау парақтарын толтыру бойынша техникалық сүйемелдеу қамтамасыз етілді.

Жалпы алғанда, есептік кезеңде

ZOOM платформасы арқылы мобильді топтар, білім беру ұйымдары педагогтері мен аттестаттау комиссияларының қатысуымен 718 онлайн-кездесу ұйымдастырылды. Қосылудың жалпы саны - 86 307. Офлайн форматта 266 кездесу өткізілді, оларға 79 762 педагог қатысты (9-кесте).

**9-кесте.** Педагогтерді аттестаттау мәселелері бойынша «Өрлеу» БАҰО өткізген ақпараттық жұмыс/2025ж.

№	Өңір	Кездесу саны	Адам саны	оның ішінде			
				онл	адам	офл	адам
1	Солтүстік Қазақстан	15	2589	13	2464	2	125
2	Қостанай	19	1426	18	1421	1	25
3	Ақмола	109	4656	99	4408	10	248
4	Алматы	136	8260	121	7182	15	1078
5	Алматы қ.	89	7972			89	7972
6	Атырау	126	2650	46	1180	80	1470
7	Шығыс Қазақстан	40	1244	40	1244		
8	Жамбыл	21	1791	4	633	17	1158
9	Жетісу	6	875	6	875		
10	Қарағанды	30	4900	30	4900		
11	Маңғыстау	33	2247	27	1789	6	458
12	Түркістан	25	67662	8	2400	17	65262
13	Ұлытау	17	574	15	516	2	58
14	Шымкент қ.	23	2127	7	813	16	1314
15	Астана қ.	15	12980	15	1298		
16	Ақтөбе	17	4995	17	4995		
17	Павлодар	16	7860	13	7800	3	60
18	Батыс Қазақстан	25	2634	17	2100	8	534
19	Абай	156	3861	156	3861		
20	Қызылорда	11	579	11	579		
21	«Өрлеу» БАҰО-ның орталық аппараты	55	24167	55	2416		
	<b>Барлығы</b>	<b>984</b>	<b>16604</b>	<b>718</b>	<b>8630</b>	<b>266</b>	<b>79762</b>

Ақпаратты кеңінен таратуға және қолжетімділікті қамтамасыз етуге «Instagram» және «YouTube» арналары арқылы тікелей трансляция ықпал етті. Жалпы 190 мыңнан астам қаралымды қамтыды.

Педагогтерге әдістемелік және техникалық қолдау көрсету мақсатында 30-дан астам нұсқаулық-әдістемелік материалдар әзірленді. Олар педагог, деректерді енгізуге жауапты тұлға, аттестаттау комиссиясы мүшелерінің іс-әрекеті туралы кезең-кезеңімен берілген алгоритмін қамтитын 15 бейне-нұсқаулық. Пайдаланушыға арналған практикалық нұсқаулық және 12 таныстырылым материалдары әзірленіп, білім беру ұйымдарына ұсынылды.

Платформаның педагогтерді аттестаттаудың цифрлық ресурсы ретіндегі тұжырымдамасы барлық өңірлерде Педагогтердің тамыз конференциясының

сараптамалық алаңдарында таныстырылды.

Педагогтерді аттестаттау аяқталғаннан кейін «Өрлеу» БАҰО нәтижелерді өңдеу мен ҚР Оқу-ағарту министрлігінің аналитикалық материалдарды дайындауда елеулі жұмыстар атқарды.

2024 және 2025 жылдардағы педагогтерді аттестаттаудың сандық көрсеткіштеріне жүргізілген салыстырмалы талдау «модератор» және «сарапшы» санаттары бойынша біліктілік санаттарын беру/растау санының едәуір төмендегенін көрсетеді (10-кесте). Бұл портфолио материалдарын бағалауға арналған цифрлық, стандартталған және ашық тәсілдің енгізілуімен, сондай-ақ аттестаттау нәтижелері мен қабылданған шешімдерді білім беру саласын басқару органдары тарапынан бақылау мүмкіндігінің қамтамасыз етілуімен байланысты.

**10-кесте.** Аттестаттау нәтижелері бойынша салыстырмалы талдау/2024-2025 жж.

Педагог-модератор				Педагог-сарапшы				2024 жылмен салыстырғандағы динамикасы (+/-)	
2024 жыл		2025 жыл		2024 жыл		2025 жыл			
өтініш берілді	санат расталды	өтініш берілді	санат расталды	өтініш берілді	санат расталды	өтініш берілді	санат расталды		
69 208	65 694 (95%)	62 354	39055 (62,6%)	37 611	35 449 (94%)	30 753	20 551 (66,8%)	модератор -32,4%	сарапшы - 27,2%

Жеке деректерді толтыру, материалдарды жүктеу және аттестаттауға қатысуға өтініш беру жұмыстары 2024 жылдың желтоқсан мен 2025 жылдың сәуір айы аралығында жүргізілді. Білім беру ұйымдары мен білім беру саласындағы басқару органдарында Педагогтерді аттестаттау қағидаларының

талаптарына сәйкес аттестаттау комиссиялары құрылды.

Аттестаттау рәсімінен өтуге барлығы 93 107 өтініш берілді, оның ішінде 62 354 өтініш «педагог-модератор» санатын, 30 753-і «педагог-сарапшы» санатын беру/растауға ұсынылды (11-кесте).

**11-кесте. Аттестаттау комиссияларының жұмыс нәтижелері/2025ж.**

Өңір	Барлық өтініш саны	Педагог-модератор			Педагог-сарапшы		
		барлығы	сәйкес келеді	сәйкес келмейді	барлығы	сәйкес келеді	сәйкес келмейді
Ақмола	4 570	2 733	1 914	819	1 837	1 445	392
Ақтөбе	4 844	3 240	1 902	1 338	1 604	1 098	506
Алматы	7 908	4 782	3 131	1 651	3 126	2 342	784
Астана қ.	3 753	2 813	2 072	741	940	401	539
Атырау	2 967	2 112	1 160	952	855	588	267
Шығыс Қазақстан	3 220	2 312	1 689	623	908	688	220
Жамбыл	5 877	3 720	2 049	1 671	2 157	1 315	842
Батыс Қазақстан	3 739	2 480	1 525	955	1 259	970	289
Қарағанды	4 511	3 261	2 311	950	1 250	797	453
Қостанай	3 476	2 381	1 502	879	1 095	720	375
Қызылорда	5 450	3 137	1 783	1 354	2 313	1 526	787
Маңғыстау	4 570	3 383	2 216	1 167	1 187	754	433
Павлодар	3 859	2 869	1 923	946	990	718	272
Солтүстік Қазақстан	2 823	1 855	1 214	641	968	692	276
Түркістан	12 698	8 306	4 042	4 264	4 392	2 584	1 808
Алматы қ.	6 195	4 700	3 377	1 323	1 495	910	585
Шымкент қ.	4 474	2 756	1 730	1 026	1 718	1 092	626
Абай	2 993	2 224	1 530	694	769	585	184
Жетісу	4 125	2 532	1 541	991	1 593	1 143	450
Ұлытау	1 055	758	444	314	297	183	114
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>93 107</b>	<b>62 354</b>	<b>39 055</b>	<b>23 299</b>	<b>30 753</b>	<b>20 551</b>	<b>10 202</b>

Педагогтердің портфолио материалдарының мәлімделген санатқа сәйкес келмеу жағдайлары Астана қаласында, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында басым. ПББ нәтижелерінің болмауына байланысты қабылданған «Сәйкес келмейді» шешімдерінің ең көп саны Түркістан, Атырау және Жамбыл облыстарында тіркелді. Түркістан және Қызылорда облыстарында портфолио мен ПББ нәтижелерінің сәйкес болмауы әлі де бар.

Кезекті аттестаттаудан өтуге өтініш бермеген 50 педагог бойынша аттестаттау комиссиялары бір жыл мерзімге бір санатқа төмендету туралы шешім қабылдады (ҚР БҒМ-нің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығы редакциясында). Педагогтердің портфолио материалдарын қарау кезеңінде аттестаттау комиссияларының 2 549 шешімі кері қайтарылып, қайта қаралды. Мұндай шешімдердің

ең көп саны Алматы және Астана қалаларында, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарында тіркелді.

Платформа қабылданған шешімдердің белгіленген талаптарға сәйкес болмау жағдайларын анықтауға мүм-

кіндік береді. Статистикалық деректерді талдау «Сәйкес келеді» шешімін қабылдау үшін портфолиода бір немесе бірнеше критерий бойынша дәлелдемелердің болмауын тіркеді (12-кесте).

**12-кесте.** Аттестаттау комиссияларының қабылдаған шешімдері мен Платформа деректеріндегі сәйкессіздік туралы ақпарат/2025ж.

№	Өңір	Барлық өтініш саны	Сәйкессіздік саны	%	Қосымша дәлелдемелерге сілтемелер ұсынылды	%
1	Солтүстік Қазақстан	2855	1053	37%	26	0,9%
2	Қостанай	3527	1232	35%	30	0,9%
3	Ақмола	4608	2143	47%	11	0,2%
4	Алматы	8009	3800	47%	50	0,6%
5	Алматы қ.	6020	2172	36%	33	0,5%
6	Атырау	2981	1364	46%	11	0,4%
7	Шығыс Қазақстан	3261	1306	40%	51	1,6%
8	Жамбыл	5919	3097	52%	35	0,6%
9	Жетісу	4152	2405	58%	1	0,0%
10	Қарағанды	4532	1886	42%	6	0,1%
11	Маңғыстау	4598	2673	58%	37	0,8%
12	Түркістан	12870	5960	46%	108	0,8%
13	Ұлытау	1063	519	49%	2	0,2%
14	Шымкент қ.	4592	2454	53%	3	0,1%
15	Астана қ.	3744	1583	42%	43	1,1%
16	Ақтөбе	4904	1976	40%	11	0,2%
17	Павлодар	3928	1544	39%	0	0,0%
18	Батыс Қазақстан	3755	1896	50%	14	0,4%
19	Абай	3035	1405	46%	1	0,0%
20	Қызылорда	5503	3146	57%	64	1,2%

Аттестаттау комиссияларының шешімдерін кері қайтару жөнінде түскен өтініштерді талдау аттестаттау комиссиялары мүшелері тарапынан жіберілетін типтік қателіктерді көрсетеді. Олардың қатарында қорытынды балл санының болмауы немесе есептеулердегі қателіктер, портфолио материалдары сәйкес келмеген жағдайда оң шешім қабылдау, барлық дәлелдемелері бар және талаптарға сәйкес болған кезде теріс шешім қабылдау, сондай-ақ ПББ нәтижелері мәлімделген санатқа сәйкес келмеген жағдайда оң шешім қабылдау сияқты жағдайлар.

Электрондық бағалау парақтарын енгізу балл қою тәсілдерін бірізден-

діруге және объективті әрі негізделген сараптамалық бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

2024–2025 оқу жылында «Ұстаз» ұлттық платформасында өткізілген аттестаттау науқаны педагогтердің біліктілік деңгейін объективті анықтау жүйесіндегі маңызды кезең болды.

Өтініш беру, портфолионы бағалау және шешім қабылдау механизмдерінің цифрлық форматта іске асырылуы аттестаттаудың әрбір кезеңінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етті. Қазақстанның ағарту жүйесіндегі педагог кадрлардың кәсіби қызметін бағалау мәдениетін және сапасын арттыруға ықпал етті.

## «ҰСТАЗ» ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ

**253 000+**  
педагог тіркелген

**93 000+**  
аттестаттаудан өтті

**13 000+**  
аттестаттау комиссиясы

**2,3 млн+**  
материал қаралды



«ҰСТАЗ»  
ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ  
AI-АССИСТЕНТІ:

ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАРҒА  
ЖАУАП БЕРЕДІ

ПЛАТФОРМАДА БАҒЫТ-БАҒДАР  
КӨРСЕТЕДІ

ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ  
ТЕХНИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН  
ЖЕДЕЛ ӘРІ ТИІМДІ ШЕШУГЕ  
МҮМКІНДІК БЕРЕДІ




**ТОЛЫҒЫРАҚ**



# IV

## ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҮЗДІКСІЗ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ



## 4.1. DIGITAL ORLEU цифрлық экожүйесі

«Өрлеу» БАҰО 2029 жылға дейінгі стратегиясы сабақтастық қағидаттары мен цифрлық шешімдер негізінде Қазақстан педагогтерінің кәсіби және мәдени капиталын арттыру маңыздылығын белгіледі.

Педагогтердің кәсіби даму моделіндегі цифрлық платформалар оқыту тәжірибесіне сапалы мультимедиалық ресурстарды енгізуге, заманауи оқыту технологияларына қолжетімділікті қамтамасыз етуге, деректерді басқару үдерістерін автоматтандыру арқылы негізделген және сындарлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО педагогтердің кәсіби даму жүйесінің цифрлық трансформациясын жеделдетті. Цифрлық

бастамаларды басқаруды жүйелеу және экожүйенің барлық негізгі үдерістерін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында алқалы консультативтік-стратегиялық орган - Ақпараттық технологиялар жөніндегі кеңес құрылды. Кеңестің қызметі цифрлық трансформация мен үдерістерді стандарттауда бірыңғай және келісілген тәсілді, заманауи цифрлық сервистерді енгізу жөніндегі шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етті.


Бұл педагогтердің кәсіби қызметін оқыту мен бағалау, дамыту мен қолдау үдерістерін қамтитын бірыңғай цифрлық архитектураны қалыптастыруға мүмкіндік берді (10-сурет).

10-сурет. Digital Orleu экожүйесі, 2025ж.

### ЦИФРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕ

#### ПБДҚ (ЕБДП) — ЦИФРЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

 Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің есебі	 Трениерлердің жүктемесін бөлу
 Сертификаттарды ЭЦҚ арқылы қол қою	 Жеке кабинет
 Курстарға онлайн тіркелу	 Педагог пен өкімшілік кабинеттері
 Сабаққа қатысу есебі	 Курстар бойынша орталықтандырылған есептер



КҚалыптасып жатқан цифрлық экожүйенің негізгі элементі ретінде LMS Orleu және LMS Beles жүйелерімен синхрондалған Педагогтердің бірыңғай дерекқоры (ПБД) айқындалды. Электрондық құжат айналымын автоматтандыру нәтижесінде шамамен 105 мың сертификат, 210 мыңнан астам электрондық құжат қалыптасып, 241 мыңнан астам оқыту бойынша мәлімет жинақталды.

LMS Beles цифрлық платформасын дамыту оқу үдерісін ұйымдастыруды дербестендіруге мүмкіндік берді. Платформада пилоттық нұсқамен екі білім беру курсы орналастырылып, 8 450 тыңдаушыны қамтитын 245-тен астам оқу тобы құрылды.

LMS Orleu жаңа буын цифрлық шешімдерін кезең-кезеңмен енгізу жағдайында білім беру үдерісінің тұрақты және үздіксіз болуын қамтамасыз ете отырып, жаппай оқытуды жүзеге асыратын сенімді инфрақұрылым мәртебесін сақтайды. 2025 жылы серверлік архитектура мен платформаның жұмыс үдерістеріне ауқымды оңтайландыру жүргізіліп, нәтижесінде 105 839 тыңдаушының оқуы қамтамасыз етілді.

Педагогтердің тегін онлайн курстарға қолжетімділігін MOOC Orleu жаппай ашық оқыту платформасы қамтамасыз етеді. Қазақстанның 250 мыңнан астам педагогі білім берудегі АКТ жөніндегі ЮНЕСКО институтымен бірлесіп әзірленген «ЖИ қолданылған

оқу үдерісі: генеративті модельдер және мұғалімге арналған промт-инжиниринг өнері» курсы толтық өту мүмкіндігіне ие болды.

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО-ның ішкі үдерістерін жүйелеу жұмыстары жалғастырылды. Wiki Orleu корпоративтік ресурсын енгізу нормативтік және әдістемелік материалдарды бірыңғай цифрлық кеңістікте шоғырландыруға мүмкіндік берді. Бұл үдерістерді стандарттауды қамтамасыз етіп, ақпаратқа қол жеткізу уақытын қысқартты, қолдау көрсету қызметтеріне түсетін жүктемені азайтып, бірыңғай корпоративтік білім беру алаңын қалыптастырды.

Тренерлік құрамды сертификаттау сапасын арттыру мақсатында тренерлердің кәсіби рефлексиясын тіркеудің бірыңғай құралы - Reflect & Review (RR) және Synaq тестілеу жүйесі енгізілді. Аталған цифрлық шешімдер тренерлердің әдістемелік қызметі мен кәсіби даярлығын объективті бағалауды қамтамасыз етеді.

2025 жылы «Келешек мектептері» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде Career платформасы іске қосылды. Платформаны ұлттық ақпараттық деректер жүйелерімен интеграциялау педагогикалық мамандықтар түлектерінің кейінгі кәсіби траекториясына мониторинг жүргізуге мүмкіндік берді. Платформада педагогикалық жоғары оқу орындарының 947 түлегі туралы сауалнама мәліметі қолжетімді.

## 4.2. IT-инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ету

Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның, ақпараттық жүйелер мен ресурстардың ақпараттық қауіпсіздігі деректердің құпиялылығын қамтамасыз етіп, цифрлық трансформацияның заманауи талаптарына сәйкес педагогикалық қауымдастықтың сенімін нығайтады. Бұл техникалық шаралардың синергиясын, персоналдың құзыреттерін дамыту мен ақпараттық қауіпсіздікке бағытталған ұйымдық мәдениетті қалыптастыруды талап етеді.

2025 жылы негізгі цифрлық сервистердің жұмыс істеуінің бірыңғай стандарттары ««Өрлеу» БАҰО» АКТ-жабдықтарын жарақтандыру және жаңарту нормалары» енгізілді.

Цифрлық сервистерді әзірлеу, енгізу және сүйемелдеу үдерістерін ауқымды

автоматтандыру аяқталды. Бұл жаңартулардың жылдамдығын арттыруға, инфрақұрылымның ақауға төзімділігін және қауіпсіздігін күшейтуге бағытталды. Kubernetes және GitOps негізінде DevOps және CI/CD үдерістері құрылып, негізгі сервистерді (Beles, MOOC, Keycloak, ID Cabinet, NCANode) жаңарту пайплайндары толық автоматтандырылды, мониторинг, масштабтау және кодты қорғау жүйелері енгізілді. AI-бастамаларын жүзеге асыруға және жұмыс орындарын орталықтандырылған басқаруға арналған техникалық база дайындалды. Аталған шаралар кешенін іске асыру «Өрлеу» БАҰО цифрлық инфрақұрылымының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етті (13-кесте).

**13-кесте.** Сервистердің жұмысын қамтамасыз ету шаралары/2025ж.

Жұмыс бағыты	Көрсеткіш	Толығырақ
Доменге қосу (AD)	90 ДК	Орталық Аппараттың (ОА) барлық компьютерлері <i>ao.orleu.edu.kz</i> доменіне қосылды.
Құрылғыларды басқару (Intune)	240 құрылғы	Microsoft Intune арқылы стандартталды. Құрылғыларды басқарудың Zero-touch моделі құрылды.
Сәйкестендіру	Entra ID/Connect	Entra Connect бапталды және Entra ID топтық құрылымы құрылды (филиалдар бойынша қауіпсіздік топтары, тарату топтары).
Серверлік инфрақұрылым	3 сервер Proxmox/ Harvester	ОА-ның 2 ішкі серверінде Proxmox VE кластері орналастырылды; Harvester HCI (1 бірлік) енгізілді.
Желілік инфрақұрылым	Желілерді толық қайта өңдеу	Екі кеңседе (ОА және оқу аудиториялары) желі қайта бапталды. Қашықтан басқару, пайдаланушы трафигі, серверлік жабдық және сымсыз қолжетімділік үшін VLAN бойынша контурларды бөлу жүзеге асырылды.



Орталықтандырылған қорғаныс платформасы енгізіліп, цифрлық сервистердің қауіпсіздік шаралары күшейтілді. Жұмыс станцияларына Dr.Web антивирустық жүйесін орнату аяқталды. Kaspersky Security Center Cloud Console заманауи шешіміне көшу мақсатында интеграция жүзеге асырылып, қауіпсіздік саясаттары әзірленіп бекітілді. Көшу үдерісінің бірқалыпты өтуін қамтамасыз ету үшін агенттер тестіленді.

Электрондық цифрлық қолтаңбамен жұмыс істеуге арналған NCANode сервисі оқшауланған және қорғалған инфрақұрылымға көшірілді. Entra ID жүйесінде кешенді қауіпсіздік саясаттары іске асырылды, желілік инфрақұрылымға аудит жүргізілді, жанжақты VLAN сегментациясы енгізілді.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында дербес деректерді өңдеу саясаты қабылданды, ақпаратты қорғауға бірыңғай тәсіл бекітілді. Киберқауіпсіздік мәдениетін арттыру аясында 700-ден астам қызметкер [www.citizensec.kz](http://www.citizensec.kz) порталында кибергигиена негіздері бойынша оқудан өтті.

«Ұстаз» үздіксіз кәсіби дамудың ұлттық платформасы ақпараттық қа-

уіпсіздік талаптарына сәйкестігі бойынша кешенді сынақтардан өтті. 2025 жылғы 20 мамырдағы ақпараттық қауіпсіздік функциялары бойынша №Ф-70/И-2025 хаттаманы, ақпараттық қауіпсіздік үдерістерін зерттеу бойынша №П-70/И-2025 қорытындыны, бастапқы кодтарды талдау бойынша №А-70/И-2025 актіні, жүктемелік тестілеу бойынша №Н-70/И-2025 хаттаманы және желілік инфрақұрылымды тексеру бойынша №С-70/И-2025 құжатты қоса алғанда, оң қорытындылар алынды.

АКТ-инфрақұрылымының домендік ортасында Active Directory өзектендірілген қауіпсіздік саясаттары енгізілді, қызметкерлердің жұмыс станцияларында өзекті сигнатуралармен қауіпсіздік саясаттарын қолдану арқылы антивирустық бағдарламалық қамтамасыз ету орнатылып бапталды.

Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының құралдарымен ақпараттық жүйелер мен ресурстарға мониторинг жүргізу аясында 2025 жылы 6 068 709 647 оқиға өңделді, корреляция нәтижелері бойынша 61 ескерту (алерт) анықталды.

### 4.3. Зияткерлік экожүйені дамыту және жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді енгізу

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО жеке-леген үдерістерді автоматтандырудан деректерді талдауға және ЖИ-модельдерін пайдалануға негізделген толық интеллектуалды цифрлық экожүйені қалыптастыруға көшу рәсімін бастады. Әртүрлі цифрлық жүйелердегі деректерді бірыңғай талдамалық контурға біріктіруге бағытталған орталықтандырылған Деректер қой-

масының (Data Warehouse) архитектуралық жобасы және Data Lake тұжырымдамасы әзірленді (11-сурет). Түрлі цифрлық жүйелердегі мәліметтерді бірыңғай аналитикалық контурға біріктіруге арналған орталықтандырылған Деректер қоймасының (Data Warehouse) архитектурасының жобасы және Data Lake тұжырымдамасы әзірленді (11-сурет).

**11-сурет.** Orleu зияткерлік экожүйесінің архитектурасы, 2025ж.



Негізгі функционалдық нәтиже ретінде аттестаттау деректерін, біліктілікті арттыру курстарынан өтуді, білім беру сервистеріндегі белсенділігін және кәсіби даму динамикасын біріктіретін Педагогтің бірыңғай цифрлық профилі жобасы айқындалды. Бұл тәсіл дербестендірілген цифрлық даму траекторияларын қалыптастыруға негіз болып, қабылданатын басқарушылық шешімдердің сапасын арттырады.

Архитектура сезімтал ақпаратты үшінші тарап сервистеріне беруді болдырмайтын және деректерді сақтау мен өңдеуге толық бақылауды қамтамасыз ететін on-premise форматта орналастыруды қарастырады. Цифрлық экожүйенің сервистік құрамдас бөлігін дамыту аясында үлкен тілдік модельдерді пайдаланатын диалогтық интеллектуалды агенттердің MVP нұсқалары әзірленді. Бұл



құралдар пайдаланушыларға кеңес беруге және әдістемелік жұмыстың бір бөлігін автоматтандыруға бағытталған. Қателердің алдын алу және ақпараттың өзектілігін қамтамасыз ету үшін Retrieval-Augmented Generation технологиясы енгізілді. Педагогтерді курстан кейінгі қолдау бағдарламасына арналған мамандандырылған интеллектуалды модульді әзірлеу басталды. Оның функционалы белгіленген әдістемелік талаптарға сәйкес сабақ жоспарларын автоматты түрде талдауды және әдістемелік ұсыныстарды генерациялауды қарастырады. Педагогтердің жеке даму траекторияларын автоматтандырылған негізде қалыптастыруға арналған ұсынымдық жүйенің тұжырымдамалық моделі әзірленді. Әзірленген алгоритмдер

аттестаттау нәтижелерін талдап, кәсіби қиындықтарды айқындайды және LMS каталогынан сәйкес келетін оқыту бағдарламаларын іріктейді. Мұндай тәсіл әр пайдаланушының кәсіби қажеттіліктеріне сай курстар ұсынылатын үздіксіз кәсіби дамудың мақсатты түрін қамтамасыз етеді. Алдағы уақытта ұсынымдық жүйе педагогтерді дербестендірілген оқытуға бағытталған интеллектуалды экожүйенің негізгі элементтерінің біріне айналады. Аталған бастамаларды іске асыру жасанды интеллект технологияларына негізделген интеллектуалды цифрлық ортаны қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақстандағы білім беруді дамытудың стратегиялық құжаттарында айқындалған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.





**ЖОБАЛЫҚ  
ІС-ӘРЕКЕТ - ПЕДАГОГТЕРГЕ  
САРАЛАЛАНҒАН ҚОЛДАУ**

## 5.1. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы

2024 жылдың қыркүйек айында Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған мектептерді басқару жүйесін әзірлеу қажеттілігін белгіледі.

«Өрлеу» БАҰО ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасымен педагогтердің кәсіби дамуының «Келешек мектептері» кешенді бағдарламасын әзірледі. Бағдарлама білім беру ұйымдарына педагогтерді тарту және іріктеу бойынша сараптамалық қолдау көрсетуді, кәсіби құзыреттіліктерді арттыруды және педагог қызметінің

тиімділігін мониторингілеуді қамтиды.

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО LMS платформасында бастауыш сынып педагогтері мен 10 негізгі пән бойынша (математика, физика, информатика, химия, биология, география, тарих, қазақ, орыс және ағылшын тілдері) онлайн-курс іске асырылды.

2025 жылы 6 757 педагог (26 директор, 107 директор орынбасары және 6 624 мұғалім) оқуды аяқтады. Оқуға 70,4%-ы 89 қалалық мектептің (4 756 адам), 29,6%-ы ауылдық жерлер (2 001 адам, 47 мектеп) тыңдаушылары қатысты (14-кесте).

14-кесте. Оқумен қамтылған мектептер саны, 2025 ж.

№	Өңір	Барлығы	Қала
1	Ақмола	9	2
2	Ақтөбе	7	6
3	Алматы	17	2
4	Атырау	4	3
5	Шығыс Қазақстан	7	5
6	Алматы қ.	7	7
7	Астана қ.	22	22
8	Шымкент қ.	12	12
9	Жамбыл	4	3
10	Батыс Қазақстан	5	2
11	Қарағанды	4	4
12	Қостанай	4	3
13	Қызылорда	6	3
14	Маңғыстау	5	3
15	Абай	2	1


16	Жетісу	1	1
17	Ұлытау	1	1
18	Павлодар	1	1
19	Солтүстік Қазақстан	2	2
20	Түркістан	16	6
	<b>Барлығы</b>	<b>136</b>	<b>48</b>

Педагогикалық өтілдің орташа көрсеткіші 13 жыл, орташа жасы - 38 жас. Педагогтердің жалпы санының 86% жоғары білімді, 11% жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ие, ал 3% педагогикалық колледж түлектері болып табылады.

Педагогтердің ең ауқымды үлесін «педагог» санатындағы мамандар құрады (28,7%). Одан кейінгі «педагог-модератор» (28,3%) және «педагог-сарапшы» (21,6%) санатындағы педагогтер.

Оқытудың тиімділігін бағалау және педагогтердің кәсіби дамуына қатысты кәсіби қажеттіліктерін анықтау мақсатында педагогтерді қорытынды тестілеуден өткізу жүргізілді. Офлайн курстан өтудің нәтижелілік көрсеткіші 92% құрады. Өңірлер бөлінісінде қорытынды бағалаудан өткен педагогтердің ең жоғары үлесі Жетісу облысында (100%) және Ақтөбе облысында (99,6%) тіркелді (12-сурет).


**12-сурет.** Педагогтердің қорытынды бағалау нәтижелері, 2025 ж.



Білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау келесі критерийлер бойынша жүргізілді: тыңдаушылардың оқу нәтижелерінің динамикасы (білімнің артуы) және тыңдаушылардың курстардың мазмұны мен ұйымдастырылуына қанағаттануы.

Алынған кәсіби құзыреттіліктердің өсу көрсеткішінің орташа мәні 8,2% құрады. Ең жоғары өсім Ұлытау (23,7%) және Алматы облысы (15,4%) көрсетті (13-сурет).

**13-сурет.** Тыңдаушылардың оқу нәтижелерінің динамикасы, 2025 ж.




Пәндер бойынша ең жоғары нәтижелерді «Ағылшын тілі» (84,8%), «Информатика» (84,4%) және «Математика» (82,7%) пәндерінің педагогтері көрсетті. Төмен көрсеткіштер «Тарих» (73,3%), «Химия» (76,1%) және «География» (78,0%) пәндері бойынша байқалады (4-қосымша).

Барлық 11 пән бойынша тапсырмалардың орындалуына тақырыптық талдау жүргізілді. Білім басқармаларына ұсынылған Power BI интерактивті дашборды әрбір тақырыптық бөлім

бойынша нәтижелерді көрсетеді. Бұл педагогтердің кәсіби дамуы үшін басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі реттеу, коммуникативтілік, стресске төзімділік және топтық, мектеп ортасында жұмыс істеуге дайындық сияқты негізгі көрсеткіштердің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында оқытатын пәндер бөлінісінде педагогтердің әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын (ЭЭД) бағалау жүргізілді (14-сурет).


**14-сурет.** Оқытылатын пәндер бөлінісінде педагогтердің ЭЭД қалыптасуының көрсеткіштері, %, 2025 ж.



Мемлекеттік тапсырма аясында офлайн форматта жоба бойынша салынған 136 мектептің 531 педагогі оқуды аяқтады, олардың 504-і педагогикалық қызметін жаңадан бастаған жас педагогтер болып табылады.

Педагогтердің басым үлесі мемлекеттік тілде оқыды - 83%. Өңірлер бөлінісінде тыңдаушылардың ең көп саны Астана қ. және Алматы облысында ұсынылған (15-сурет).

**15-сурет.** Өңірлер бөлінісінде оқудан өткен педагогтер туралы мәліметтер, офлайн форматы, 2025 ж.



Сонымен қатар 114 мектептің 4 277 педагогі үшін әдістемелік қолдау көрсету мақсатында цифрлық және ЖИ-шешімдер, STEM-зертханалар, инклюзивті оқыту тәжірибесі, топ құру және т.б. өзекті тақырыптар бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды.

2025 жылы еліміздің бес педагогикалық жоғары оқу орнының 917 түлегінің кәсіби дайындығы мен әлеуметтік-эмоционалдық дағдылардың (ӘЭД) қалыптасу деңгейін диагностикалық бағалау ұйымдастырылып өткізілді (Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті - 174 адам, Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті - 74, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті - 406, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті - 103, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті - 160). Мақсаты - «Келешек мектептері» кадр резервін қалыптастыру, жоғары оқу орнындағы дайындық пен кәсіби қызметтің сабақтастығын қамтамасыз ету.

Тестілеу барысында түлектердің 11 мектеп пәні бойынша пәндік құзыреттіліктерін бағалау қамтылды. Респонденттердің әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын өлшеу бөлімі өзін-өзі реттеу, коммуникация, стресске төзімділік және топ пен мектеп ортасында жұмыс істеуге дайындық дағдыларының қалыптасуын көрсетті. Диагностика қорытындылары бойынша 540 түлек кадр резервіне енгізілді.

Нәтижелер негізінде career.orleu.edu.kz сайтында түлектердің кәсіби дайындығының аналитикалық профильдері қалыптастырылды. Тестілеу нәтижелері, кәсіби құзыреттіліктердің көрсеткіштері және мансаптық қалаулары көрсетілген жеке профильдерге жоба мектептерінің директорлары қол жеткізе алады.

Диагностика нәтижелері аналитикалық материалдар форматында зерттеуге қатысқан педагогикалық ЖОО-ға берілді (түлектердің нәтижелері, анықталған қиындықтар және болашақ педагогтерді даярлаудың білім

беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар).

2025 жылы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасымен «Өрлеу» БАҰО білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшылары қызметінің тиімділік рейтингін әзірлеуге және өткізуге қатысты (ҚР ОМ 2025 жылдың 28 тамыздағы № 197 бұйрығы). Мақсаты - кәсіби өсуге, мотивацияны арттыруға және білім беру жүйесіндегі үздік тәжірибелерді анықтауға жағдай жасау. Тұтастай алғанда, педагогтер қызметін бағалау әдістемесі білім беру ұйымдарының сапалы кадрлық әлеуетін арттыруға бағытталған объективті басқарушылық шешімдер қабылдаудың аналитикалық негізі ретінде қызмет етеді.

Енгізудің бірінші кезеңі үшін бастапқы алаң ретінде «Келешек мектептері» жобасы аясында жұмыс істейтін мектептер анықталды. Рейтинг екі негізгі компоненттің негізінде қалыптастырылды: жеке және ұжымдық тиімділік.

Бірінші компонент нақты педагогтің кәсіби нәтижелерін жиынтық бағалауды білдіреді, оның ішінде оқыту сапасы, пәндік білім деңгейі, ғылыми және әдістемелік іс-шараларға белсенділігі, білім алушылардың білім жетістіктері-

не кәсіби үлесі. Екінші компонент білім сапасының ұлттық және халықаралық зерттеулеріне мектептің қатысуы, түлектердің нәтижелері және оқушылардың жетістіктері сияқты білім беру және басқарушылық көрсеткіштер контекстінде бүкіл педагогикалық ұжымның жұмыс нәтижелерін көрсетеді.

Деректерді жинау 2025 жылдың қыркүйек-қазан айлары аралығында елдің 18 өңіріндегі 90 мектептің қатысуымен жүргізілді. Барлығы «Ұстаз» ұлттық платформасында тіркеліп, өздерінің кәсіби профильдерін толтырған 1186 педагог қатысты.

Талдау нәтижелері педагогтердің кәсіби тиімділігі деңгейінде жоғары вариативтіліктің бар екенін куәландырады. Қатысушылардың үштен бірі (33,4%) «тиімді» санатына енгізілген. Шамамен 19%-ы «тиімділігі жоғары» тобына жатқызылды. Зерттеуге қатысушылардың 27,6%-ы дамушы және 20,1%-ы даму динамикасы төмен деңгейлер арасында бөлінген. Деректер педагогтердің сапалық құрамының жеткілікті тұрақтылығын көрсетеді. Бұл ретте мектептердің педагогикалық ұжымдары одан әрі кәсіби дамудың нақты бағыттары белгіленген кері байланыс алды.

## **5.2. «943 - елдің нысаналы мектептерін дамыту» жобасы**

Білім беру ұйымдарына сараланған қолдау білім сапасын арттыру және мектептердің бірегей қажеттіліктері мен контекстік айырмашылықтарын ескере отырып, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін қажет. Әдістемелік ресурстар мен білікті педагогтер тапшылығын сезінетін мектептер білім беру тәжірибелерін дамытуға ерекше назар ауда-

руды талап етеді. Жобалық тәсілді іске асыру ресурстарды тиімді бөлуге және мектептердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді, бұл тұтас және сапалы білім беру экожүйесін дамытуға ықпал етеді.

«Өрлеу» БАҰО 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес «943 – еліміздің нысаналы мектептерін да-



мыту» жобасы аясында педагогтердің біліктілігін арттыруды жалғастырды. Педагогтердің пәндік білімдері мен әдістемелік құзыреттіліктерін өзектендіруге айтарлықтай басымдық берілді.

2025 жылы 11 пәндік салалар мен бағыттар бойынша білім беру бағдарламалары іске асырылды (бастауыш сыныптар, математика, физика, химия, биология, география, информатика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, тарих).

«Өрлеу» БАҰО LMS цифрлық білім беру платформасында базалық деңгейде 6 671 педагог оқуды аяқтады. Курстың мазмұны педагогтердің пәндік білімдерін тереңдетуге, оқыту сапасын арттыруға және білім алушылармен тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің ең үлкен үлесін «педагог» санатындағы мамандар құрады (42,1%). Одан әрі «педагог-модератор» (29,8%), «педагог-сарапшы» (16,4%), «педагог-зерттеуші» (10,8%) және «педагог-шебер» (0,3%) орналасты.

Оқытудың тиімділігін бағалау және педагогтердің кәсіби дамуына қатысты

қажеттіліктерін анықтау мақсатында педагогтерді қорытынды тестілеуден өткізу жүргізілді.

Тыңдаушыларды қорытынды тестілеумен толық қамтымау (100%-дан аз) дәлелді себептермен түсіндіріледі (уақытша еңбекке жарамсыздық, зейнетке шығу, жүктілік және босануға байланысты демалыста болу, сондай-ақ басқа да объективті жағдаяттар).

Қатысудың жоғары деңгейі әрдайым тест орындаудың жоғары сапасымен сәйкес келе бермейді. Ақмола облысы педагогтерінің қорытынды тестілеуге 100% қатысуы кезінде шекті деңгейді тек 78,3%-ы ғана өтті.

Атырау, Қызылорда және Жамбыл облыстарында да жағдай ұқсас. Қарағанды облысы, Ұлытау және Жетісу облыстары, Алматы қаласы тыңдаушыларының дайындығы сапалырақ екенін көрсетті. Шекті деңгейден өткендердің орташа көрсеткіші – 90%-дан астам.

Өңірлер бойынша тестілеу нәтижелері әртүрлі факторлармен, соның ішінде тестілеуге қатысушылардың сапалық құрамымен (біліктілік санаттары) байланысты болуы мүмкін (15-кесте).

**15-кесте.** Өңірлер бөлінісінде педагогтерді тестілеу нәтижелері/  
Базалық деңгей, 2025 ж.

№	Өңір	Тестілеуге қатысу, %	Шекті деңгейден өткендер, %
1	Ақмола	100,0	78,3
2	Ақтөбе	86,9	88,5
3	Алматы	91,5	77,6
4	Атырау	90,5	59,4
5	Шығыс Қазақстан	95,5	71,4
6	Алматы қ.	99,6	90,5
7	Астана қ.	91,8	76,8
8	Шымкент қ.	86,7	85,5
9	Жамбыл	92,6	65,8
10	Батыс Қазақстан	89,3	71,0
11	Қарағанды	87,5	94,9
12	Қостанай	98,3	77,6
13	Қызылорда	97,3	61,8
14	Маңғыстау	93,9	67,6
15	Абай	88,9	79,7
16	Жетісу	97,1	91,8
17	Ұлытау	83,3	93,8
18	Павлодар	95,3	71,9
19	Солтүстік Қазақстан	97,8	80,9
20	Түркістан	87,4	84,2
<b>Барлығы/орташа көрсеткіш</b>		<b>90,9</b>	<b>79,4</b>

Базалық курс тыңдаушылары ең жоғары көрсеткіштерді «Орыс тілі» (76,3%), «Математика» (72,2%), «Қазақ тілі» (72,9%), «Физика» (71,8%) және «Химия» (70,8%) пәндері бойынша көрсетті. Ең төменгі - «Информатика» (65,2%) және «Тарих» (66,3%).

Негізгі деңгейдің білім беру бағдарламалары педагогтерде білім алушылардың функционалдық оқу, математикалық, жаратылыстану-ғылыми және цифрлық сауаттылығын дамыту-

дың практикаға бағытталған тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру бағдарламаларының негізінде – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға арналған ұлттық және халықаралық зерттеулердің құралдары, PBL, SCAMPER әдістері, 5E моделі бойынша сабақтарды модельдеу, BioVirtLab виртуалды зертханалары және тағы басқа әдістер жатыр.

Білім беру үдерісіне цифрлық құралдарды интеграциялауға, соның

ішінде интерактивті платформалар мен мультимедиялық ресурстарға ерекше назар аударылды. Осы деңгей бойынша 5 өңірдің 4 648 педагогі оқудан өтті.

Аяқтау кезеңі ретінде педагогтер білім алушыларға арналған тапсырмаларды жан-жақты әдістемелік негіздемемен әзірлеп, түпнұсқалыққа тексеру міндетті рәсімінен өткізді. Әрбір жұмыс белгіленген критерийлер бойынша

бағаланды, олардың қосындысы жұмыс үшін қорытынды бағаны қалыптастырды.

Қорытынды тапсырманы орындау көрсеткіші осы деңгейдегі тыңдаушыларды даярлаудың тұрақты сапасын көрсетеді. Сонымен қатар, өңірлік нәтижелердің вариативтілігі педагогтердің кәсіби даярлық деңгейіндегі айырмашылықтарды көрсетеді (16-кесте).

**16-кесте.** Өңірлер бөлінісінде педагогтерді бағалау нәтижелері/  
Негізгі деңгей, 2025 ж.

№	Өңір	Барлығы, адам саны	Қорытынды жұмысты орындау, %
1	Шығыс Қазақстан	302	88,4
2	Жамбыл	2 744	83,3
3	Қызылорда	615	80,4
4	Павлодар	454	87,5
5	Солтүстік Қазақстан	533	87,0
<b>Барлығы адам/орташа көрсеткіш</b>		<b>4 648</b>	<b>84,1</b>

Алынған нәтижелер педагогтердің білім беру бағдарламасының келесі кезеңінен өтуге дайын екендігін растайды.

Кәсіби дамудың инновациялық және интеграцияланған тәсілдерін қарастыратын ілгерінді деңгейдегі білім беру бағдарламалары бойынша 9 өңірдің 9 163 педагогі оқудан өтті (17-кесте).

Бағдарламалар «Интерактивті оқыту: жайлы және тиімді білім беру

ортасын қалыптастыру», «Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдері», «Білім беру қызметінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті тиімді пайдалану» модульдері бойынша педагогтердің кәсіби қасиеттері мен құзыреттерін дамыту мақсатында әзірленген.

Қорытынды бағалау оқыту бағысында әзірленген сабақтың қысқа мерзімді жоспарларының жобаларын таныстыру форматында жүргізілді.

**17-кесте.** Өңірлер бөлінісінде педагогтерді бағалау нәтижелері/  
Ілгерінді деңгей, 2025 ж.

№	Өңір	Барлығы, адам саны	Қорытынды жұмысты орындау, %
1	Ақмола	365	85,0
2	Ақтөбе	654	82,5
3	Шығыс Қазақстан	518	87,1
4	Жамбыл	2 707	81,6
5	Батыс Қазақстан	1 311	88,2
6	Қызылорда	1 418	81,0
7	Павлодар	424	87,1
8	Солтүстік Қазақстан	517	86,0
9	Астана қ.	1 249	83,0
<b>Барлығы адам/орташа көрсеткіш</b>		<b>9 163</b>	<b>83,4</b>

Тыңдаушылардың жобалық жұмыстары белгіленген 8 критерий бойынша бағаланды, олардың қосындысы жұмыс үшін қорытынды бағаны қалыптастырды.

Бағалау нәтижелерін талдау функционалдық сауаттылықты дамыту және оқытуды саралау деңгейіндегі тиімділіктің бір мезгілде төмендеуі кезінде мақсат қою мен сабақты әдістемелік қамтамасыз етудің жоғары үй-

лесімділігін көрсетеді. Сабақ мақсатының оқу мақсаттарына сәйкестігі және әдістердің сабақ мақсаттарына жетуге бағыттылығы критерийлері бойынша ең жоғары мәндер тіркелді. Бұл ретте тыңдаушылар бағалау әдістері мен құралдарын таңдауда, сондай-ақ оқыту мен білім беруде цифрлық және ЖИ-технологияларын тиімді пайдалануда қиындықтарға тап болады (16-сурет).

**16-сурет.** Қорытынды жұмыстарды критерийлер бойынша орындау, %, 2025 ж.



Тыңдаушылардың оқу нәтижелерін басқару аспектісі маңызды. «Өрлеу» БАҰО педагогтердің негізгі және жоғары деңгей курстарынан өту қорытындыларымен таныстырды және өңірлік білім басқармаларына ұсынды. Power BI дашбордтарының интерактивті форматы оқу нәтижелерін көрнекі визуализациялайды, мектептер мен тыңдаушылардың даярлық деңгейлері бойынша көрсеткіштердің динамикасын қадағалауға, сондай-ақ өңір педагогтерінің біліктілігін арттыру сапасын жақсартуға бағытталған негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, «943 - елдің нысаналы мектептерін дамыту» жобасы аясындағы білім беру бағдарламаларын іске асыру білім беру қызметінің сапасын арттыру үшін педагогтердің өзектендірілген кәсіби құзыреттіліктерінің маңыздылығын көрсетеді.

14 482 педагогтің курстан кейінгі сүйемелденуі жалғастырылды. Педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін ескере отырып, әртүрлі форматтағы шамамен 600 іс-шара жүзеге асырылды (сабақтарды бақылау, жеке консультация-

циялар, вебинарлар, шеберлік сыныптары, семинар-сессиялар).

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған практикалық тапсырмаларды әзірлеу мәселелері бойынша бастауыш сынып педагогтері мен пән мұғалімдеріне арналған 13 практикалық семинар әзірленді.

7 мыңнан астам сабақты бақылау бойынша педагогтерге кері байланыс берілді. Педагогтерді қолдау күндізгі және қашықтық форматтарында жүзеге асырылады, бұл іс-шараларға кең қолжетімділікті және қатысу икемділігін қамтамасыз етеді.

Үздіксіздік, әрі жүйелі әдістемелік қолдау мақсатында өңірлік әдістемелік қызметтерге арналған оқыту семинарлары ұйымдастырылды.

Тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу материалдарына жүргізілген талдау және алынған білімді тәжірибеге енгізу бойынша адрестік ұсыныстар беру педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің тұрақты дамуын және білім беру тәжірибесінде сапалық өзгерістерге қол жеткізуді қамтамасыз етті.

### **5.3. «Ауылдық және шағын жинақты мектептерге қолдау көрсету» жобасы**

Еліміздің ауылдық шағын жинақты мектептеріндегі (ШЖМ) оқыту сапасын арттыру, қала мен ауыл арасындағы алшақтықты қысқарту Қазақстанның оқу-ағарту жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып табы-

лады.

Бұл бағытта «Өрлеу» БАҰО педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінің негізгі провайдері ретінде еліміздің ауылдық және шағын жинақты мектептеріне кәсіби қолдау көрсету шара-

ларының кешенін жүзеге асырады.

Цифрлық шешімдер әзірленуде, педагогтердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламалары іске асырылуда, қалалық және ауылдық мектептердің білім беру мүмкіндіктеріндегі алшақтықты қысқартуға бағытталған оқыту және білім беру тәсілдері өзектендірілуде. Әдістемелік қолдау және ауыл педагогтерінің кәсіби қауымдастықтарға белсенді қатысу мүмкіндігі маңызды бағытқа айналды.

«Өрлеу» БАҰО филиалдары маңызды жұмыс атқаруда. 2025 жылы Филиалдар мен өкілдіктердің 2029 жылға дейінгі зерттеу қызметінің тақырыптық жоспары қабылданды. ШЖМ педагогтерін кәсіби дамытуға қолдау көрсетудің пәрменді шараларының негізгі әзірлеушілері Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының филиалдары болды. Базалық алаңдарды анықтау өңірлік ерекшеліктерге байланысты. Мектептердің географиялық шалғайлығы білім беру ресурстары мен біліктілікті арттыру бағдарламаларына қол жеткізуді қиындатады. ШЖМ педагогтері жас айырмашылығы мен дайындық деңгейі әртүрлі білім алушылар оқытын біріктірілген сыныптар жағдайында жұмыс істейді. Ресурстық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі және пәнаралық өзара іс-қимылдың тапшылығы білім беру тәсілдерін іске асыруда қиындықтарға және оқыту сапасының төмендеуіне алып келеді.

Өңірлік филиалдар қадамдық іс-қимыл жоспарын жүзеге асыруды бастады. Жұмыс форматтары: өңірлік кәсіби қауымдастықтар, педагогтердің

тақырыптық бірлестіктері, тәлімгерлік және менторлық, бірлескен педагогикалық жобалар, қашықтықтан әдістемелік көмек көрсетудің цифрлық алаңдары және т.б.

Қостанай облысы бойынша филиалдың жұмысы маңызды және көп қырлы. Онлайн-форматта ШЖМ педагогтеріне арналған «ШЖМ жағдайында оқытудың тиімді үлгілері: біріктірілген сабақтар және жеке білім беру траекториялары» кейс-арена ұйымдастырылды. «Білім беру тесттері мен тапсырмаларын жасауға арналған онлайн-сервистер» практикаға бағытталған вебинары өткізілді. Біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушылары үшін «Шағын жинақты мектеп жағдайында пәндерді оқытуда цифрлық білім беру платформаларын тиімді пайдалану» тақырыбында топтық кеңес ұйымдастырылды.

Филиалдың ғылыми-зерттеу қызметі аясында ШЖМ педагогтері үшін өзекті тақырыптар бойынша оқытушылардың зерттеу әзірлемелері бастау алды (ағылшын тілінде оқу дағдыларын дамыту үшін British Council ресурстарын пайдалану, ШЖМ-нің төмен цифрлық жабдықталуы жағдайында математикалық тапсырмаларды саралау үшін промпт-инжиниринг, техникалық мүмкіндіктер шектеулі болған кезде ЖИ қолданумен биология бойынша визуалды органайзерлер, цифрлық инфрақұрылым шектеулі жағдайда генеративті ЖИ көмегімен бағалау, ШЖМ-де генеративті ЖИ пайдалана отырып Python бойынша тапсырмаларды саралау және т.б.).

2026 жылы «Болашақ білім беру технологиялары: шағын жинақты мектептер үшін бейімдеу қиындықтары және оларды іске асыру жолдары» республикалық ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыру жоспарланды.

Солтүстік Қазақстан облысының филиалы 2025 жылы «Ауылдық мектеп педагогтерінің үздіксіз кәсіби дамуы» зерттеу қызметінің бірінші кезеңін іске асыруды бастады. Жұмыс форматтары: ШЖМ педагогтерін ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, педагогтердің біліктілігін арттыру және курстан кейінгі сүйемелдеу, білім беру шешімдерін апробациялау және енгізу, ақпараттық-медиа қызмет және тәжірибені таратау, желілік өзара әрекеттесу және серіктестік. Ауылдық мектептердің жұмыс ерекшелігі мен оқыту жағдайла-

рының ерекшеліктерін ескеретін педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының бейімделген өңірлік моделі жасалады. Тірек және базалық ауылдық мектептердің тұрақты желісі әдістемелік қолдау және үздік педагогикалық тәжірибе алмасу орталықтарына айналады.

2025 жылы ауылдық мектептер мен ШЖМ педагогтерін өзекті білім беру бағдарламаларымен оқыту жалғастырылды. Мемлекеттік тапсырма аясында біліктілікті арттыру курстарымен ауылдық және ШЖМ-нің 37 950 педагогі (54,7%) қамтылды.

Тыңдаушыларды қамтудағы ең жоғары деңгей цифрлық технологияларды қолдану арқылы ШЖМ әлеуетін дамытуға бағытталған білім беру бағдарламалары бойынша байқалды (93,3%) (18-кесте).

**18-кесте.** Оқыту бағыттары бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру, 2025ж.

№	Оқыту	Кол-во педагогов	оның ішінде		% охвата педагогов сельских школ
			бағыты	Педагогтер	
	<b>Барлығы</b>	<b>69346</b>	<b>31396</b>	<b>37950</b>	<b>54,7</b>
1	Менеджмент	3860	1564	2296	59,5
2	Пәндік курстар	48277	21868	26409	54,7
3	Арнайы және инклюзивті білім беру	7259	3771	3488	48,1
4	Цифрлық технологияларды дамыту	563	38	525	93,3
5	Функционалдық сауаттылықты дамыту	2910	1105	1805	62,0
6	Пәнаралық курстар	6477	3050	3427	52,9

Ауылдық ШЖМ басшылары цифрландыру жағдайында білім беру үдерісін тиімді басқару үшін қажетті кәсіби құзыреттіліктерді дамыту бойынша оқудан өтті. Бағдарламаны іске асыру басқарушылық дайындық деңгейін арттыруда ауылдық ШЖМ басшыларының цифрлық білім беру ортасын жобалауға, мектепішілік бақылауды ұйымдастыруға және білім сапасын цифрлық құралдарды қолдана отырып мониторингтеуге ықпал етті. Оқыту интерактивті және практикаға бағытталған әдістерді қолдана отырып, күндізгі және онлайн форматтарында жүргізілді.

ШЖМ педагогтеріне арналған білім беру бағдарламаларының мазмұны заманауи педагогикалық техноло-

гиялар, соның ішінде цифрлық шешімдер негізінде оқыту бойынша кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған. Оқыту қорытындылары бойынша педагогтер пәндік және әдістемелік құзыреттіліктің өсуін, біріктірілген сынныптар жағдайында жұмыс істеу шарттарында сабақтарды, практикалық тапсырмаларды жобалауға, сондай-ақ заманауи педагогикалық технологияларды қолдануға дайындығын көрсетті.

Өңірлер бөлінісінде ауыл мектептері педагогтерінің біліктілікті арттыру курстарымен ең жоғары қамтылу деңгейі Алматы (81,2%), Түркістан (80,7%) және Солтүстік Қазақстан (70,1%) облыстарында тіркелді (19-кесте).

**19-кесте.** Өңірлер бөлінісінде педагогтердің біліктілігін арттыру, 2025ж.

№	Өңір	Барлығы, адам саны	оның ішінде		Ауылдық мектеп педагогтерін қамту %
			қала	ауыл	
Барлығы		69346	31396	37950	54,7
1	Ақмола	3156	1258	1898	60,1
2	Ақтөбе	3620	1967	1653	45,7
3	Алматы	5983	1125	4858	81,2
4	Жетісу	2855	1193	1662	58,2
5	Атырау	2350	1255	1095	46,6
6	Шығыс Қазақстан	2202	928	1274	57,9
7	Абай	2303	1309	994	43,2
8	Жамбыл	5075	1952	3123	61,5
9	Батыс Қазақстан	2905	972	1933	66,5
10	Қарағанды	3195	2108	1087	34,0
11	Ұлытау	730	600	130	17,8
12	Қостанай	2606	855	1751	67,2
13	Қызылорда	4100	1379	2721	66,4
14	Маңғыстау	2589	988	1601	61,8
15	Павлодар	2505	1044	1461	58,3
16	Солтүстік Қазақстан	2031	608	1423	70,1
17	Түркістан	11512	2226	9286	80,7
18	Шымкент қ.	3233	3233	0	0,0
19	Алматы қ.	3710	3710	0	0,0
20	Астана қ.	2686	2686	0	0,0

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО ШЖМ-де оқыту әдістемесі бойынша білім беру бағдарламалары мен ОӘК әзірлеу және жаңартуды аяқтады. «Шағын жинақты мектептерде біріктірілген оқытуды жүзеге асыру үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект» бағдарламалары бойынша сараптамалық бағалаудың барлық рәсімдері өткізілді. Бағдарлама оқушысы аз жинақталған шағын сыныптар жағдайында оқу пәндерін біріктіріп оқытудың тиімді модельдерін енгізуге бағытталған. Бағдарламаның мазмұны педагогтерде цифрлық білім беру ресурстары мен ЖИ-құралдарын қолдану бойынша кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

«Өрлеу» БАҰО филиалдары ауылдық мектептер мен ШЖМ педагогтерінің сұраулары бойынша маңызды жұмыстар атқарылды. Офлайн-онлайн форматтарында 50-ден астам практикаға бағытталған сессиялар, 25 вебинар, 5 шеберлік сыныбы және 20-дан астам басқа іс-шаралар ұйымдастырылды.

Негізгі тақырыптар: цифрлық және ЖИ-шешімдер, пәндік білімдерді өзектендіру, инклюзивті оқыту, білім алушылардың зерттеу және жобалық қызметі, жас педагогтердің кәсіби дамуы, үздік тәжірибелер алмасу, авторлық бағдарламалар, T&T алаңы және т.б.

Ауылдық мектептер мен ШЖМ педагогтерінің кәсіби қызметінің ерекшелігін ескере отырып «Өрлеу» БАҰО жүзеге асырған шаралар кешені жүйелі сипатқа енді. Нәтижесінде үздіксіз кәсіби даму мүмкіндіктері кеңейді, білім беру үдерісін әдістемелік сүйемелдеу күшейтілді. Күндізгі, қашықтықтан және аралас оқыту нысандарын пайдалану педагогтерді әртүрлі форматтағы іс-шаралармен барынша қамтуға ықпал етті.

Тұтастай алғанда, бұл ауылдық мектептерде өзекті білім беру технологиялары мен тиімді педагогикалық тәжірибелерді енгізуге, кәсіби өзара әрекеттесуді дамытуға және ауылдық білім берудің кадрлық әлеуетін нығайтуға ықпал етеді.

#### **5.4. «Шетелдегі мектептерде қазақ тілінде білім беруді жүзеге асыратын педагогтерге кәсіби қолдау көрсету» жобасы**

ҚР Оқу-ағарту министрлігі Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Моңғолияға мемлекеттік сапарының (2024 жылғы қазан) қорытындылары бойынша тапсырманы іске асыру мақсатында «Өрлеу» БАҰО тарапына арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастыру арқылы Моңғолияның қазақ тілді мектептерінің мұғалімдерін даярлауға жәрдемдесу міндеті қойылды.

«Шетелдегі мектептерде қазақ тілінде білім беруді жүзеге асыратын педагогтерге кәсіби қолдау көрсету» жобасы 2025 жылы Моңғолия Білім және ғылым министрлігі Білім беруді басқарудың бас басқармасы Білім алушыларды дамыту департаментінің қолдауымен іске асырылды.

2025 жылдың желтоқсанында пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту (CLIL) әдістемесін және қазақ тілі

мен әдебиетін оқытудың заманауи тәсілдерін қолданудың практикалық тәжірибесі бар «Өрлеу» БАҰО Қостанай және Павлодар облыстары, Шымкент қ. филиалдарының оқытушылар тобымен жұмыс жүзеге асырылды.

Біліктілікті арттыру курстары Баян-Өлгий ауданында (Моңғолия) офлайн форматта өткізілді. Оқытуға Моңғолия мектептерінде қазақ тілінде сабақ беретін 112 педагог қатысты.

«CLIL және ЖИ интеграциясы: пән мен тілді кіріктіріп оқытудың заманауи әдістемесі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні педагогтерінің әдістемелік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» білім беру бағдарламалары «Өрлеу» БАҰО оқытушылар құрамымен әзірленді.

Мазмұндық тұрғыдан курстар педагогтердің пәндік, әдістемелік және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған теориялық және практикаға бағытталған модульдерді қамтыды.

«CLIL және ЖИ интеграциясы: пән мен тілді кіріктіріп оқытудың заманауи әдістемесі» бағдарламасы CLIL-тәсілін оқу үдерісіне енгізу, пәндік мазмұн мен

тілдік дағдыларды интеграциялау, сабақтарды жоспарлау мен өткізуде цифрлық және ЖИ-құралдарды қолдану мәселелерін қамтыды. Практикалық бөлім графикалық органайзерлер мен интерактивті тапсырмаларды пайдалана отырып сабақтар әзірлеуге бағытталды.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні педагогтерінің әдістемелік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» курсы оқытуда зерттеу тәсілдерін қолдануға, педагогтердің аналитикалық және рефлексивті дағдыларын дамытуға бағытталды.

2026 жылы алынған білім мен тәжірибелерді білім беру үдерісіне енгізуге бағытталған онлайн-вебинарлар арқылы педагогтерді курстан кейінгі сүйемелдеу жүзеге асырылады.

Болашақта жоба қатысушылары қазақ тіліндегі электронды білім беру ресурстарына қол жеткізе алады.

Жобаны іске асыру ұлттық мәдени және білім беру дәстүрлерін сақтау және этникалық сәйкестікті қолдаудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес келеді.

## **5.5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Қаржылық сауаттылық негіздері» жобасы**

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған «Әділ Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауында (2.09.2024ж.) «... мектептер мен ЖОО-ларда қаржылық сауаттылық пен

цифрлық гигиена негіздері бойынша білім беру бағдарламаларын енгізу қажет» деп белгіледі.

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, қаржылық сауат-



тылық негіздері бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курсының ұйымдастыру және өткізуге арналған цифрлық, мультимедиялық және интерактивті ресурстарды әзірлеу жобасынан бастау алды.

«Қаржылық сауаттылық негіздері» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Сараптама кеңесінің міндетті рәсімінен өтті.

Білім беру бағдарламасының ғылыми негізделген және практикаға бағытталған оқу-әдістемелік материалы сабақ сценарийлерін, кейстерді, презентациялық материалдарды, педагогтердің өзіндік жұмысына арналған тапсырмаларды қамтыды.

«Өрлеу» БАҰО әзірлеген мультимедиялық ресурстар кешені педагогтерге арналған 30 оқыту бейнероликтерін қамтыды. Бейнероликтердің

тақырыптары Ұлттық Банкпен бірлесіп анықталды (отбасында қаржылық сауаттылықты қалыптастыру, қаржы жүйесіне шолу, инфляция, кредиттер мен бөліп төлеу, зейнетақымен қамсыздандыру, инвестициялау негіздері, цифрлық активтер, Startup, қаржылық алаяқтық, қаржылық пирамидалар, жеке деректер мен ақшаны қорғау, қаржылық сауаттылықты оқытуда цифрлық құралдар және т.б.).

Екі жас аралық тобына (5-6 сыныптар және 7-9 сыныптар) білім алушыларға арналған 24 мультипликациялық ролик жасалды. Әзірленген материалдар «Өрлеу» БАҰО LMS-платформасында орналастырылып жүктелді.


Жобаны бастаудың ұйымдастырушылық құрылымы біліктілікті арттыру курсына тартылатын ҚР Ұлттық Банкінің 100 қызметкеріне арналған екі күндік тренинг өткізуді қамтыды. ToT (Training

of trainers) бағдарламасы бойынша тренингтерді біліктілікті арттыру жүйесінде көпжылдық жұмыс тәжірибесі бар «Өрлеу» БАҰО оқытушылары өткізді. Мақсаты: негізгі тренерлік құзыреттіктерді дамыту ақпараттық материалдарды презентациялау, тыңдаушыларды оқу үдерісіне белсенді тарту, топтағы жұмысты басқару, кері байланыс беру дағдылары және т.б. қамтыды. Тренинг негізінде ересектерді оқыту принциптері (андрагогика), Колб оқыту моделі және SBI, microteaching тәжірибелері, көпшілік алдында сөйлеу дағдылары қарастырылды. ҚР Ұлттық Банкі «Өрлеу» БАҰО оқытушыларының тренерлік дайындығының жоғары деңгейін атап өтті.

Біліктілікті арттыру курстары ҚР Ұлттық Банкінің өңірлік кеңселері мен «Өрлеу» БАҰО филиалдарының базасында ұйымдастырылды. Офлайн және онлайн форматтар елдің педагогтерін осы білім беру бағдарламасымен көбірек қамту мүмкіндігіне бағытталған.

2025 жылы офлайн форматта орта, техникалық және кәсіптік білім берудің 5 627 педагогі оқудан өтті (2026 жылы - 3 751 адам). Олардың 2 405-і (42,7%) ауылдық мектептердің педагогтері, қазақ тілінде оқытатын - 3 744 педагог (66,5%). Тыңдаушылардың орташа жасы 41, педагогикалық жұмыс өтілі - 13 жылды құрады (17-сурет).

**17-сурет.** «Қаржылық сауаттылық негіздері» білім беру бағдарламасы бойынша оқудан өткен педагогтер саны, 2025 ж.



Тыңдаушылардың басым үлесін орта білім беру ұйымдарының педагогтері құрады (79%). Оның ішінде «педагог-модератор» - 32,9% (1854 адам) және «педагог» - 30,4% (1708 адам) біліктілік санатындағы педагогтер ұсынылған.

Курстарды іске асыру ҚР Ұлттық

Банкінің қызметкерлері мен «Өрлеу» БАҰО оқытушылары қатарынан тренерлік-оқытушылық құрамымен (176 адам) қамтамасыз етілді.

Курстарды іске асыру сапасын бағалау мақсатында тыңдаушылардың бастапқы және қорытынды тестілеуі,

сауалнама ұйымдастырылып өткізілді. Мониторинг оқу нәтижелерінің динамикасын, курстың мазмұны мен

ұйымдастырылуына қанағаттану деңгейін, тренерлік құрамның сапасын талдауды қамтыды (20-кесте).


**20-кесте.** Бастапқы және қорытынды тестілеу нәтижелері, 2025 ж.

№	Өңір	Барлығы, адам саны	Тестілеу нәтижелері, макс. балдан %		Білім өсімі, %
			Бастапқы	Қорытынды	
1	Ақмола	318	70,3	88,4	17,9
2	Ақтөбе	364	67,0	89,7	22,7
3	Алматы	340	69,4	87,6	18,2
4	Атырау	180	60,5	85,6	25,1
5	Шығыс Қазақстан	226	69,4	91,8	22,4
6	Алматы қ.	399	67,4	91,1	23,6
7	Шымкент қ.	304	69,8	91,6	21,8
8	Астана қ.	255	76,0	89,2	13,2
9	Жамбыл	285	62,6	84,6	22,0
10	Батыс Қазақстан	380	65,4	86,5	21,1
11	Қарағанды	289	61,8	88,9	27,1
12	Қостанай	250	65,5	88,4	22,8
13	Қызылорда	286	63,6	90,2	26,6
14	Маңғыстау	201	60,9	93,2	32,4
15	Абай	317	65,6	89,0	23,4
16	Жетісу	256	70,1	89,0	18,9
17	Ұлытау	132	66,0	87,1	21,1
18	Павлодар	246	63,3	91,8	28,5
19	Солтүстік Қазақстан	201	75,3	93,1	17,7
20	Түркістан	398	64,3	89,1	24,8
<b>Барлығы/ Орташа мән</b>		<b>5627</b>	<b>66,7</b>	<b>89,2</b>	<b>22,5</b>

Бастапқы тестілеуде тыңдаушылардың көпшілігі 13-тен 21 балға дейінгі диапазонда орналасты, ал қорытын-

ды тестілеу көрсеткіштері - 23-тен 25 балға дейін жоғары мәндерді көрсетті (18-сурет).

**18-сурет.** Балдардың бөлінісі, %, 2025 ж.



Тыңдаушылар сауалнамасының нәтижелері өңдеуден өткізілді. Курс мазмұны бойынша қанағаттанудың орташа мәндері «өте жақсы» - 92,7%, курсты ұйымдастыру және өткізу бойынша «өте жақсы» - 93,3% (21-кесте).

**21-кесте.** Курсқа қанағаттануды бағалау, %, 2025 ж.

№	Өңір	Қанағаттану деңгейі					
		Курс мазмұны			Ұйымдастыру және өткізу		
		өте жақсы	жақсы	қанағат.	өте жақсы	жақсы	қанағат.
1	Ақмола	92,5	4,7	2,8	92,5	5,3	2,2
2	Ақтөбе	97,8	1,6	0,5	97,0	2,7	0,3
3	Алматы	89,1	8,8	2,1	89,1	9,1	1,8
4	Атырау	93,9	4,4	1,7	93,3	6,7	0,0
5	Шығыс Қазақстан	89,4	6,6	4,0	91,2	5,8	3,1
6	Алматы қ.	91,0	4,8	4,3	90,7	4,8	4,5
7	Шымкент қ.	96,7	1,3	2,0	98,4	1,6	0,0
8	Астана қ.	92,9	4,3	2,7	92,5	5,1	2,4
9	Жамбыл	89,5	4,9	5,6	91,2	4,9	3,9
10	Батыс Қазақстан	97,9	1,3	0,8	97,6	2,1	0,3
11	Қарағанды	84,4	9,7	5,9	86,2	9,3	4,5
12	Қостанай	98,0	0,8	1,2	99,2	0,8	0,0
13	Қызылорда	92,0	6,3	1,7	93,0	4,5	2,4
14	Маңғыстау	90,0	5,0	5,0	92,5	3,5	4,0
15	Абай	93,1	5,0	1,9	91,5	5,4	3,2
16	Жетісу	96,5	2,3	1,2	98,0	1,6	0,4
17	Ұлытау	84,8	12,9	2,3	86,4	10,6	3,0
18	Павлодар	97,2	2,4	0,4	95,9	3,7	0,4
19	Солтүстік Қазақстан	97,0	2,0	1,0	97,5	2,0	0,5
20	Түркістан	88,7	6,0	5,3	91,0	6,0	3,0
<b>Орташа мән</b>		<b>92,7</b>	<b>4,6</b>	<b>2,7</b>	<b>93,3</b>	<b>4,7</b>	<b>2,0</b>

Сауалнамала нәтижелері бойынша тренерлік жұмыс сапасына 96,1% «өте жақсы» жоғары бағасы қойылды.

«Қаржылық сауаттылық негіздері» курсының маңыздылығын анықтау

үшін тыңдаушылардың пікірінде негізгі дағдыларды меңгеруді бағалау ұсынылды. Бюджетті жүргізу үшін цифрлық құралдарды қолдану педагогтер үшін өзектілігін сақтауда (19-сурет).

**19-сурет.** Курс маңыздылығын бағалау, тыңдаушылардың жалпы санының %, 2025 ж.



Тыңдаушылар сондай-ақ білім беру бағдарламалары тақырыптарының практикалық маңыздылық деңгейін белгіледі. Қаржылық қауіпсіздік және отбасылық бюджетті қалыптастыруға байланысты тақырыптар сұранысқа ие болды («Қаржылық алаяқтық», «Қаржылық пирамидалар», «Отбасылық бюджет» - шамамен 97%).

«Өрлеу» БАҰО педагогтерді курстан кейінгі сүйемелдеу аясында жеке жоспарларды әзірлеуде адрестік консультациялық қолдау көрсетті (сабақпен сыныптан тыс іс-шараны жоспарлау және өткізу, білім алушыларды әртүрлі конкурстар мен олимпиадаларға даярлау, әдістемелік материалдар

әзірлеу, ата-аналар қауымдастығымен және әріптестермен өзара әрекеттесу, өз қызметінің нәтижелерін өзін-өзі бағалау және т.б.).

Педагогтердің әдістемелік материалдары (сабақ жоспарлары, бақылау парақтары, кері байланыс, өзін-өзі талдау) білім беру үдерісінде одан әрі пайдалану үшін цифрлық портфолио форматында LMS-платформасында жинақталады.

Жалпы алғанда, мониторинг нәтижелері курстың өзекті маңыздылығын және білім беру бағдарламасы контентінің педагогтердің кәсіби сұраныстарына сәйкестігін растайды.





VI

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ  
ҚЫЗМЕТІ**

## 6.1. Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясындағы жобалар

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес педагогтердің үздіксіз кәсіби даму жүйесінің ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту бойынша жүйелі жұмысын жалғастырды.

«Үздіксіз кәсіби дамудың ғылыми негіздері мен қолданбалы аспектілерін нығайту» міндетін іске асыру мақсатында гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру есебінен жүзеге асырылған екі ғылыми-техникалық бағдарлама аяқталды: «Аттестаттау шеңберінде мұғалімдердің кәсіби дамуын зерттеу» (2023–2025 жж.) және ұлттық консорциум құрамында іске асырылған «Күрделі әлем үшін білім беру аспектісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби даму жүйесін құру: парадигма, әдіснама, цифрлық құралдар» (2023–2025 жж.).

Зерттеу қызметі білім беру сапасын арттыруға бағытталған өзекті міндеттердің ғылыми негіздері мен қолданбалы аспектілерін нығайтуға, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытуға бағдарланған.

«Аттестаттау шеңберінде мұғалімдердің кәсіби дамуын зерттеу» жобасының мақсаты – педагогтердің аттестаттау үдерісін зерделеу және мұғалімдердің тиімді кәсіби дамуын айқындайтын факторларды анықтау.

Зерттеу аясында педагогтерден алынған деректерді, ұлттық ақпараттық жүйелерден алынған жеке мәліметті көрсетпейтін деректерді

пайдалану арқылы педагогтердің кәсіби дамуын бағалауға арналған құралдар әзірленіп, апробациядан өткізілді.

Зерттеу нәтижелері «Кәсіби өсу және даму: мұғалімнен шеберге дейін» біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасын (80 академиялық сағат) әзірлеудің негізіне алынды. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің оң сараптамалық қорытындысы алынды.

Білім беру жүйесі мамандарына арналған «Педагогтерді аттестаттау және кәсіби даму: мұғалімнің даму траекториясын құру: әдістемелік ұсынымдар» атты тәжірибеге бағытталған әдістемелік басылым әзірленді.

Негізгі тақырыптар «Ұстаз» кәсіби дамудың ұлттық платформасының талдамалық функционалын жаңарту шеңберінде өңделді.

Зерттеу материалдары ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған тізіміне енгізілген ғылыми басылымдарда, Scopus дерекқорында индекстелетін рецензияланатын журналдарда жарияланды, IAEA және AEA-Europe сияқты халықаралық ғылыми алаңдарда ұсынылды.

«Күрделі әлем үшін білім беру аспектісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби даму жүйесін құру: парадигма, әдіснама, цифрлық құралдар» жобасының мақсаты – жеке кәсіби қажеттіліктерді ескеретін, цифрлық құралдармен қолдау көрсетілетін педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының ғылыми негізделген жүйесін әзірлеу және апробациялау.



Зерттеуді іске асыру барысында педагогтерден тікелей алынған деректер, ұлттық ақпараттық жүйелерден алынған жеке мәліметті көрсетпейтін деректер пайдаланылды. Бұл кәсіби дамуға бағытталған мақсатты қолдауды қамтамасыз етуге және қабылданатын шешімдердің негізділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Бағдарлама консорциум шеңберінде жүзеге асырылды. «Өрлеу» БАҰО Консорциумның базалық ұйымы ретінде айқындалды. Консорциумның серіктес-мүшелері еліміздің жетекші жоғары оқу орындары - «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ, «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ, «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ және «Шәкәрім университеті» КЕАҚ.

Бағдарламаны іске асыру барысында педагогтердің жеке білім беру сұраныстарына бағдарланған, кәсіби дербестікті, рефлексиялық және зерттеушілік тәжірибелерді дамытуға бағытталған үздіксіз кәсіби даму моделі әзірленіп, апробациядан өткізілді. Цифрлық экожүйені және кәсіби фасилитаторлар желісін қалыптастыруға, білім беру бастамаларының тиімділігін бағалау жүйесін дамытуға ерекше назар аударылды.

Әзірленген шешімдер біліктілікті арттыру жүйесінде 65 мыңнан астам педагогтің қатысуымен апробациядан өткізілді және республикалық деңгейде кең ауқымда таратылды.

Бағдарлама нәтижесінде педагогтердің үздіксіз кәсіби даму цифрлық экожүйесінің архитектурасы дайындалды, кәсіби траекторияларын

қолдаудың аналитикалық басқарылатын механизмдерін енгізілді, білім беру бағдарламаларының, әдістемелік құралдардың және цифрлық сервистердің кешені әзірленді.

Бағдарлама нәтижелері Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдардағы мақалалар қоса алғанда, 42 ғылыми жарияланымда ұсынылды. Екі монография жарияланды: «Ресми және бейресми оқытуды интеграциялау жағдай-

ындағы үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесі» және «Қазақстан педагогтерінің үздіксіз кәсіби даму жүйесі: парадигмадан мониторинг пен мәселелердің цифрлық шешіміне дейін». Зияткерлік меншік объектілеріне қорғау құжаттары алынды. Ғылыми және қолданбалы нәтижелер практикалық пайдалану мен коммерцияландырудың жоғары әлеуетіне ие.

## 6.2. Жарияланымдық және ғылыми-әдістемелік әрекеттер



«Өрлеу» БАҰО-ның 2025 жылғы басылым белсенділігі тұрақты оң динамикамен сипатталады. Орталық аппарат және өңірлік филиалдар деңгейінде ғылыми-зерттеу әрекеттерінің жүйелі дамуын көрсетеді.

Қызметкерлердің ғылыми жарияланымдары педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы, педагогикалық қызметті аттестаттау және бағалау, білім беру бағдарламаларының педагогикалық дизайны, білім беруді цифрлық трансформациялау, әдістемелік сүйемелдеу және кәсіби қауымдастықтарды дамыту мәселелеріне арналған.

Есептік жылы «Өрлеу» БАҰО Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдарда, гранттық және бағдарламалық-нысаналы ғылыми жобаларды қоса алғанда, 12 мақала жариялады.



ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған тізіміне енгізілген ғылыми басылымдарына, ұлттық ғылыми-педагогикалық күн тәртібін дамытуға және зерттеулердің қолданбалы нәтижелерін таратуға бағытталған ғылыми басылымдарда 11 жарияланым жарық көрді.

Оқытушылар мен қызметкерлердің 400-ден астам жарияланымы республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарына ұсынылды.

Жарияланымдар зерттеу және аналитикалық жұмыстың, білім беру бағдарламаларының сапасына мониторинг жүргізу, цифрлық және ЖИ шешімдерін енгізу, отандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен кәсіби қауымдастықтарды дамытудың нәтижелерін көрсетеді.

2025 жылы 19 ғылыми-әдістемелік басылымның 18-і өңірлік алаңдарда апробациядан өткен ғылыми және

әдістемелік материалдарды тарату қамтамасыз етті. Қарағанды филиалының басылымы ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми журналдар тізіміне енгізілді.

Зерттеу нәтижелерін тарату бағытының маңызды бағыты олардың халықаралық ғылыми апробациясы болды. Осылайша, аттестаттау жүйесінде педагогтердің кәсіби дамуын зерттеу нәтижелері АЕА-Europe конференциясында (Нидерланды) ұсынылды.

Материалдар Cambridge Assessment, University of Cape Town, Trinity College Dublin және басқа да шетелдік ұйымдардың сарапшыларымен кәсіби талқылау тақырыбына айналды. Халықаралық сарапшылар ұсынылған тәжірибенің аналитикалық және практикалық әлеуетін атап өтіп, Қазақстан педагогтарын аттестаттау жүйесінің ерекшеліктеріне қызығушылық танытты.

### **6.3. Халықаралық/республикалық ғылыми-практикалық және оқу-әдістемелік іс-шараларды ұйымдастыру**

Ғылыми-зерттеу қызметі біліктілікті арттыру жүйесінде ғылыми білімді педагогикалық практикаға трансляциялаудың, білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер мен «Өрлеу» БАҰО-ның оқытушы құрамының кәсіби құзыреттерін арттырудың тиімді механизмдерінің бірі болып табылады.

Бұл нәтижелі кәсіби коммуникацияларды кеңейтуге және білім берудің өзекті мәселелерін талқылауға арналған біртұтас сараптамалық кеңістікті қалыптастыруға ықпал етеді.

2025 жылы 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру мақсатында «Өрлеу» БАҰО жетекші шетелдік және отандық ғылыми ұйымдармен нәтижелі серіктестік орнатты. Елдің ғылыми және педагогикалық қауымдастығының қатысуымен, жетекші халықаралық сарапшыларды тарта отырып, әртүрлі форматтағы кәсіби алаңдар ұйымдастырылды. «Өрлеу» БАҰО халықаралық/республикалық ғылыми-практикалық және оқу-әдістемелік іс-шараларды өткі-



зу туралы Ереженің жобасын (ғылыми-педагогикалық алаңдарды ұйымдастырудағы бірыңғай тәсілдердің регламенті) әзірледі.

«EduContinuum 2025. Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының стратегиялары мен технологиялары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция (қыркүйек, Астана қ.) педагогтердің кәсіби дамуының өзекті мәселелерін талқылауға арналған жыл сайынғы ғылыми-сараптамалық алаңды өткізудің бастамасын қалады. Аталған іс-шара «мектеп – біліктілікті арттыру орталығы – жоғары оқу орны» форматындағы мекемеаралық өзара іс-қимылдың маңызды кезеңіне айналды.

Негізгі спикерлер қатарында Назарбаев Университетінің, Иллинойс университетінің (АҚШ), Norwich Institute for Language Education (Ұлыбритания), ISTE-EDSO (АҚШ) өкілдері, қазақстандық ғалымдар мен педагогикалық білім беру саласының сарапшылары болды.

Талқылау барысында педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының өзекті аспектілері назарға алынды: оқытуды дербестендіру әдіснамасы, курстан кейінгі қолдау модельдері, педагогикалық қауымдастықтарды қолдауға арналған цифрлық және ЖИ-шешімдер және т.б.

Онлайн-офлайн форматта ұйымдастырылған конференция жұмысына 265 адам қатысты. Бұл ғылыми және педагогикалық қауымдастық өкілдерінің кең географиялық қамтылуын және қатысудың қолжетімділігін қамтамасыз етті. Ғылыми мақалалардың электрондық жинағы конференцияның ресми сайтында орналастырылған ([conf.orleu.edu.kz](http://conf.orleu.edu.kz)).

## **6.4. Филиалдар мен өкілдіктердің зерттеу қызметі: өңірлік контекст**

Өңір үшін басым бағыттар бойынша мақсатты ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын «Өрлеу» БАҰО филиалдары үздік педагогикалық тәжірибелерді жинақтау, талдау және трансляциялау орталықтарына айналуда.

Мұндай басқарушылық тәсіл орнықты кәсіби органы қалыптастыруға, педагогикалық инновацияларды дамытуға және өңірлік деңгейде білім беру нәтижелерінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Филиалдың тақырыптық зерттеу бағытын таңдау өңірдің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл педагогтердің нақты кәсіби сұраныстарын ескере отырып, объективті қажеттілік болып табылады.

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО филиал ұжымдарының қатысуымен 2029 жылға дейінгі ғылыми-зерттеу қызметінің Тақырыптық жоспары қабылданды. Ғылыми-зерттеу әрекетін іске асыруға арналған кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын Іс-шаралар жоспары филиалдың/өкілдіктің даму бағдарламасында белгіленді.

Филиалдардың ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттары кешенді және көпсалалы сипатқа ие болып,

өңірдегі білім беруді дамытудың өзекті мәселелерінің кең ауқымын қамтиды.

Өзекті тақырыптардың қатарында педагогтердің зерттеушілік дағдыларын модельдеу, оқу нәтижелері төмен мектептерді қолдау стратегиялары, педагогтердің кәсіби мәдениетін қалыптастыру, білім берудегі педагогикалық тәлімгерлік, шағын жинақты мектеп педагогтерінің кәсіби дамуын қолдау, білім берудегі көшбасшылық пен өзгерістерді басқару, «Адал азамат» бағдарламасы аясында оқыту мен тәрбиені кіріктіру, педагогтердің цифрлық және ЖИ құзыреттерін дамыту және т.б. мәселелер қамтылған.

Филиалдардың тақырыптық ғылыми-зерттеу мамандануы ғылым мен білім беру практикасының кірігуін қамтамасыз етеді.

Қолданбалы зерттеулердің нәтижелері білім беру бағдарламаларын әзірлеуде және педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетуде қолданылады.

Филиалдардың зерттеу бағыттылығы елдің ғылыми-педагогикалық қауымдастығы арасындағы конструктивті желілік өзара іс-қимылды дамытуға ықпал етеді.



A photograph of three business professionals in a meeting. A man in a dark suit and blue tie is pointing at a document on a table. A woman in a black blazer and blue tie is looking at the document. Another man in a dark suit is looking down at the document. The background is a blurred office setting.

# VII

**ПЕДАГОГТИҢ ЖАН-ЖАҚТЫ  
ДАМУЫ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТЫ**

## 7.1. Педагогтердің көшбасшылық институтын дамыту

«Өрлеу» БАҰО педагогтің жан-жақты дамуы мен әл-ауқатын Қазақстан педагогтерін үздіксіз кәсіби сүйемелдеу жүйесіндегі стратегиялық бағыттарының бірі ретінде белгіледі. Бұл негізінде ЭЫДҰ/«Оқыту компасының» тұжырымдамалық ережелері ұсынатын «мұғалім болу және сабақ беру нені білдіреді дегеннің тұтас және болашаққа бағытталған көзқарасын» ұсынады.

«Өрлеу» БАҰО 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясының міндеттерін іске асыру бойынша 2025 жылға арналған Іс-қимыл жоспарында шабыттандырушы және құзыретті педагогтің тұтас бейнесін қалыптастыруға бағытталған стратегиялық бағыттың міндеттерін жеделдетті.

Көшбасшылық қасиеттерге, инновациялық ойлауға, жоғары пәндік да-

ярлыққа, дамыған әлеуметтік-эмоционалды құзыреттілікке және тұрақты ментальды денсаулыққа ие педагогикалық қауымдастық білім беру жүйесінің табысты дамуына маңызды кәсіби үлес қосады.

«Өрлеу» БАҰО 2025 жылы «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында пилоттық негізде жүргізілген «Білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшылары қызметінің тиімділік рейтингі» жобасының ұлттық үйлестірушісі қызметін атқарды. Негіздемесі - ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 197 «Білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшылары қызметінің тиімділік рейтингін жүргізу әдістемесін бекіту туралы» бұйрығы.

Мақсаты - педагогтер мен білім беру ұйымдарының басшыларын



үздіксіз кәсіби өсуге, кәсібилікті жетілдіруге және еліміздегі білім берудің сапалық өзгерістеріне дайындыққа ын-таландыру.

Рейтинг жыл сайын «Ұстаз» педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасында ерікті негізде қалыптастырылатын болады.

Жобаны іске асыру және масштабтау нәтижесінде жоғары білікті педагогтер мен білім беру ұйымдары басшыларының республикалық базасы қалыптастырылады. Білім басқармалары үшін жоба өңірдің педагог кадрларының жұмыс нәтижелілігін бағалауда жүйелі негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау мүмкіндігін береді.

Педагогтердің көшбасшылығы мен инновациялық ойлауын қолдау мақсатында 2025 жылы білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша шаралар кешені іске асырылды: «Заманауи білім беру ұйымын тиімді басқару», «Білім берудегі инклюзивті инновациялар үшін трансформациялық көшбасшылық», «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасының құндылықтары басқару қызметінде», «JAS LEADER тәжірибесінде көшбасшылық пен soft skills дамыту».

Бағдарламалардың мазмұны жеке, коммуникативтік және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды, көшбасшылық және құндылыққа бағытталған құзыреттіліктерді дамытуға, білім беру ұйымын басқару мәселелеріндегі кәсіби білімдерді өзектендіруге бағытталған.

Бағдарламалар тәуелсіз сараптамалық бағалаудың барлық кезеңдерінен өтті және ҚР Оқу-ағарту министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізіміне енгізілді.

Білім беру бағдарламаларының стартапы 2026 жылға жоспарланған. Көшбасшылық дағдыларды оқыту педагогтерді білім берудегі өзгерістердің жетекшілері ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

Педагогтердің дамыған көшбасшылық құзыреттіліктері оқытудағы инновациялық тәсілдерді тиімді енгізуді қамтамасыз етеді, жоғары кәсіби нәтижелер мен білім жетістіктеріне қол жеткізуде әріптестер мен білім алушыларды тартуға және ынталандыруға ықпал етеді.

## 7.2. Педагогтердің әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту

Педагогтердің жеке кәсіби әлеуеті тәрбиеленушілер мен білім алушыларды жаңа білім жетістіктеріне шабыттандырады. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамытуды «Өрлеу» БАҰО жұмыс жүйесіне енгізу педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін және тұтастай

педагогикалық қызмет сапасын арттыруға бағытталған.

Дамыған әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар (ӘЭД) педагогке психологиялық әлеуетті сақтауға көмектеседі, кәсіби күйзеліс деңгейін төмендетеді, ұжымдағы кәсіби өзара әрекеттесудің



тиімділігін арттырады, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен конструктивті коммуникациялар мен өзара әрекеттесуді құруға ықпал етеді.

2025 жылы Қазақстан білім беру жүйесінің жағдайларына бейімделген Behavioral, Emotional, and Social Skills Inventory (BESSI) халықаралық құралы негізінде педагогтердің ЭЭД кәсіби диагностикасы құралдарының базасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілді. Бейімдеу Colby College (АҚШ) профессоры К.Сотомен бірлесіп педагогикалық қызметтің тілдік, мәдени және кәсіби ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылды.

Құралдың қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқалары әзірленді, олардың сараптамалық бағасы және педагогтердің қатысуымен пилоттық тестілеу жүргізілді. Практикалық қолдануға педагогтердің кәсіби қызметі

үшін маңызды ЭЭД-ның 29 негізгі аспектісін қамтитын 45 диагностикалық тұжырымды қамтитын құралдың қысқаша нұсқасы дайындалды.

Құралды апробациялау әртүрлі пәндік салаларды, оның ішінде бастауыш білім беруді ұсынатын Қазақстанның барлық өңірлерінің 1 458 педагогінің қатысуымен жүргізілді.

Психометриялық талдау нәтижелері құралдың жоғары сенімділігін көрсетті: толық шкаланың альфа-Кронбах коэффициенті 0,92 құрады, McDonald's  $\omega$  көрсеткіштері де шекті мәндерден асып түсті, бұл шкалалардың ішкі келісімін растайды.

Бейімделген құралдар негізінде ЭЭД педагогтер қызметінің нәтижелеріне әсерін мониторингілеудің аналитикалық негізі қалыптастырылды. Құралды пайдалану педагогтердің ЭЭД жеке және топтық профильдерін

анықтауға, олардың кәсіби әлеуетімен, қызметке тартылу деңгейімен және педагогикалық өзара әрекеттесу сапасымен байланысын талдауға мүмкіндік береді.

Қалыптастырылған ӘЭД бағалау нәтижелерінің базасы Қазақстан оқу-ағарту жүйесінің педагог кадрларының кәсібилігін арттыру мәселерінде басқарушылық шешімдер қа-

былдаудың объективті негізі ретінде аналитикалық маңызға ие.

«Келешек мектептері» және «943-Елдің нысаналы мектептері» жобаларын іске асыру аясында ӘЭД құралдарын пилоттау нәтижелері 2026 жылы педагогтерде ӘЭД дамыту бойынша біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде негізге алынады.

### **7.3. Педагогтердің ментальды денсаулығы мен әл-ауқатын жақсарту**

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері педагогтердің кәсіби әлеуетінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде жоғары пәндік даярлықтың, эмоционалдық құзыреттіліктің және ментальды денсаулықтың тұрақтылығын белгілейді.

«Өрлеу» БАҰО педагогтердің психологиялық әлеуеті мен қолдауын қамтамасыз ететін кешенді жүйе құру мақсатында өнімді педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін кәсіби күйзелістің алдын алу және ментальды қалпына келтіруге бағытталған бірқатар жобаларға бастамашылық етті.

Жыл басынан бастап, «Өрлеу» БАҰО филиалдары жанынан педагогтердің ментальды денсаулық кабинетін ашудың тұжырымдамалық ережелерін әзірлеу жүргізілді.

Жобаны апробациялау алаңы педагогтердің ментальды денсаулығын қолдау бағдарламасы жобасын әзірлеуші Ақтөбе облысы болды.

Түркістан облысын пилоттық алаң

ретінде таңдаудың да негіздемесі бар. Қазақстан бойынша педагогтердің ең көп саны осы өңірде (50%-дан астам). Өңірдегі білім алушылардың жоғары тығыздығы - педагогтерге үлкен жүктеме. Мұнда педагогтердің ментальды денсаулығын қолдау және эмоционалды күйзелістің алдын алу ерекше өзекті. Білім беру ортасы мен кадрлық әлеуеттің әртүрлі контекстіндегі қалалық және ауылдық мектептердің едәуір саны Қазақстанның басқа өңірлеріне жобаны масштабтау үшін бағдарламаны апробациялауға мүмкіндік береді. Педагогтердің ментальды денсаулық кабинеті өңірдің педагогикалық жұртшылығына Түркістан облысы бойынша филиалды ашу кезінде таныстырылды (2025ж. тамыз).

Ментальды денсаулық кабинеттерінің жұмысына педагогтермен жұмыс істеу үшін бірнеше іріктеу кезеңінен өткен бейінді психологиялық білімі және практикалық қызмет тәжірибесі бар білікті мамандар тартылды.



Педагогтердің ментальды денсаулығын қолдау бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарының 350-ден астам тыңдаушысы қамтылды.

Ментальды денсаулық кабинетінің әртүрлі жұмыс форматы қарастырылған. Бұл стресс-менеджмент бойынша топтық тренингтер, жеке кеңестер, өзін-өзі реттеудің, релаксация мен эмоционалдық жүктемені түсірудің тиімді техникаларын қолданатын кейс-семинарлар. Жеке кеңестерге педагогтер алдын ала жазылу форматында өз қалауы бойынша қабылданады.

Психоэмоционалдық жағдайды бағалау үшін тыңдаушылармен келісім бойынша DASS-21 сауалнамасын пайдалана отырып, диагностика жүргізілді. Педагогтерге жеке әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды реттеудің бірегей мүмкіндігі беріледі. Білім алушылар мен ата-аналар қауымдастығымен өзара әрекеттесуді жақсарту бойынша тренингтер қарастырылған.

Жоба аясында терапевт, психотерапевт және диетолог-нутрицио-

логтің практикалық ұсыныстары бар бейнероликтер дайындалды. Оларда сарапшылар ментальды және физикалық денсаулықты қолдаудың, энергияны сақтаудың және педагогтердің кәсіби ұзақ өмір сүруіне ықпал ететін тұрақты әдеттерді қалыптастырудың тиімді тәсілдерімен бөліседі.

Кабинеттер жұмысының мониторингі жүйелі негізде жүргізіледі. Сауалнама қорытындылары бойынша тренингтер мен кеңестерден өтуді қалаған біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының 97% кабинеттер жұмысының олардың эмоционалдық жағдайы мен кәсіби өзін-өзі жақсы сезінуіне оң әсері болғанын атап өтті.

Пилоттық жобаны «Өрлеу» БАҰО-ның басқа филиалдарында масштабтау жоспарлануда. Педагогтердің жеке өсуін қолдауға, кәсіби қызметке қанағаттану деңгейін арттыруға бағытталған коучингтік тәсілдерді қолдану арқылы педагогтерді ментальды сүйемелдеу форматтары кеңейтіледі.



ЎСТАЗДА

СЕМЕРҚА

ЎСТАЗДА  
ЎСТАЗДА  
ЎСТАЗДА



АР ҮЙІ

VIII

ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ  
ҚАУЫМДАСТЫҒЫН  
ДАМУ

## 8.1. «Білім келешегі: Адал азамат, кәсіби маман» педагогтердің Республикалық Тамыз конференциясы

Әртүрлі форматтағы кездесулер арқылы жүзеге асатын нәтижелі кәсіби өзара іс-әрекет Қазақстанның педагогикалық қауымдастығын шоғырландыруға мүмкіндік береді. Бірлескен сындарлы талқылаулар мен ұстанымдарды үйлестіру педагогтердің үздіксіз кәсіби даму жүйесін нәтижелі қалыптастыруға ықпалы зор.

2025 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» БАҰО Қазақстанның педагог кадрларының «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» атты Республикалық тамыз конференциясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі негізгі жауапты орындаушылардың бірі ретінде айқындады. Аталған ауқымды іс-шара «Өрлеу» БАҰО-ның бүкіл қызметі үшін кәсіби шоғырланудың негізгі алаңы әрі стратегиялық тұрғыдан маңызды платформа болып табылады. Бұл – пе-

дагогикалық қауымдастықпен диалог орнатудың, әдістемелік бағдарларды таныстырудың және практикалық шешімдерді келісудің тиімді құралы.

Тамыз конференциясының жұмысына 3 мыңнан астам педагог қатысты, іс-шара әлеуметтік желілерде тікелей эфирде көрсетілді. Конференция аясында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың қатысуымен пленарлық отырыс өтті. Жаңа оқу жылының алдында елдің педагогикалық қауымдастығы алдында Мемлекет басшысының сөз сөйлеуі тек білім беру саласы үшін ғана емес, маңызды оқиғаға айналды. Негізгі тезистер - педагогтерді үздіксіз дамыту және кәсібилігін арттыру, цифрлық және ЖИ-шешімдерді тиімді енгізу және т.б. білім берудің өзекті мәселелері.

Республикалық іс-шараның 25





тақырыптық секциясы аясында «Өрлеу» БҰАО «Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы: аттестация нәтижелері бойынша кері байланыс» диалогтік кәсіби алаңын ұйымдастырды (2025 жылғы 14 тамыз, № 99 мектеп, Астана қ.).

Сондай-ақ педагогтердің өңірлік Тамыз конференцияларының «Ұстаз» платформасында педагогтерде аттестациялау қорытындылары және келесі кезеңге ұсыныстар» жұмысына проактивті қатысу қабылданды. Елдің педагогикалық қауымдастығына «Ұстаз» ұлттық платформасында аттестациялау процестерін жүргізудің, педагогтердің кәсіби өсу портфолиосын әдістемелік сүйемелдеу және мониторингілеу тәжірибесінің өзекті мәселелері таныстырылды. Қатысушылардың жалпы саны 18 140 педагогті құрады.

Іс-шара аясында алғаш рет «Өрлеу» БАҰО өңірлік филиалдарының желілік Тамыз конференциясы ұйымдастырылды. 2025 жылдың негізгі тақырыбы «Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы: жаңа міндеттер және шешімдер» болды. Бағдарлама воркшоптарды, стратегиялық, академиялық және ғылыми-әдістемелік сессияларды, оқыту және оқу тәжірибесіне инновацияларды енгізудің үздік тәжірибелерінің шеберлік сыныптарын қамтыды.

«Педагогтердің Республикалық тамыз конференциясы мен өңірлік секциялық алаңдардың жұмысы «Өрлеу» БАҰО «Республикалық тамыз конференциясы «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» атты аналитикалық басылымында жарияланды.

## 8.2. «Педагогикалық идеялар панорамасы - 2025» Республикалық конкурсы



2025 жылы «Педагогикалық идеялар панорамасы» жыл сайынғы бейнесабақтар мен бейнедәрістер республикалық байқауының форматын трансформациялау жүзеге асырылды. Конкурс кәсіби шеберлік республикалық және халықаралық байқауларының тізіміне сәйкес өткізіледі/ ҚР БҒМ 7.12.2011ж. № 514 бұйрығы.



Конкурс жұмыстарының құрылымы мен мазмұнына өзгерістер енгізілді. Өңірлік кезеңде қатысушылардың білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған авторлық педагогикалық идеяны сабақтың/сабақтан тыс іс-шараның жоспары форматында сипаттап ұсынуына басымдық берілді. Республикалық кезеңде негізгі назар авторлық педагогикалық идеяның білім беру практикасында тәжірибелік тұрғыда қолданылуын және оның нәтижелілігін көрсетуге шоғырландырылды.



Жаңашылдық ретінде [ppi.orleuedu.kz](http://ppi.orleuedu.kz) цифрлық платформасын пайдалану енгізілді – қатысу шарттары мен байқау материалдарына қойылатын талаптарды орталықтандырылған түрде орналастыру, өтінімдерді электрондық форматта беру және материалдарды тіркеу, байқау жұмыстарының электрондық архивін қалыптастыру жүзеге асырылды. Цифрлық платформаны қолдану байқау рәсімдерінің басқарылуын арт-

тырып, қатысушыларды сүйемелдеудің бірыңғай стандартын қамтамасыз етті.

2025 жылғы байқаудың ерекше белгісі өңірлер арасындағы өзара бағалау жүйесін енгізу болды. Бұл механизм байқау іріктеу нәтижелеріне ашықтықты, объективтілікті және сенім деңгейін қамтамасыз етті.

2025 жылы байқаудың өңірлік кезеңі педагогикалық қауымдастықтың жоғары деңгейдегі белсенділігін көрсетті. Түскен өтінімдер саны үш еседен артық болды. Қатысушылар саны еліміздің өңірлерінен 16 мыңнан астам педагогті құрады.

Жұмыстар функционалдық сауаттылықтың 7 бағыты бойынша қабылданды: оқу сауаттылығы, математикалық, жаратылыстану-ғылыми,

цифрлық, қаржылық, экологиялық және мәдениетаралық сауаттылық.

Ең танымал бағыт оқу сауаттылығы болды – өтінімдердің жалпы санының 31,8 %-ы (5 303). Ең аз ұсынылған бағыт қаржылық сауаттылық болды – 3,6 % (599).

Өңірлер бөлінісінде байқауға қатысушылардың ең жоғары үлесі Жамбыл облысының педагогтеріне тиесілі – 9,6 % (1 599) және Қостанай облысында – 8,4 % (1 403), ал ең төмен көрсеткіш Ұлытау облысында – 1,0 % (174) және Павлодар облысында – 2,5 % (412) тіркелді. Бұл өңірлердегі педагогикалық қауымдастықтың өз кәсіби шеберлігін дамытуға тартылу деңгейін көрсетеді (20-сурет).



**20-сурет.** Өңірлер бөлінісінде берілген өтінімдер саны, 2025 ж.




Байқауды ұйымдастыру барысында академиялық адалдық қағидаттарын сақтау, рәсімдердің ашықтығы және қатысушылардың конкурстық іріктеудің барлық кезеңдеріне тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Конкурс бағыттары бойынша бағалау нәтижелерін салыстыру ұсынылған

байқау жұмыстарының сапасының біркелкі еместігін көрсетеді. Функционалдық сауаттылықтың қолданбалы аспектілеріне бағдарланған бағыттар бойынша нәтижелер анағұрлым жоғары болғаны байқалды, ал математикалық және жаратылыстану-ғылыми бағыттар бойынша педагогтер ең төмен балдарды көрсетті (21-сурет).

**21-сурет.** Байқау бағыттары бойынша орташа балдар, 2025 ж.



Республикалық кезеңге қатысуға 140 педагогтің жұмыстары жіберілді. Конкурстың республикалық кезеңінің жұмыстарын бағалауға Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА және «Талдау» білімді зерттеу және бағалаудың ұлттық орталығы» АҚ сарапшылары тартылды. Бағалауға сондай-ақ ЮНЕСКО-ның Қазақстандағы/Алматы қ. сарапшыла-

ры (экологиялық және мәдениетаралық сауаттылық), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (қаржылық сауаттылық) және British Council Kazakhstan (оқу сауаттылық) қатысты.

Республикалық кезеңнің қорытындысы бойынша 47 жеңімпаз анықталды. Жүлдегерлердің ең көп саны - Шығыс Қазақстан облысының

педагогтері (7 адам) ерекшеленді. Конкурстың әр бағыты бойынша «YouTube-те ең көп қаралым жинаған бейнематериал» номинациясы қарастырылған. Қаралымдардың максималды саны «Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық» бағыты бойынша жиналды (10 мыңнан астам қаралым).

2025 жылғы 20 желтоқсанда Астана қ. «Өрлеу» БАҰО серіктестерінің қатысуымен республикалық кезеңнің

жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

2026 жылы «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауының республикалық кезеңі жеңімпаздарының қатысуымен вебинарлар мен шеберлік сыныптары жоспарланған. Мақсаты - үздік педагогикалық тәжірибені масштабтау, авторлық идеяларды тарату, педагогтердің инновациялық тәжірибелерін қолдау.

### **8.3. «Orleu ThinkSpace» сараптамалық алаңы**

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО еліміздің педагогикалық қауымдастықты үздіксіз кәсіби дамыту мәселелері бойынша ашық диалогке кеңінен тарту мақсатында тұрақты сараптамалық алаң ұйымдастыруды алғаш рет бастама ретінде көтерді.

Алғашқы подкаст ЭЫДҰ-ның (OECD) – жетекші халықаралық талдамалық ұйымдардың бірі – сарапшысы Габор Фюлөптің қатысуымен өткізілді. Тақырыбы: Қазақстан педагогтерінің TALIS-2024 халықаралық зерттеуіне қатысу нәтижелері.

Пікірталасқа педагог кадрларды даярлайтын университеттердің өкілдері, білім беру ұйымдарының өкілдері және сараптамалық қауымдастық қатысты.

Іс-шараның негізгілері ЭЫДҰ 2025 жылғы 7 қазанда жариялаған TALIS деректерін интерпретациялау, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы саласын-

дағы халықаралық үрдістерді талдау мәселелері болды.

Аталған алаңның айрықша маңыздылығы TALIS-2024 халықаралық зерттеуінің нәтижелерін кең ауқымды ашық диалог форматында пысықтауға мүмкіндік берумен айқындалады.

Ұйымдастырылған подкасттың мақсатты аудиториясы – білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтері – қойған сұрақтар мен білдірген пікірлер халықаралық зерттеудің негізгі қорытындылары ұлттық үздіксіз кәсіби даму жүйесін және тұтастай алғанда Қазақстанның білім беру жүйесін жетілдіру үшін құнды екенін көрсетті.

Алғашқы подкасттың жазбасы «Өрлеу» БАҰО ресми YouTube-арнасында жарияланды (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – шамамен 2 000 қаралым).»





# ІХ

## ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ

Усы нұсқа нәтиже бөлен  
comgdererarkoon alefoy  
llmpuir a lgen torer oca  
nhe write bebomien.

«Өрлеу» БАҰО педагогтерге әдістемелік және сараптамалық қолдау көрсету, кәсіби қауымдастықты Орталықтың қызметі мен іске асырылып жатқан жобалары туралы ашық әрі уақтылы хабардар ету мақсатында әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі және кешенді ақпараттық жұмыс жүргізді.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, халықаралық және ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру, ғылыми конференциялар, өңірлік және республикалық байқаулар туралы ақпарат жедел әрі кең форматта тұрақты түрде жарияланып отырды.

Жүйелі түсіндіру жұмысы аясында педагогтерге «Ұстас» ұлттық платформасында аттестаттау мәселелері бойынша әдістемелік және техникалық қолдау көрсетілді. «Instagram» және «YouTube» платформаларында 50-ден астам тікелей эфир ұйымдастырылып, өткізілді.

Жүргізілген тұрақты коммуникациялық жұмыстың нәтижесінде «Instagram» желісіндегі ресми парақшаларда шамамен 81 мың жазылушы, «Facebook-та» – 17 мыңға жуық, «Telegram-да» – 10 мыңнан астам жазылушы тіркелді. «Instagram» платформасында ай сайын орта есеппен 1,5–3 миллион қаралым жинақталып, контенттің кең аудитория арасында тұрақты таралуын қамтамасыз етті.

Қосымша ақпараттың қолжетімділігін арттыру мақсатында кең аудиторияны қамтитын «TikTok» әлеуметтік желісінде (1,5 млн-нан астам қаралым) ресми аккаунт іске қосылды. «YouTube» арнаның аудиториясы 100 мың жазылушыдан асып, нәтижесінде

«Өрлеу» БАҰО Silver Play Button марапатына ие болды.

Филиалдар мен өкілдіктердің өңірлік парақшалары да ақпаратты ашық әрі проактивті түрде таратып келеді. «Facebook» желісіндегі жиынтық аудитория 83 мыңға, «Instagram-да» шамамен 160 мың жазылушыға жетті.

2025 жылы «Өрлеу» БАҰО қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланды. Іске асырылып жатқан білім беру бағдарламалары, ғылыми-зерттеу жобалары мен іс-шаралар нәтижелері бойынша 100-ден астам сұхбат берілді. Орталық сарапшылары республикалық телеарналардың тікелей эфирлеріне («Qazaqstan», «24KZ», «Хабар», «Жібек жолы», «31 арна», «Астана», «ҚТК») тұрақты түрде қатысып отырды.

Баспалық және электрондық басылымдарда, телеарналарда, радио мен интернет-порталдарда барлығы 750-ге жуық материал жарияланды. Оның ішінде 300-ден астамы республикалық, шамамен 450-і өңірлік БАҚ-та жарық көрді (tengrinews.kz, zakon.kz, inform.kz, informburo.kz, kursiv.kz, vlast.kz, sputnik.kz және т.б.).

«Өрлеу» бастамалары халықаралық білім беру медиакеністігінде де кеңінен таныстырылды. ЮНЕСКО-ның Білім берудегі ақпараттық технологиялар институтымен бірлесіп әзірленген «ЖИ-мен оқу процесі: мұғалімге арналған генеративті модельдер және промпт-инжиниринг өнері» онлайн курсының қорытындылары CLOUD (UNESCO ICHEI) халықаралық журналында жарияланды.

## How Kazakhstan localised the UNESCO IITE course and scaled training via National Center for Professional Development "Orleu"

IIOE champions co-creation and shared progress built on multilateral cooperation, advocating for close collaboration among universities, international organisations, and local institutions to translate global standards into locally meaningful resources. The collaboration between Kazakhstan's National Centre for Professional Development "Orleu" and UNESCO IITE is a vivid example of this model in the Russian-speaking region, and a story we are delighted to feature in this special issue of *CLOUD*.



About 4 thousand teachers were trained with the help of an educational project in Kazakhstan.

are considered as important as practical classroom use, and the teacher remains at the heart of innovation. Technologies are meant to enhance rather than replace professional judgement and empathy.

According to TALIS 2024, teachers in Kazakhstan are highly engaged in training related to digital tools, and many already encounter AI-related topics in their professional learning. At the same time, TALIS points to a growing interest amongst teachers in developing more practical skills for working in technology-rich learning environments. A needs-assessment questionnaire of more

**Оқу үдерісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері**

Мұғалімдерге арналған генеративті ЖИ пайдасын, құрылғы және адам қолдану арқылы.

218230 Студент | 8 сабақ | 6 сағат уақыт

**Курс туралы**

Педагогтарға арналған генеративті ЖИ туралы практикалық курс. Сұрақтарды тексеріңіз, сабақ жоспарлары мен тесттерді құрыңыз, пайдаланушылар, плагиат және дөңгелектерді қалай аулақ болуды қарастырыңыз. ЮНЕСКО ұсыныстары, фактілері тексеруді және ұсыныс, қолдануды көрсетіміз. ЖИ - жаңа сауаттылық, жауапкершілікпен игеріміз.

**Оқу бағдарламасы**

**1. Педагогтық ЖИ-құралдары** (8 сабақ, 60 мин)

- 1 сабақ, Күрделі дәріс (10 мин)
- 2 сабақ, Нейрондық желілерді оқу жоспарларын құруда қалай пайдалануға болады (10 мин)
- 3 сабақ, Нейрондық желілерді көмірмен тастар мен танымақтарды қалай құрастыруға болады (10 мин)

100.0% Аяқталды

Материалдарды жүзу

Оқу нәтижесі: 100.0%

Оқу күні: 03.09.2025

ORLEU MOOC | UNESCO

Сондай-ақ, Қазақстан педагогтерінің «TALIS-2024» халықаралық зерттеуіне қатысу нәтижелері және педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы ұлттық жүйесінің перспективалары бойынша аналитикалық мақала «Қазақстанская правда» газетінде жарық көрді.

«Өрлеу» БАҰО-ның әлеуметтік медиа кеңістіктегі көпқ салалылығы және жүйелі ұсынылуы педагогтің кәсіби мәдениетін нығайтуға, оның білім алушыларын жаңа жетістіктер мен өмірлік табыстарға жетелеуге қабілетті құзыретті тұлға ретінде үздіксіз дамуына ықпал етеді.

**Қосымша 1. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерінің саны / 2025 ж.**

№	Өңір	МД тірек ББҰ саны	Жалпы педагогтер саны	олардың ішінде			аумақтық белгі			оқыту тілі			пед.өтіл					біліктілік санаты			
				басшылар	әдіскерлер	тәрбиешілер	қала	ауыл	қаз. тілі	орыс тілі	3 ж. дейін	3-20 жыл	20 ж. астам	санатсыз	педагог	педагог-модератор	педагог-сарашы	педагог-зерттеуші			
1	Ақмола	6	24	5	19	16	8	24				8	8		14	6	4				
2	Ақтөбе	5	20	5	10	16	4	20				0	14	6	2	3	6	3			
3	Алматы обл.	9	29	6	16	9	20	29				5	20	4	1	7	12	7			
4	Жетісу	10	70	9	54	36	34	70				4	51	15	3	15	35	14			
5	Атырау	13	50	13	24	18	32	50				4	33	13	4	2	27	14			
6	Шығыс Қазақстан	10	40	10	20	24	16	20	20			0	31	9	3	4	18	9			
7	Абай	7	55	9	39	43	12	55				6	35	14	7	7	25	10			
8	Жамбыл	14	50	11	31	23	27	50				4	33	13		10	19	14			
9	Батыс Қазақстан	1	12	1	10	12		12				0	12	0	1		5	5			
10	Қарағанды	27	99	27	46	53	46	52	47			5	57	37	6	9	51	23			
11	Ұлытау	9	30	7	14	24	6	30				1	16	13		4	16	9			
12	Қостанай	10	40	9	21	36	4		40			2	20	18		7	13	16			
13	Қызылорда	6	24	6	12	20	4	24				0	13	11		2	8	11			
14	Маңғыстау	24	89	21	45	26	63	89				14	54	21	1	21	47	17			
15	Павлодар	7	26	7	12	26			26			1	18	7	3	4	12	3			
16	Солтүстік Қазақстан	3	12	3	6	4	8		12			0	8	4		1	4	5			
17	Түркістан	4	16	3	9	8	8	16				2	11	3		1	8	5			
18	Алматы қ.	9	60	12	34	60		60				4	35	21	7	13	24	12			
19	Астана қ.	17	24	6	12	24		24				2	12	10	1	2	12	6			
20	Шымкент қ.	6	30	9	12	30		30				0	17	13		2	5	14			
<b>Жалпы</b>		<b>197</b>	<b>800</b>	<b>175</b>	<b>446</b>	<b>508</b>	<b>292</b>	<b>655</b>	<b>145</b>	<b>62</b>	<b>498</b>	<b>240</b>	<b>39</b>	<b>120</b>	<b>361</b>	<b>204</b>	<b>76</b>				

**Қосымша 2. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен орта білім беру ұйымдарының педагогтерінің саны / 2025 ж.**

№	Өңірлер	Жалпы	аумақтық белгі		гендер		оқыту тілі			педагогикалық өтілі					біліктілік санаты					Тестілеу нәтижелері, макс. ұпайдың %	
			қала	ауыл	ер	әйел.	қазақ тілі	басқа тіл.	3 жыл. дейін	3-20 жыл	20+ жыл	педагог	модератор	сарапшы	зерттеуші	мастер	Бастапқы	Қорытынды			
	<b>Барлығы</b>	<b>69346</b>	<b>31396</b>	<b>37950</b>	<b>10131</b>	<b>59215</b>	<b>51868</b>	<b>17478</b>	<b>10571</b>	<b>40491</b>	<b>18284</b>	<b>19788</b>	<b>19822</b>	<b>16045</b>	<b>13119</b>	<b>572</b>	<b>55,6</b>	<b>83,0</b>			
1	Ақмола	3156	1258	1898	542	2614	1707	1449	615	1585	956	982	926	785	454	9	58,0	78,9			
2	Ақтөбе	3620	1967	1653	444	3176	3027	593	461	2084	1075	922	912	857	905	24	58,9	79,3			
3	Алматы обл.	5983	1125	4858	656	5327	5314	669	1315	3655	1013	2060	1992	1184	723	24	57,5	84,4			
4	Атырау	2350	1255	1095	211	2139	2050	300	370	1383	597	748	733	517	318	34	51,9	79,4			
5	Шығыс Қазақстан	2202	928	1274	318	1884	1326	876	384	1242	576	721	597	494	382	8	57,2	80,2			
6	Алматы қ.	3710	0	0	401	3309	2861	849	854	2056	800	1350	971	545	807	37	55,1	86,8			
7	Астана қ.	2686	0	0	273	2413	1663	1023	517	1338	831	865	749	548	478	46	62,0	83,0			
8	Шымкент қ.	3233	0	0	304	2929	2758	475	487	1940	806	764	861	717	857	34	55,8	88,0			
9	Жамбыл	5075	1952	3123	673	4402	4122	953	493	3190	1392	1233	1410	1272	1068	92	53,4	79,6			
10	Батыс Қазақстан	2905	972	1933	474	2431	2279	626	307	1714	884	785	858	772	472	18	57,6	81,9			
11	Қарағанды	3195	2108	1087	375	2820	1895	1300	461	1671	1063	960	945	759	525	6	52,4	78,3			
12	Қостанай	2606	855	1751	496	2110	842	1764	346	1537	723	740	890	590	371	15	58,3	82,0			
13	Қызылорда	4100	1379	2721	712	3388	3775	325	283	2586	1231	747	1157	1272	916	8	50,3	81,9			
14	Маңғыстау	2589	988	1601	282	2307	2144	445	473	1608	508	905	787	513	352	32	53,1	85,6			
15	Абай	2303	1309	994	270	2033	1679	624	324	1245	734	624	656	494	515	14	68,8	87,2			
16	Жетісу	2855	1193	1662	488	2367	2490	365	565	1722	568	888	930	626	401	10	61,8	81,5			
17	Ұлытау	730	600	130	61	669	622	108	101	371	258	196	236	194	103	1	52,4	77,6			
18	Павлодар	2505	1044	1461	418	2087	1280	1225	436	1377	692	777	674	486	553	15	51,7	82,5			
19	Солтүстік Қазақстан	2031	608	1423	453	1578	582	1449	387	1116	528	714	611	447	251	8	63,3	79,8			
20	Түркістан	11512	2226	9286	2280	9232	9452	2060	1392	7071	3049	2807	2927	2973	2668	137	50,9	87,2			

**Қосымша 3. Білім беру бағдарламасы және негізгі көрсеткіштер бойынша біліктілікті арттыру курстарын аяқтаған орта білім беру ұйымдарының педагогтерінің саны / 2025 ж.**

№	Білім беру бағдарламасының атауы	Педагог саны	Аумақтық белгі		Оқыту тілі			Тыңдаушылардың қанағаттануы (макс. 10 ұпай)	
			қала	ауыл	қазақ тілі	басқа тілдер	курс мазмұны	ұйымдаст. және өткізу	
<b>ЖАЛПЫ</b>									
<b>МЕНЕДЖМЕНТ</b>									
1	Білім берудегі менеджмент	3860	1564	2296	3306	554	17478	9,8	9,8
2	Тәрбие жұмысының менеджменті	1516	647	869	1269	247	13904	9,8	9,8
<b>ПӘНДІК КУРСТАР</b>									
3	«Музыка» пәнінің мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды интеграциялау	1211	541	670	992	219	9,8	9,8	9,8
4	Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру	2537	1003	1534	2187	350	9,8	9,8	9,8
5	Математиканы оқыту: қазіргі тенденциялар мен әдістемелер	2258	1026	1232	1888	370	9,9	9,8	9,8
6	функционалды математикалық сауаттылық: әдістер мен технологиялар	2412	918	1494	2090	322	9,9	9,9	9,9
7	«Информатика» оқу пәні бойынша жобалық іс-әрекет	1799	907	892	1521	278	9,7	9,7	9,7
8	Python бағдарламалау тілін оқытудың әдістемесі мен тәжірибесі	1661	747	914	1478	183	9,8	9,8	9,8
9	Пәнаралық интеграция негізінде физика пәнін тәжірибеге бағыттап оқыту	1759	810	949	1565	194	9,8	9,8	9,8
10	Химияны оқытудағы инновациялар мен заманауи технологиялар	1469	644	825	1268	201	9,8	9,8	9,8
11	Биология сабақтарында ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту	1904	861	1043	1662	242	9,6	9,6	9,6
12	Қоршаған ортаны қорғау аспектілерін география пәнінде оқытудың тиімді жолдары	1746	807	939	1457	289	9,8	9,8	9,8
13	Тарих және құқық негіздері: оқытудағы жаңа технологиялар	3120	1325	1795	2666	454	9,9	9,9	9,9
14	Әдебиеттік оқу сабақтарында оқу сауаттылығын қалыптастыру	2634	1080	1554	2330	304	9,8	9,8	9,8
15	Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және жобалық іс-әрекеті	3623	1600	2023	2780	843	9,9	9,8	9,8
16	Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру	3141	1625	1516	2509	632	9,9	9,9	9,9
17	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда және бастауыш білім беруде педагогтар арасындағы сабақтастық пен өзара іс-қимыл	1051	427	624	844	207	9,8	9,8	9,7
18	«Қазақ тілінде оқылатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»	3392	1395	1997	3392	0	9,8	9,8	9,8
19	«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»	1611	962	649	1611	0	9,9	9,8	9,8
20	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оқу сауаттылығы дағдыларын пәнаралық контексте дамыту	1535	808	727	1535	0	9,8	9,8	9,8
21	«Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы Я2»	2294	911	1383	0	2294	10,0	9,9	9,9
22	«Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы»	1019	563	456	0	1019	9,9	9,9	9,9

23	Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық технологиялар	2740	1383	1357	0	2740	9,8	9,8
24	Ағылшын тілін оқыту мен оқуда рецептивті және продуктивті дағдыларды дамыту	2240	1207	1033	0	2240	9,8	9,8
25	АӘТІ оқытудың тиімді стратегиялары	746	236	510	598	148	9,8	9,8
26	Бастауыш білім берудегі СІІІ әдістемесі	125	25	100	0	125	9,7	9,7
27	Өзбек тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту	225	57	168	0	225	9,8	9,8
28	«Ұйғыр тілі» және «Ұйғыр әдебиеті» пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту»	25	0	25	0	25	9,9	9,9
	<b>АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ</b>	<b>7259</b>	<b>3771</b>	<b>3488</b>	<b>5641</b>	<b>1618</b>	<b>9,8</b>	<b>9,8</b>
29	Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу бойынша педагог-ассистенттің кәсіби құзыреттілігін дамыту	605	369	236	509	96	9,8	9,7
30	Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	498	336	162	433	65	9,8	9,8
31	Арнайы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие және түзету процесін ұйымдастыру	662	522	140	514	148	9,9	9,9
32	Инклюзивті білім беруді іске асыратын педагогтердің базалық құзыреттерін қалыптастыру	5494	2544	2950	4185	1309	9,9	9,8
	<b>ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР</b>	<b>563</b>	<b>38</b>	<b>525</b>	<b>365</b>	<b>198</b>	<b>9,8</b>	<b>9,8</b>
33	Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану	423	35	388	275	148	9,8	9,8
34	Шағын жинақталған мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер	140	3	137	90	50	9,9	9,8
	<b>ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САВАТТЫЛЫҚ</b>	<b>2910</b>	<b>1105</b>	<b>1805</b>	<b>2700</b>	<b>210</b>	<b>9,8</b>	<b>9,8</b>
35	SMART-оқыту: оқу процесін ұйымдастырудың негізгі қағидағтары	1820	646	1174	1705	115	9,8	9,8
36	Робототехника және STEM-білім беру	1090	459	631	995	95	9,8	9,8
	<b>ПӘНАРАЛЫҚ КУРСТАР</b>	<b>6477</b>	<b>3050</b>	<b>3427</b>	<b>5483</b>	<b>994</b>	<b>9,8</b>	<b>9,8</b>
37	Интернаттық білім беру ұйымдарында дамытушы және қолдаушы орта құру	538	341	197	459	79	9,9	9,8
38	Балалардың жазғы сауықтыру лагерінің қызметін ұйымдастырудың әдістемелік негіздері	781	221	560	636	145	9,9	9,9
39	Әдістемелік қызметті трансформациялау	529	262	267	371	158	9,9	9,9
40	Жаһандық құзыреттер	2094	1012	1082	1860	234	9,8	9,8
41	Жас педагогтің кәсіби дамуындағы тәлімгерлік	730	373	357	630	100	9,7	9,7
42	Білім алушыны кәсіби бағдарлаудағы мектептің іс-әрекеті	805	387	418	717	88	9,9	9,9
43	Эмоционалдық интеллект – педагогтің кәсіби міндеттерін шешу құралы	1000	454	546	810	190	9,8	9,7

**Қосымша 4. Педагогтердің диагностикалық тестілеуінің нәтижелері, орындау пайызы, 2025 ж.**

№	Өңір	Орташа мән	Бастауыш сыныптар	Қазақ тілі	Орістілі	Ағылшын тілі	Тарих	Матем	Информ	Физика	Биология	География	Химия
1	Ақмола	80,7	81,3	75,4	79,7	82,3	78,8	82,1	84,2	79,1	80,0	79,7	83,2
2	Ақтөбе	80,9	81,1	76,0	76,9	84,1	80,4	82,2	84,1	80,4	81,5	79,9	85,8
3	Алматы обл.	81,8	82,0	77,8	82,1	82,8	82,2	83,2	83,9	81,3	79,3	80,4	85,5
4	Атырау	80,1	81,0	79,0	78,7	77,9	76,9	83,8	80,4	74,6	78,6	80,8	84,3
5	Шығыс Қазақстан	81,9	83,1	76,9	77,7	84,1	81,5	84,3	86,5	85,9	81,9	78,2	88,2
6	Алматы қ.	81,5	82,0	78,4	80,0	81,3	78,8	82,1	85,7	82,2	83,2	82,7	84,5
7	Астана қ.	81,6	82,3	76,4	81,4	82,9	79,2	85,2	85,3	81,1	80,3	79,8	86,5
8	Шымкент қ.	83,5	83,8	79,8	82,7	87,6	78,9	85,2	88,2	82,2	81,5	79,0	85,3
9	Жамбыл	81,5	83,4	75,0	76,4	82,5	81,6	87,5	85,4	80,9	79,8	78,4	81,8
10	Батыс Қазақстан	82,6	83,6	81,1	79,7	85,5	78,3	83,8	85,5	83,1	78,6	79,6	84,4
11	Қарағанды	82,3	81,6	80,9	76,7	84,6	80,6	86,9	88,3	79,3	84,5	81,6	84,9
12	Қостанай	83,0	84,4	79,6	82,7	83,2	81,7	82,7	86,9	86,1	80,0	79,7	83,2
13	Қызылорда	80,6	81,2	77,0	76,3	81,6	75,8	85,5	84,6	82,0	78,9	79,4	82,1
14	Маңғыстау	82,7	82,6	80,7	82,5	84,1	81,1	86,3	86,0	77,5	79,5	79,0	87,4
15	Абай	81,3	82,3	75,1	86,5	82,4	83,4	80,5	83,5	79,1	81,8	76,5	87,7
16	Жетісу	79,8	80,1	76,2	81,0	85,8	80,8	87,6	86,6	77,6	70,5	74,9	-
17	Ұлытау	77,4	71,5	80,5	77,7	83,2	-	-	-	-	-	79,9	-
18	Павлодар	82,8	84,1	84,0	81,7	80,9	81,1	80,7	83,2	-	82,4	-	88,2
19	Солтүстік Қазақстан	78,8	80,6	74,9	75,5	80,6	79,8	80,9	85,3	82,9	78,3	71,9	83,9
20	Түркістан	81,3	81,7	77,9	79,3	81,8	79,8	83,7	84,9	79,9	81,6	80,9	84,3
<b>Орташа мән</b>		<b>81,6</b>	<b>82,2</b>	<b>77,4</b>	<b>80,2</b>	<b>83,0</b>	<b>79,8</b>	<b>84,1</b>	<b>85,1</b>	<b>80,7</b>	<b>80,2</b>	<b>79,6</b>	<b>85,0</b>



